

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

---

Х Р Е С Т О М А Т И Я

---

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған оқу құралы

Өндөлген үшінші басылымы

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2013

УДК 373.167.1  
ББК 63.3(5Каз)я72  
Қ18

*Құрастыруышылар:*  
**К. Нұрпейіс, И. Қозыбаев, Қ. Жүкешев**

Қ18      **Қазақстан тарихы: Хрестоматия.** Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралы / Құраст.: К. Нұрпейіс, И. Қозыбаев, Қ. Жүкешев. — Өнд. З-бас. — Алматы: Мектеп, 2013. — 168 бет.

ISBN 978—601—293—900—2

Қ  $\frac{4306020600-103}{404(05)-13}$  21(4)—13

УДК 373.167.1  
ББК 63.3(5Каз)я72

ISBN 978—601—293—900—2

© Нұрпейіс К., Қозыбаев И.,  
Жүкешев Қ., (құраст.), 2005  
© “Мектеп” баспасы, көркем  
безендірлүі, 2013

Барлық құқықтары қоргалған  
Басылымның мүліктік құқық-

тары “Мектеп” баспасына тиесілі

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар, өздеріңе ұсынылып отырған 9-сыныпқа арналған “Қазақстан тарихы” пәнінің хрестоматиясына бағдарламалық білім мазмұнын толықтыратын, олардың тыңғылықты менгерліуіне септігін тигізетін (құжаттар) материалдар — тарихи деректер: мемлекет қайраткерлерінің баяндамалары, мақалалар, хабарламалар енгізілді. Хрестоматияның маңызды бөлігін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңдің материалдары құрайды. Бұлардың арасында Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ҚР Конституциялық заны, салалық зандардан үзінділер бар. Құжаттар білім мазмұнының оқулықтағы реттілігіне сәйкес орналастырылған.

Кітаптан бағдарлама бойынша жоспарланған тақырыптардың бөріне қатысты деректі табуға болады. Олар теориялық тұжырымдарды нақты айғақтармен толықтырып, білімді тыңғылықты игеруге ықпалын тигізбек.

Хрестоматияға енген құжаттар мен деректі материалдардың кейбіреулерін бірнеше сабакқа қатар пайдалануға болады. Оған Президент Н.Назарбаевтың іргелі енбектерінен үзінділер, тұжырымдамалық құжаттар жатады. Керісінше, 1920—1940 жылдардың шындығын айғақтайтын шағын құжаттардың бірнешеі бір ғана тақырыптың мазмұнын ашуға қолданылуы ықтимал. Мұндайда мұғалімнің көмегімен алда өтілетін тақырыпқа қатысты материалды алдын ала ірікте алу маңызды.

Бір ескеретін жайт, 9-сыныптың “Адам. Қоғам. Құқық” (Алматы: Мектеп, 2013) пәнінің хрестоматиясында да “Қазақстан тарихына” қатысты құжаттар — Қазақстан Республикасының Конституциясы мен салалық зандардан үзінділер берілген. Өтілетін тақырыптың мазмұнына қарай екі кітаптағы кейбір құжаттарды екі пәнде де қатар пайдалануға болады.

## I бөлім. РЕСЕЙ ОТАРЛЫҚ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

---

АСТРАХАН ГУБЕРНИЯСЫНЫң, СІБІР МЕН ОРТА  
АЗИЯНЫң БҮРАТАНА ХАЛҚЫН СОҒЫСЫП ЖАТҚАН  
АРМИЯ АУДАНЫНДА ҚОРҒАНЫС ҚҰРЫЛЫСТАРЫН  
САЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРҒА АЛУ ТУРАЛЫ  
ПАТША ЖАРЛЫГЫ

25 маусым, 1916 жыл.

*Империяның бұратана ер адамдарын соғысып жатқан армия ауданында қорғаныс құрылыштары мен өскери қатынас жолдарын салу жөніндегі жұмыстарға, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажетті өзге де кез келген жұмыстарға тарту туралы.*

Император патша ағзамның 1916 жылдың 25 маусымы күні жоғары мәртебемен мынадай өмір беруге рұқсат етуге рақымы түсті:

1) Соғысып жатқан армия ауданында қорғаныс құрылыштары мен өскери қатынас жолдарын салу жөніндегі жұмыстарға, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажетті өзге де кез келген жұмыстарға осы соғыс бойында империяның 19 жастан 43 жасты қоса алғанға дейінгі төменде аталатын бұратана ер адамдар тартылсын:

а) Астрахан губерниясының және Сібірдің барлық губерниялары мен облыстарының бұратана халқы, бұған қаңғырып жүрген бұратаналар және Приморье, Амур, Камчатка және Сахалин облыстарында; Якут облысының Орта Колыма, Верхоян және Виллюй округтерінде; Енисей губерниясы мен уезінің Турухан және Богучан бөлімшелерінде, сондай-ақ Тобыл губерниясының Березов және Сургут уездерінде мекендейтін жалпы барлық бұратаналар қосылмайды;

б) Сырдария, Ферғана, Самарқан, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай және Закаспий облыстарының бұратана халқы;

в) Тверь және Кубань облыстары мен Закавказьеңін мұсылман халқы (бұған өскери міндеткерлікті заттай өтеуге тиісті мұсылман-осетиндер, сондай-ақ бұл міндеткерлікке жатпайтын түріктер мен күрдтер қосылмайды), Закавказьеңі мекендейтін езидтер, Сухуми округінің христиан-ингилойлықтары мен христиан-абхаздары, сол сияқты Ставрополь губерниясының түрікмендері, ногайлары, қалмақтары және басқа да солар сияқты бұратаналары.

2) Жұмыстарға тартылуға тиісті бұратана халқының осының алдындағы (1) тармаққа сәйкес жасын анықтау, сол сияқты 1914 жылғы 3 тамызда жоғары мөртебелі бекіткен Өскери Кенестің ережелеріне сәйкес оларды осы жұмыстарға тартудың егжей-тегжейлі ережелерін белгілеу ішкі істер және соғыс министрлерінің қарауына табыс етілсін.

Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане.  
Сб.: документов. М., 1960. С. 25—26.

**ҚАЗАН ӨСКЕРИ ОКРУГІ ӨСКЕРЛЕРІ КОМАНДАШЫСЫНЫҢ  
БАС ШТАБ БАСТЫҒЫНА ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТ  
ЛАВРЕНТЬЕВТІҢ ЖАЗАЛАУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ АУЫР  
ЖАГДАЙЫ ТУРАЛЫ ЖЕДЕЛХАТЫ**

26 қазан, 1916 жыл.

*Ген. Лаврентьевтің мынадай хабарламасын жеткіземін:*

Балпан стансысындағы бірінші тірек мекенін алу үшін 19 қарашада Ырғыздан аттанған есаул Фроловтың отряды 22 қарашада таңертеп төрт мың адамға дейін жететін бүлікшілер тобымен қақтығысып қалған. Оның хабарлауына қарағанда, сегіз казак өлтірілген.

23 қарашада Қызылкөл стансысына есаул Грузиновтің колоннасы жақындаған барған. 24 қарашаға қараған түні бүлікшілер сымды қыш, есаул Фролов колоннасының Ақшығанақ стансысындағы екінші тірек мекенді алу үшін Ырғыздан аттанған Грузиновтің колоннасымен байланысын үзіп тастаған.

Стансыға тез арада сымсыз телеграф жіберуді қатты өтінемін, өйткені байланыс болмайынша басқару мүмкін

емес. Шалқармен байланыс кез келген минутта жойылуы мүмкін, өйткені Үргыз — Шалқар шебіндегі стансыны взводтар күзетіп тұр, олар бүлікшілердің шағын топтарына ғана қарсылық көрсете алады. Тобырларға қарсы күзет дәрменсіз. Жағдай ете қын, өйткені бұзақылар Үргызыды онтүстік жағынан қоршап, қыстауларды өртеуде.

Техникалық байланыс құралдарын жіберуге жәрдем көрсетуді және жылжымалы резерв түрінде тағайындау үшін үйимы, көш-керуені және тұрақты офицерлер құрамы бар жеке өскер болімін жіберуді сұраймын.

23 қарашада күндізгі сағат екі жарымда есаул Грузиновтің отряды Қызылкөл стансысына келіп, онда есаул Фроловтың отрядымен қосылды. Кешкі сағат 9.00-де есаул Грузиновке аппарат арқылы Қызылкөлдің аргы жағындағы қыстауларды басып алған бүлікшілер тобырына таң ата шабуыл жасауға бүйрек берілді. Нәтижесі белгісіз, өйткені түнгі сағат 2.00-де фонопор жұмыс істемей қалып, есаулдар Грузинов пен Фроловтың колонналарымен байланыс үзілді.

Бүлікшілер тобырларымен қақтығыс кезінде Фроловтың отряды 21 және 22 қарашада 43 снаряд атса, роталар 4300 патрон және жүздіктер 4000 патрон атқан; жаяу өскер мен казактар 500 қадам жерден оқ атқан. Қырғыздар өскери сап түзеп, лек-лек болып келіп лап қойып, шабуылға шығады, тыныққан кезде тоскауыл қойып, 25 шақырымға дейін шолғыншылар жібереді.

*Экспедициялық отряд өрекет етіп жатқан жалпы жағдай туралы ген. Лаврентьев былай деп хабарлайды:*

“Жердің орасан қашықтығы, тұрғын жайдың, жер карталарының, азық-түліктің, отынның болмауы, көлдер, шағыл-құмдар, қамыстар арасынан алып жүретін жолбасшылардың әрқашан қажет екенін дәлелдеп отыр. Торғай облысының көшпелі халқының жалпы саны 450000 адам болып отырғанда, бүлікшіл болыстарға шамамен жасалған есеп бойынша, Торғай және Үргыз уездерінде бүлікшілер саны 50 мың өскерге дейін жетеді. Олар өзірше болыстарда бытырап жүр, бірақ қазірдің өзінде-ақ, Торғай мен Үргыз, Қарабұтак қалаларына және теміржол бойына қарсы қимылданап, үлкен тобырға бірігүе үмтүлуда. Қырғыздардың батыл қимыллы жағдайында оларға соққы беру арқылы жылдам табысқа жетуге үміт арту мүмкін емес”.

Өлкені тыныштандыру үшін кемінде 1—2 жыл керек болатынына күмән жоқ. Осы себеппен ұзаққа созылған жүйелі науқанға дайындалу, бірден жеткілікті, дұрыс үйымдастырылған күш беру және барлық техникалық құралдармен кең көлемде жарактандыру керек. Жекелеген роталар мен жұздіктер өзінің көш-керуені, шаруашылығы, медициналық бөлімі бар үйымдастан полкті алмастыра алмайды. Орыс өкімет орындарының беделін сақтау үшін шағын құрама бөлімдерден, көп жағынан өлсіз қосынша күш жібергеннен гөрі, тіпті қажетінен де көбірек күштерді бірден жіберген жақсы.

Зор кеңістік жұтып қоятын біздің күштеріміздің өлсіз жағдайында бұлік өлкенің барлық халқын қамтуы мүмкін, мұның өзі тұтас бөлімдері бар үлкен күштер тағайындауды керек етеді.

Торғай облысындағы мұндай жағдай экспедициялық отряд алдына қойылған міндетті мейлінше қынадатыш жібереді: қозғалыс күн сайын өрістеп барады және Ташиент теміржолынан батысқа қарай жайылуда, ейткені 20 қарашада қырғыздардың тобыры Мұғалжар тауларында, сол аттас станциядан 60 шақырым жерде және Орал облысы Темір уезінің басқа да жерінде көзге түсті... Отрядтармен байланыс жасау ете қын, ейткені қырғыздар тобы сымды үнемі үзіп тастауда, соның салдарынан Торғайды алу үшін жіберілген подполковник Котоминнің отрядымен байланыс осы кезге дейін қалпына келтірілген жоқ және ол қаланың, оның тұрғындары мен гарнизонның, сондай-ақ подполковник Котомин отрядының өзінің де тағдыры осы кезге дейін белгісіз.

Бұлікшілер топтары зор батылдық көрсетіп, шабуылға шыққан роталар мен жұздіктердің оқ атқанына қарамастан, отрядка 500 қадам қашықтыққа дейін жақындейды.

Азық қорымен дұрыс қамтамасыз ету мақсатында құрылған экспедициялық отряд ете қын жағдайда қалып отыр: жергілікті қаражат мүлде жоқ, қырғыздар ұлан-байтақ кеңістіктегі пішen қорын, отынды өртеп жіберуде. Отын жоқта күркелерге орналастыру мүлде мүмкін емес. Егер отрядты азық-тұлік жеткізу және жауын-шашынға арнап қор жасау үшін жүк автомобилдерімен қазір жабдықтамаса, боранды күндері оның жағдайы барынша қындейдьы. Сондықтан, жоғары мөртебелі, Сізден оларды дереу жіберуді тағы да өтінемін.

Сымсыз телеграф стансысының болмауы себепті, отрядты басқару қын. Сондықтан отрядты кем дегенде үш радиотелеграф стансысымен жабдықтау сөзсіз қажетті және өте-мөте шұғыл шара болып табылады. Радиотелеграф стансысын барынша тез жіберуді өтінемін.

Торғай облысы қырғыздарының өрши түскен бүлігі мен онын Ташкент жолынан батысқа қарай жайылуы, қырғыздардың амандығына қатер төндіріп отырған бұл жолдың күзет құрамын ұлғайтуды қажет етеді, өйткені Ташкент жолының бір өзін ғана күзету үшін оның басқармасы жанындағы ерекше комитет 884 адам тағайындау қажет деп тапты. Сол себепті, Торғай облысына екі пулемет командасы бар үшінші казак полкінің бір өзін ғана жіберуді мүлде жеткіліксіз деп білемін. Менің 22 қарашадағы №639 жеделхатымды өзгертіп, үш пулемет командасы және бір атты өскер батареясы бар сондай үш полк жіберуді өтінемін.

#### Сандецкий

Восстание 1916 г. в Казахстане.  
Документы и материалы. Алма-Ата, 1947. С. 108—110.

\* \* \*

**Жанбосынов Әбдіғапар** (1870—1919) — Орта жүздегі қыпшақ руының белгілі би Нияздың немересі. 1916 жылғы қазанда оны көтеріліс жасаған халық ақ киізге көтеріл, Торғай қыпшақтарының ханы етіп жариялады. Ол реңми түрде хан атағынан бас тартып, әмір деп аталса да, хан өкіметі құрылымын қалпына келтірді. Әбдіғапар алдыңғы қатарлы көзқараста болған адам, ауыл мектебін, бастауыш орыс мектебін үйімдастырып, мешіт құрылышын басқарды. Әбдіғапардың ұсынысымен жаратылышынан қолбасшылық дарыны бар Амангелді сардарбек (қолбасшы) болып сайланды.

Әбдіғапар 1919 жылдың сонында беймөлім жағдайда қайтыс болды.

**Иманов Амангелді Удербайұлы** (1873—1919) — Кенесары Қасымовтың серігі, XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысына белсene қатысқан Иман батырдың немересі. Бұрын ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан, далада жок-

жітіктердің қорғаушысы, мерген аңшы ретінде белгілі болған, сауатты.

Көтерлісшілер қарулы құштерінің қолбасшысы — сардарбек болып бірауыздан сайланған. Көтерліс кезеңінде және кейін Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалған кезде ол өзінің аса көрнекті ұйымдастыруши, халық батыры — қолбасшы екенін танытты. 1919 жылғы 18 мамырда Қостанай көтерлісшілерінің негізгі құштері Торғай қаласына келерден бірнеше күн бұрын өлтірілген.

**Көкімбайұлы Кейкі (Нұрмаганбет) (1873—1919)** — Торғай даласында отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресті көрнекті ұйымдастырушылардың бірі, көтерлісшілердің ірі отрядын басқарды, мерген, батыр. Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерліске белсene қатысқан құлан қыпшақтар өuletінен. Жерлестері оның тұтқыылдан шабуыл жасауы мен өзіне тән ерлігі туралы аңыздар шығарған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, капиталға қызылгвардиялық шабуыл дейтіннің кезеңінде батыр Кенестер саясатына ашық наразылық білдірді. Кейкі батыр өз төңірегіне наразыларды жинап алуды мүмкін деп қауіптеніп, оның Кеңеске қарсы қимылдарын тыю мақсатымен арнаулы экспедицияны басқарған әскери комиссар Александр Токарев 1919 жылғы 29 сәуірде батырды өз колымен атып өлтірген.

**Мәмбетов Жәменеке (1838—1916)** — Жетісү облысындағы Қарқара көтерлісінің көрнекті ұйымдастырушыларының бірі. Жәменеке албан руының ықпалды би болған, Иванов болысына 27 жыл бойы болыс болып сайланған. Оның әділ үніне қазактар да, Ыстыққөл қырғыздары да құлақ асқан. 1916 жылғы 11 шілдеде Ереуілтөбе деген жерге жиналған 14 албан болысының жігіттері өліспей беріспеуге ант берген. Патшаның уездік өкімшілігі көтерліске шыққандардың басшылары арасынан Ж.Мәмбетов пен Ү.Саурықов бастаған 16 адамды қамауға алды. Бас имеген Жәменеке 1916 жылғы 11 тамызда Пржевальск қаласының түрмесінде у беріп өлтірілді. Қаракөл-Атада туыстары мен жақындарынан жасырын жерленген.

**Шекеев Бекболат (1848—1916)** — Жетісүдағы 1916 жылғы көтерлістің Ушқоныр ошағының басшысы (қазіргі Алматы облысының Қарасай ауданы).

Бекболат 1916 жылдан көп бұрын-ақ халық арасында әділдік жолындағы курескеге және отаршылдық езгінің қарсыласы ретінде мәлім болған.

Ауыр сын туған кезде Бекболат көтерілісшілерге бас болыш, көтерілісшілер армиясын құрды, тау арасында қару-жарақ шеберханаларын үйымдастырды. Жігіттер соғыс өнеріне машиқтанды. Қыргыздардың көтерілісшілер қозғалысымен байланыс орнатылды. Бұлікшілер жазалаушыларға табандылықпен қарулы қарсылық көрсетті, бірақ күш тең емес еді. Бейбіт халықты ойрандалудан, ал көтеріліс жасаушыларды жазалаудан құтқару мақсатымен Бекболат өкімет орындарына өз еркімен берілді. Жазалаушылар көтерілісші халықтың аты анызға айналған жетекшісін Боралдайда дарға асты.

#### Т. РЫСҚҰЛОВТЫҢ “ШЫҒЫСТЫ АЗАТ ЕТУ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХЫНАН” ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНАН

*(Қыргыздардың 1916 жылғы патша өкіметіне қарсы қүресі)*

1916 жылы соғыс қимылдары майдандарында дүниежүзілік империалистер бір-біріне айдал салған миллиондаған жұмысшылар мен шаруаларды қырып-жою барынша қызып, ал патша өкіметі оған “зенбірек жемі” ретінде бұқараны үсті-үстіне төгіп жатқан кезде, міне, сол кезде Түркістанда нақ сол патша өкіметі бүлік шығарған байырғы халық бұқарасын жазалап, тағы бір қыргын жасады.

1916 жылы патша үкіметінің соғыс қимылдары майданындағы тыл жұмыстарын атқару үшін бұрынғы Ресей империясының бұратана халқынан шыққан жұмысшыларды жинау туралы бұйрық шығарғаны мәлім. Шын мөніне келгенде, негізінен, арандатушылық болған осы шара арқылы патша өкіметі тылдағы жұмыстар үшін тегін және неғұрлым қауіпсіз жұмыс материалдарын пайдалануды көздеді, ал сонымен бірге өскерге жаңа шақыру жариялад, қосымша күш жіберуді кешіктірмей, нақ сол тыл жұмыстарында істеп жүрген орыс жұмысшылары мен шаруаларын тікелей соғыс қимылдарына жібермекші еді.

Осы бұйрыққа сәйкес Түркістаннан бұратана саналған 200 000-ға жуық жұмысшы алу керек болды. Асығыс

жарияланып, зорлықпен жүзеге асырыла бастаған бұл бүйірек 1916 жылдың шілде айында Түркістанның байыргы халқының көтерілісін туғызып, ол 1917 жылдың басына қарай аяқталады. Байыргы халықтың патша өкіметіне қарсы көтерілісі Ташкентті (көне қала), Самарқан, Фергана, Түркмен (Закаспий) облыстарының бірқатар уездерін және Жетісу облысының көп бөлігін қамтыды.

Патшалық отаршылдық езгіге және өздерінің жергілікті билеушілер тобына стихиялы турде болса да тұнғыш рет қарсы шығуға батылы барған жүздеген, мындаған езілген халық бұқарасының бұл көтеріліс аяусыз басып-жаншылды. Көтеріліс басталған кезден Ақпан революциясына дейін жалпыға мәлім, сол кездегі Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің тікелей басшылығымен полковник Иванов (кейін Колчак үкіметінің мүшесі), генералдар Мадридov, Фольбаум және басқалар бастаған жазалау отрядтары ойна келгенін істеп, ойран салды.

Патша өкіметінің жазалау шаралары салдарынан Жетісу облысында, патша өкімшілігінің өз есептеулери бойынша, халық санының кемуі 1917 жылдың басына қарай (Батыс Қытайға ауып кеткендерді қосқанда) 30 пайыз, ал көтеріліс болған аудандардағы қырғыз шаруашылықтарының кемуі, көшпендерден тәркілеуге ұсынылған жер алқабын айтпағанда, барлық шаруашылықтардың 75%-ы болған. Фергана облысы мен Түркменстанда көтеріліс жасаған түркмен-жәуміттер мен өзбектер де аяусыз жазаланды.

Жазалау қымылдары кезінде жойылып және өртеліп жіберілген тұтас ауылдарды, қыстақтарды және өлтірілгендер санын айтпағанда, 1916 жылға қарай тек соттың өзі өлім жазасына кескендер саны — 347 адам, каторгалық жұмысқа жіберілгендер — 168, тузейтін тұтқын бөлімшелеріне жіберілгендер — 228 адам және түрмеге қамалғандар — 129 адам болды. Оның үстіне, бұлікшілердің мулкі мен жері тәркіленді.

Қырғыздардың нақ осындағы көтерілісі қазіргі Қырғыз Республикасы шегінде де, ен алдымен, Торғай губерниясында, сондай-ақ ішінәра Семей губерниясы мен басқа да кейбір аудандарда болып, бірақ көтерілішілер Қенес өкіметі орнатылғанға дейін берілмей шыдап, содан соң оның жағына шыққан Торғай облысын айтпағанда, олар

өздерінің сипаты мен зардалтары жағынан Түркістандағы ауқым алған жоқ.

Жергілікті жұмысшыларды тыл жұмыстарына алу 1916 жылғы Түркістандағы жергілікті халық көтерілісіне сылтауға болды, бірақ оның негізгі себебі болған жоқ. Түркістанның жергілікті халқын патшалық отаршылдық өктемдікке қарсы көтеріліске итермелеген ең басты себептердің әлдеқайда елеулі негіздері бар еді. Бұл негіздер патша өкіметі билеп-төстеуінің 50 жылы ішінде Түркістанды тоқтаусыз отаршылдық қанауға салуы салдарынан орын алған терең экономикалық және саяси қайшылықтарда жатқан еді, сейтіп әбден шыдамы таусылған жергілікті халықтың өкімшіліктің жан төзгісіз езгісіне жаппай қарсы шығудан басқа амалы қалмады.

Оралдың арғы жағына деген басқыншылық саясатында патша өкімшілігі Түркістанға, ең алдымен, әскери-стратегиялық база деп қарады. Оған аяғын нық басып орныққаннан кейін Шығыста Англиямен бәсекелесіп, сонау Ұлы Петр заманынан бергі орыс патшаларының аса бай Үндістанды “иелену” туралы ансаған армандарын орындауға болады деп санады. Екінші жағынан, Түркістанның өзі де қанау үшін жеткілікті дөрежеде кенбайтақ объект, өнім өткізу рыногы және дамып келе жатқан Ресей капитализмі жағдайында шикізат көзі, сондай-ақ жерін отарлайтын кеністік еді. Осы мағынасында алғанда, патша өкіметі еki мақсатқа жетуге: бір жағынан, отандық капитализм үшін оңай баю жолын ашуға және екінші жағынан, шаруалар толкулары орын алған аудандардан қоныстанушыларды көшіру арқылы барған сайын шиеленісе түсken аграрлық тәртіп ауқымын азайтуға үмтүлды.

Түркістанды билеп-төстеген жарты ғасыр ішінде патша өкіметі осы белгіленген міндеттердің бәрін орындағы деуге болады. Сейтіп, ол өз жағдайын бұрынғыдан да нығайта түсіп, енді Түркістанның шегінен әрі қарай женіспен қадам басуға үмтүлды. Бұл көтеріліс нақ осы мақсат үшін Түркістанның шығыс елдерімен жapsарлас жатқан шекара өнірін қорғауды сылтау етіп, сол негізде бұрынғысынан да көп жер алқабын басып алу үшін керек болған еді. Жергілікті халықтың көтерілісін басып жаныштау үшін Түркістанға соғыс кимылдары майданынан едөуір көп мөлшерде әскер бөлімдерінің ауыс-

тырылудын, сондай-ақ Мадридовтың бастауымен тағы да көп өскери күшті Персияның Астрabad провинциясындагы түрікмен жәуміттерді бейнебір жуасыту үшін жіберуді, тегінде, ең алдымен, нақ осы басқыншылық міндеттермен тусіндіруге болар.

Новый Восток.  
1924. №6. С. 270—274.

### Ш. ЖАНТІЛЕУОВТІҢ “1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛСТІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН КЕЗЕҢДЕРІ” ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНАН

...1916 жылғы көтерілістің ерекшелігі, ең алдымен, мынада: ол Каспий теңізінің жағалауынан бастап, Монголияға дейінгі бүкіл даланы — қазіргі бүкіл Қазақстанды қамтыды, осынысымен ол құлдыққа түсірушілерге қарсы жалпы ұлттық қозғалыс ретінде зор тарихи маңыз алады.

1916 жылғы көтерілісте мынадай З мәселені ажыратада білу қажет:

а) Көтерілістің себептері: 1916 жылы арасына уақыт салып, талай рет болған толқулардың аса маңызды себептерінің бірі — патша өкіметінің отаршылдық саясаты деп санау керек, ал оның саясатына қоса, қазақ халқының жері жаптай тартып алынды да, соның себебінен қазақ халқы біртінде экономикалық кіріптарлықта түсірілді. Помещиктер мен фабриканнтар қысымға алған патша үкіметі қазақ халқының адамдары мен жеріне өзінің қол сұқлауы туралы XVIII ғасырда императрица Елизавета Петровнаның Әбілқайыр ханға берген грамотасында айтылған занын да естен шығарды. Оның бер жағында ұлы мәртебелі мен оның жандайшаптары қорғайтын төртіптің бұзылуы “қастерлі нөрсенің” бұзылуы деп саналады.

Негізгі себеп патша өкіметінің отаршылдық саясаты болғандықтан, оның тарихы мен сипатына қысқаша тоқтала кету артық болмайды.

Қазақстанның қазіргі алыш жатқан аумағы патша өкіметінің отарлау саясатының үш дәуірін бастаң кешірді: біріншісі — XVI ғасырдың соңындағы еркін отарлау, екіншісі — XVIII ғасырдың бас кезіндегі өскери-әкімшілік отарлау және үшіншісі — қоныстандырып

отарлау, ол өткен ғасырдың сонында басталып, 1917 жылға дейін жалғастырылды.

Бірінші отарлауды патша өкіметінің қудалауынан, помециктердің және басқалардың езгісінен қашқан еркін адамдар жургізді. Соナン соң әскери-әкімшілік отарлау басталды. Патшаның алғашқы әскерлері Семей губерниясына Ұлы Петр кезінде Ертіс өзенімен келіп, қазіргі Қара Ертіске дейін жетті, Жетісу және Сырдария губерниялары XIX ғасырдың 60-жылдарында біржола басып алынды.

Патша әскерлері Жайық, Тобыл, Есіл өзендерін бойлай жылжыды. Бұл отарлаудың мақсаты — сауда-өнеркәсіп капиталының мүдделері үшін бай шикізат көздері және помециктердің мүдделері үшін кең-байтақ құнарлы жері бар Орта Азияны иеленіп алу еді.

Өзен жағаларына біржола орнығыш алғаннан кейін үкімет XIX ғасырдың басынан далага теренденеп ене бастады, қазақ халқын қоршап алды. “Қырғыздардың” болуы ықтимал бүліктегі мен толқуларын басып отыру мақсатында әскери бекіністер (Ақмола, Атбасар, Қарқаралы, Қекпекті, Баянауыл, Ақтөбе, Торғай, Перовск, Шымкент және басқаларын) құрды. Бұл қалалардың орналасуы өз мақсатына сай келгені сонша, қазақ халқы “тыныштандырушылардың” іс жүзінде қоршауында қалды. Осы өзен аңғарлары мен стратегиялық пункттердің бәрін қоныстандыру, сөз жоқ, қазақ халқына қымбатқа түсті. Бір ғана Солтүстік Қазакстанда орыс казактарына 11 227 000 десятина, қалаларға 219 000 десятина қолайлы жер бөлініп берілді, ал қазақтар дүлей күштің ықтиярына тасталып, сусыз алыс шөл далага ығыстырылды.

Осылайша өзіне сенімді тірек жасаған үкімет өткен ғасырдың сонында жерді қоныстандырып отарлау арқылы басып алудың үшінші түрін бастады, бұл отарлауда қазақтардың солтүстік жақтағы қолайлы жерінің бәрі дерлік тартып алынды...

Осындай алғасарлық отарлау жұмысының салдарынан 1916 жылға қарай Жетісу губерниясында 600 поселке құрылды, олар орнықкан өндөлеттін жер қолемі 1 200 000 десятина, ал жердің барлық түрін қосқанда, олар 4 193 520 десятина жерді қаратып алды. Сол кезге қарай Сырдария губерниясында 260 поселке болып, олар

607 000 десятина жер иеленді. Түркістанда әрбір адамға орыс поселкелерінде 3,17 десятина, ал байыргы халықтың әрбір адамына 0,21 десятинадан өндөлеттін жер келді.

1916 жылға қарай Солтүстік Қазақстанда қоныстанушылар поселкелері үшін 17 456 964 десятина, ал казактар үшін 11 227 000 десятина жер тартып алынды...

Красный Казахстан.  
1926. №4. С. 92—103.

\* \* \*

**Бекейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы** (1870—1937) — қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, ұлт-азаттық қозғалыстың теоретигі және қолбасшысы, қазақтың Алаш саяси партиясын үйімдастырушы және Алашорда үкіметінің Төрағасы.

Қазіргі Қарағанды облысының Ақтогай ауданында туған. Шыңғыс үрпағы. 1894 жылы Санкт-Петербург орман институтын орман шаруашылығының экономисі мамандығы бойынша бітірген. Оқып жүрген кезінде саяси үйрмелерге және студенттердің толқуларына қатысқан. 1896—1901 жылдарда Ф.А.Шербинаның басшылығымен қазақ халқының жерін, табиғатын, мәдениетін, тұрмысы мен шаруашылығын зерттеу жөніндегі экспедицияның құрамында жұмыс істеді. 1905 жылдың қазақ конституциялық-демократиялық партиясын үйімдастырады. Мемлекеттік I думаның депутаты, Мемлекеттік IV думаның мұсылман фракциясы бюросының мүшесі. “Қазақ” газетінің редакторы, онда 250-ден астам мақалалары мен хабарлары жарияланған. 1915 жылдың кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, Ресей масондық үйіміне кірді. Ақтан революциясынан кейін Ұақытша үкіметтің Туркістан комитеті құрамына енді, Торғай облыстық комиссары болып тағайындалды. 1917 жылдың кадет партиясының бағдарламалық қаридарымен келіспейтіндігін білдіріп, өзінің партиядан шығатындығын жариялады.

1919 жылды БОАК бұрынғы алашордашыларға рақымшылық жасағаннан кейін баспа жұмысымен айналысты, содан соң Мәскеуге жер аударылып, онда Отанынан оқшауландырылып, үнемі құпия бақылауда болды. 1922,

1926 және 1937 жылдарда жазалау шараларына үшіншілдік.

**Досмұхамедов Жанша (Жананша) (1886—1937)** — заңгер, алаш қозғалысы көшбасшыларының бірі. 1917 жылғы ақпанға дейін Томск сот округі прокурорының орынбасары. Орал облыстық I қазақ съезінің төрағасы, Құрылтай жиналышының мүшесі болып сайланды. Алашорданың шешімімен 1918 жылдың сөуірінде X.Досмұхамедовпен бірге Халық Комиссарлары Кеңесінің және Үлт істері халық комиссариатының басшыларымен (В.И.Ленин және И.В.Сталинмен) ұлттық автономия жариялау туралы келіссөз жүргізді. 1918—1919 жылдары Алашорданың Батыс бөлімшесі — Ойыл уалаяты үкіметінің басшысы. 1920 жылдан Қазақстаннан тыс жерде шаруашылық жұмысында болды, 1930 жылы қуғынға үшіншілдік, Воронежге жер аударылды.

**Досмұхамедов Халел (1883—1939)** — қоғам қайраткері, энциклопедияшы-ғалым, алаш қозғалысы көшбасшыларының бірі. 1909 жылы Санкт-Петербург өскери-медицина академиясын алтын медальмен бітірген. Дәрігерлік қызыметпен айналысты, 1918 жылдан Қазақстанда Ойыл уалаяты басшыларының бірі.

1920 жылдан Туркістан мен Қазақстанда оқытушылық, ғылыми жұмыстар атқарды, соның ішінде, Қазақ педагогика институтының проректоры болды. 1924 жылы Ресей Ғылым академиясы жанындағы Өлкетану Бюро-сының корреспондент-мүшесі болып сайланды, 1929 жылдан — профессор. Бірнеше шет тілін білген Халел Досмұхамедов сан салалы ғылыми мұра қалдырды. Ол табиғаттану, анатомия, зоология, фольклортану, этнография, ғылыми терминология жасау жөніндегі оқулықтар мен еңбектердің авторы. 1930 жылы Воронежге жер аударылып, онда Денсаулық сактау және гигиена институтында жұмыс істеді. 1935 жылы отанына қайтуға рұқсат алды, бірақ айдалған жерінде қалды. 1937 жылы қамауға алынып, кейіннен атылды. Атырау мемлекеттік университетіне X.Досмұхамедовтің есімі берілген.

**Дулатұлы Міржақып (1885—1935)** — ақын, жазушы, драмашы, көсемсөзші, педагог, қоғам қайраткері. Орыс-қазақ училищесін, педагогикалық курстарды бітіріп, ауыл мұғалімі болып істеді, өздігінен білім алумен айналысты. 1904 жылы Омбыда революциялық үйрмелерге, 1905—

1907 жылдары Қаркаралыдағы шерулерге, Оралда қазақ конституциялық-демократиялық партиясы съезінің жұмысына қатысты.

1909 жылды жарияланған “Оян, қазақ!” жинағының, “Бақытсыз Жамал” романының, әдебиет, мәдениет, тарих және этнография, тіл білімі, математика жөніндегі 2 мыңдан астам мақалалар мен еңбектердің авторы. 1913—1918 жылдары — “Қазақ” газеті редакторларының бірі, 1917—1919 жылдары — Алашорда үкіметтің басшылығында. 1920 жылдан бастап оқытушылық және баспа жұмысында болды, Семей сотының қызметкері, Та什кенттегі “Ақ жол” газетінің редакторы.

М.Дулатұлы қазақ шығармашыл зиялыштарының тұтас бір үрпағына зор ықпал жасады. 1929 жылы құтынға ұшырады. 1930 жылды ату жазасына кесіліп, ол кейіннен 10 жыл қамаумен ауыстырылды, Соловкидегі лагерьде қайтыс болды.

**Тынышбаев Мұхамеджан** (1879—1937) — қазақтың тұнғыш инженері, қоғам қайраткері, өлкетанушы фалым. Верный ерлер гимназиясын, Санкт-Петербург теміржол көлігі институтын бітірген. 1905 жылды автономияшылдар съезінде “Қазақтар және қоғамдық қозғалыс” деген баяндама жасады. Мемлекеттік II думаның депутаты. 1917 жылды Уақытша үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалды. Қоқан автономиясының Премьер-министрі, 1917 жылды Алашорда үкіметтіне сайланды.

1920 жылдары халық шаруашылығында жұмыс істейді, Түркісіб жобалаушыларының бірі. 1932 жылды қамауға алғыншы, 1937 жылға дейін қамауда және айдауда болды.

**Мұстафа Шоқай** (1890—1941) — мұсылман халықтарының саяси өрлеуінде елеулі рөл атқарды. Ресейдің қарамағындағы Түркістан автономиясын жақтады.

Ақмешітте (қазіргі Қызылорда) ақсүйек отбасында туған. Нагашылары жағынан Хиуаның хан әuletімен қатынасы болған. Мектепте мұсылманша білім алғып, Та什кент гимназиясын, Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген. Орыс, ағылшын, француз, поляк және түрік тілдерін еркін менгерген. Ақпан революциясына дейін Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясында Түркістан істері бойынша хатшы болды.

1917 жылғы 22 қарашада Қоқан хандығының бұрынғы астанасы Қоқанда мұсылман ұйымдары Бұкілтүркістандық конгресін өткізіп, Түркістан автономиясын жариялады. Шоқай үкімет мүшесі болып сайланып, көп кешікпей орнынан кеткен Премьер-министр Тынышбаевты алмастырады. Мұстафа Шоқай Алашорда үкіметінің құрамына да енді, бірақ Қоқан автономиясы талқандалғаннан кейін Грузияға қашып барып, содан соң Туркияға, сосын Германия мен Францияға өтіп кетті де, онда мұсылман әміргаяссының көшбасшысы болды.

Әміргаясса жүріп Кеңестерге қарсы идеялық күресін жалғастырды, “Жаңа Түркістан” және “Жас Түркістан” журналдарын шығарды, сталиншілдікті және кеңестік жүйені сынаған бірқатар енбектер жазды. 1928 жылы француз, ал 1935 жылы орыс тілдерінде “Түркістан Кеңестер билігінде” (Пролетариат диктатурасының сипаттамасы жөнінде) деген кітап жариялады. 1940 жылы Францияны басып алған фашисттер Мұстафа Шоқайды тұтқындал, Компъен лагеріне қамады. Босатылғаннан кейін ол Берлинге жөнелтіліп, онда “Ұлкен Түркістан легионын” басқаруға ұсыныс алды. 1941 жылғы желтоқсанда Берлинде беймөлім жағдайда қайтыс болды.

### САЯСИ ЭЛИТА ЕКІГЕ ЖАРЫЛДЫ

“Маусым жарлығынан” кейін абыр-сабырға түскен халыққа жол көрсетуге тиіс қазақ саяси элитасы екіге жарылды. Жарлықтан кейін не істерін білмей абыржыған қазақ жұртын сабырға шақырып, ақылмен іс қылуға үндеген “Қазақ” газеті болды.

“Отанның барлық ұлттарының терезесі тең болса, соған қарай біркелкі борышты болуы тиіс” деген желеумен өзге ұлттар секілді қазақ баласын да әскерге альп, өнер үйретуді бейбіт күндерде-ақ сұраған Алаш азаматтары сол кездегі саяси жағдайға ымыралы тұрғы үстанды. Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов 1916 жылы тамызынан 11-інде жарық көрген “Алаштың азаматы” атты үндеуінде: “Біздің жұртқа айтарымыз — бұған көнбеске болмайды. Мұны бұрын да сан рет айтқанбыз. “Көнбейміз” деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық; көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбекенде қандай ауырлық бар? Көнгенде — шаруаға кемшілік те

келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де үшырар, бірақ елдін іргесі бұзылмас. (Қазаға үшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбекенде көретін ауырлық - бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қол үшін бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер?" — дейді.

Алаш қайраткерлерінің "Июнь жарлығына" байланысты осындай ұстанымдары советтік саяси құғын-сүргін кезінде оларға "патша өкіметтің қолдады, халыққа қарсы шықты" деп айып тағуға тағы бір ілік болды.

Ал Тоқаш Бокин, Жаңабай Ниязбеков, Өубәкір Жұнісов, Тұрар Рысқұлов, Сейітқали Мендешев, Бәймен Алманов, Әліби Жангелдин, т.б. радикалды қоңіл-күйдегі оқығандар мен белсенділер халықты ашық қарулы қарсылыққа шақырды. Қара жұмысқа алынатындардың тізімін жасаудағы билік орындарының бармақ басты, көз қысты әрекеттері, жаппай пара беру мен пара алушылық жығылғанға жүдьрық болып тиді. Бай пара беріп, баласының жасын не кішірейтіп, не үлкейтіп көрсетті, кедей де соңғы тоқтысын сатып, байдан көргенін істеді. Екі ортада тізім жасаған болыстар, үнсіз бақылап, мұртын майлап отырган орыс шенеуніктері қорасын малға, қалтасын ақшага толтырды.

Жарлықтан соң бір ай өтпесте көтеріліс оты тұтанды. "Қазақ" газеті болжағандай "сырттан өскер кіріп, ел үркіншілікке үшінрады". Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі елге тұтас жайылып, Батыс Қазақстандағы көтеріліс, Сырдария көтерілісі, Қарқара көтерілісі, Семей көтерілісі, Ақмола көтерілісі, Жетісу көтерілісі, Торғай көтерілісі деген атаулармен тарихта қалды.

Көтерілісті басып-жаныштау үшін бір ғана Жетісу өніріне 16 зенбірегі мен 47 пулеметі бар 95 рота, 24 жұздік келіп, ондаған қазак-қырғыз ауылдарын жойып жіберді. Осы кездері 300 мыңдан астам қазақ Қытайға ауып кетті.

Түркістан өлкесінде жазалаушы отрядтар қолынан сотсыз, тергеусіз қаза тапқан адамдарды айтпағанда, 1917 жылғы ақпанның 1-індегі дерек бойынша 347 адам өлім жазасына кесіліп, 168 адам Сібірге айдалды, 129 адам түрмеге қамалды.

**АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫң ЖЕНІСІ ҚҰРМЕТИНЕ  
ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНДА БОЛҒАН МУСЫЛМАНДАРДЫҢ,  
СОЛДАТТАР МЕН ОФИЦЕРЛЕРДІҢ  
МИТИНГІСІ МЕН ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ХАБАР**

27 наурыз, 1917 жыл.

27 наурызда Қазалы қаласында 5000-нан астам қазак, өзбек, татарлар бірге қосылып, қала көшелерімен жүріп өтті. Олар он шақты қызыл ту көтеріп, күндізгі сағат 2 кезінде базар жанындағы мешіттің алдына жиналды. Митинг болды. Митингінің тәрағасы етіп Та什кенттен шақырылған, “Алаш” газетінің редакторы Қөлбай Тоғысов<sup>1</sup> мырзаны, хатшысы етіп мұғалім Байекеш Сәтбаев мырзаны сайлады. Митингіге сот қызметкерлері мен дәрігерлер бастаған көптеген орыс адамдары да қатысты. Митинг тәрағасы Қөлбай мырза Ресейде болған оқиғалар туралы 3 сағаттай баяндама жасады. Жұрт қуаныштан көзіне жас альп, қол шапалақтады, Қөлбай мырзаны устелге отырғызып, жоғары көтерді. Қатысушилар сол жерде 317 сом 38 тиын жинанды да, Қөлбай мырзага беріп, Мемлекеттік думаның тәрағасы Родзянка арқылы бостандық жолында күрескен батырларға беруді өтінді. Молда Минхажалдинов мырза, мұғалім Байекеш мырза сөз сойлекеннен кейін, қатысушилар Қөлбайдың ұсынуымен “Шура-и-ислам” қогамына бірауыздан және өділетті түрде татарлардан — 3, қазактардан — 3 және өзбектерден — 3 екіл сайлады. Содан кейін митингіге барлық қатысушилар казарма жаққа бет алды, онда офицерлер бастаған солдаттар мұсылмандарды: “Ура!” — деп айқайладап қарсы алды және көздеріне жас ала жүріп, мұсылмандардың қолдарын қысты. Солдаттар атынан мұсылмандарға арнап офицер Качаев сөз сойледі. Халық ұзақ уақыт бойы: “Ура!” — деп айқайладап тұрды.

Осымен митинг бітті.

**Б.С. Қазали**

1917 год в Казахстане.  
Документы и материалы. Алма-Ата, 1977. С. 47—48.

---

<sup>1</sup> Тоғысов Қөлбай (1879—1818) — қазақ жазушысы, драмашы, “Үш жүз” партиясының басшысы.

**ТУРКІСТАН ӘСКЕРИ ОКРУГІ ШТАБЫНЫҢ ӘСКЕРИ  
ҚАТЫНАСТАР БАСТАҒЫНЫҢ БАС ШТАВ БАС  
БАСҚАРМАСЫНА ТЫЛ ЖҰМЫСТАРЫНАН ҚАЙТАП КЕЛЕ  
ЖАТҚАН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ  
ТУРАЛЫ ЖЕДЕЛХАТЫ**

22 маусым, 1917 жыл.

Түркістан өлкесіне келген жергілікті жұмысшылар әшелондары (арасында) олардың майданнан өкеле жатқан австриялық үлгідегі винтовкалары мен патрондарын алу жағдайлары болды. Қазір батыс майданнан жергілікті жұмысшыларды алып келе жатқан барлық әшелондарға Таңкент жолының Қазалы, Перовск және Түркістан станцияларында және Кавказдан келе жатқан әшелондарға Орта Азия жолының Красноводск, Ашхабад және Мары станцияларында тінту жасалатын болып белгіленді. Жергілікті жұмысшылар топтарына оларды жөнелтер алдында тыл жұмыстары орындарында және мүмкін болған тораптық станцияларда тінту жүргізу қажет деп санаймын. Қоپтеген жұмысшылар бірен-саран болып келе жатқандықтан, жолаушылар пойыздарына да округ шегінде әскери бақылаушыларға және пойызбен бірге келе жатқан айдауылдарға олардың жүктөріне ерекше назар аударуга бұйрық берілді.

Әскери қатынастар бастығы полковник **Михайлов**  
Тұпнұска дұрыс: Аға адъютант үшін поручик (*қойылған қол  
түсініксіз*).

1917 год в Казахстане.  
Документы и материалы. Алма-Ата, 1977. С. 115.

**УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҚЫРҒЫЗДАР  
ТОЛҚУЛАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ОРЫС ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛҚЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ  
УШІН ҚАЗЫНАДАН 11 150 000 СОМ БЕРУ  
ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ**

7 қыркүйек, 1917 жыл.

Уақытша үкімет қаулы етті:

1. Жетису облысының 1916 жылы облыста болған толқулар кезінде зардал шеккен орыс халқына шаруашылығын қалпына келтіру үшін өрбір күйзелген үйге

қазынадан қайтармайтын етіп бес жұз сомнан және оның үстіне, өрт салдарынан тұрғын үйлері мен қорапсыларынан айырылған әрбір үйге бес жұз сомнан жәрдемақы алуға құқық берілсін.

2. Қытай жерінен қайтып келген Жетісу қырғыздарына өр шаңыраққа жұз сомнан қайтарылмайтын жәрдем берілсін.

3. 1 және 2-бөлімдерде аталған жәрдемдерді беру Түркістан комитетіне жүктелсін.

4. Жетісу облысының зардап шеккен орыс халқына Түркістан комитетінің ұсынуымен Уақытша үкімет белгілеген мөлшер мен негізде қазына қаржысынан нақ сол қажеттер үшін қайтарылмайтын несие алуға құқық берілсін.

5. Түркістан комитетіне Жетісу облысының орыс халқына келтірілген зиянды жергілікті жерде жан-жақты тексеріп, 4-бөлімде аталған қажеттері үшін керекті несие мөлшерін белгілеу және сол бойынша Уақытша үкіметке өз пікірлерін табыс ету тапсырылсын.

6. Мемлекеттік қазына қаржысынан Түркістан комитетінің қарамағына 1 және 2-бөлімдерде аталған шараларды жүзеге асыруда туындастын шығындар үшін 1906 жылғы 8 наурыздағы бюджет ережелерінің 18-бабы неғізінде (Зандар жинағы, I том, 2-бөлім, 1906 жылғы басылым) 11 млн 150 мың сомнан аспайтын мөлшерде сметадан тыс төтенше несие берілсін.

*Кол қойғандар:*

Министр-Төрағаның орынбасары **М. Терещенко**  
Әскери министр үшін генерал-майор **Якубович**

Вестник Временного правительства. 6 октября 1917 г.

**“ГОЛОС ТАТАР” ГАЗЕТИНІҢ ОРЫНБОРДАҒЫ  
ЖАЛПЫ ҚАЗАҚТЫҚ СЪЕЗД ТУРАЛЫ ХАБАРЫ**

23 қыркүйек, 1917 жыл.

Съезд Ресей демократиялық, федерациялық парламенттік республика болуға және қазақ облыстары автономия алуға тиіс деп тапты.

Жер мәселесі бойынша ең басты тармақтары мына тұрғыдағы қарап шығарылды:

Қазақтар жерге түпкілікті орналасып алмайынша, олардың жерін тартып алу дереу тоқтатылсын.

Қазақ даласында қолайлы жердің жеткіліксіз болуы себепті қазактардың пайдалануынан тартып алынған: дворяндық, мал өсірілетін, сауда-өнеркәсіптік, курорттық, отырықшыланбаған монастырьлық және келімсектерге берілетін жер, еншіге берілген учаске, алымға берілген жер, “ұлгі танаптар” деген атаумен жеке адамдарға берілген, шын мәнінде олай пайдаланылмайтын учаскелер мен гарнизондарға бөліп берілген және Щербина экспедициясы гарнизондарының кетуіне немесе олардың саны азаюына байланысты босап қалған жер қазақтарға қайтарылып берілуге тиіс.

Түркістан қазақтарына жер ғана емес, сонымен қатар жеткілікті мөлшерде су да берілуге тиіс.

Қазақтар арасында жер қауымдық негізде пайдалануындаға тиіс (Фергана облысының екі өкілі қожалық иеленуді жақтап дауыс берді).

Берілетін жер көлемі мүмкіндігінше ұсақ болуға және оны жергілікті жерге орналастыру мекемелері белгілеуге тиіс.

Тұрақты армияның орнына халық милициясын құру қажет деп табылды. Земство жөнінде мынадай қаулы қабылданды:

Уақытша үкімет дайындаған заң бойынша, дала облыстыарында болыстық земстволық басқару тек отырықшы болыстарда ғана, ал көшпенді болыстарда болашақтағы облыстық земство жиналысының қалауы бойынша енгізіледі. Ал съезд көшпенді болыстарда облыстық земствоны дереу енгізу қажет деп тапты.

Қазақтардың уездік және облыстық земстволары орыс земстволарымен ортақ негізде болуға тиіс.

Халыққа білім беруге келетін болсақ, жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім берілуі, бұл орайда алғашқы екі жылда тек ана тілінде ғана оқытылуы қажет деп табылды.

Сот жөнінде съезд былай деп қаулы етті:

Қазіргі Қазактың халық соты таратылсын.

Таратылатын соттың орнына қазақтардың түрмис жағдайларына сай келетін ерекше сот құрылуға тиіс.

Қазақ сотының жобасы 1918 жылғы 1 қантарға қарай жасалып, оны қазақ депутаттарымен бірге жалпы қазақ комиссиясы қарауға жөне макұлдау үшін заң шығарушы мекемеге беруге тиіс.

Қазақ даласындағы жаңа сот туралы ереже әзірленгенге дейін өзгерістер енгізіліп, толықтырылған облыстық соттар негізінде халық соты жұмыс істеуге тиіс.

Әйелдер мәселесі бойынша қарар: саяси құқықтары жөнінен әйелдер еректермен тең құқықты болуға тиіс және күйеу таңдауда оларға толық еркіндік беріледі; қалындық үшін қалыңмал беру (сатып алу) жойылады, 16 жасқа толған қызға ғана құда туусуғе болады; молда 16 жасқа толған қалындық пен 18 жасқа толған күйеудің некесін қия алады, оның үстіне, молда неке қио рәсімін күйеу мен қалындық тікелей қатысқан жағдайда ғана жасауға тиіс; жесір өз қалауы бойынша кез келген адамға күйеуге шыға алады; екінші әйелді бірінші әйелдің келісімімен ғана алуға болады, ол келіспеген жағдайда, күйеуі одан ажырасып, оны күйеуге тигенге дейін асырауға тиіс; 7 атадан жақын туыстар некеге тұрмауға тиіс.

Қорытындысында съезд Құрылтай жиналысының мүшелігіне кандидатты белгілеп, қазақтардан Бүкіл-ресейлік мұсылмандар кенесіне сыйланған өкілдерге қазақ саяси партиясының бағдарламасын әзірлеуді тапсырады, бұл орайда саяси тұғырнаманың негізіне демократиялық федерациялық парламенттік республика талабы алынуға тиіс болады.

Революция и национальный вопрос.

Документы и материалы по истории национального вопроса в России и КСРО в XX в. М., 1930. Т. 3. С. 362—363.

\* \* \*

**Бокин Тоқаш** (1890—1918) — 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа және Жетісуда Кенес өкіметін орнатуға қатысушы. Верный уезінің Мойынқұм болысы Қарасу ауылында туған. Верный ерлер гимназиясының 4-сыныбын бітірген, 1906—1916 жылдарда — Жетісү облыстық қоныстандыру басқармасының тілмашы.

Ауылдық және селолық Шаруа кенестерін құруға, орыс-казак қатынастарын реттеуге, байлардың малын ішінара төркілеуге белсene қатысты. 1918 жылғы қыркүйекте айуандықпен өлтірілді.

**Розыбакиев Абдолла Ахметұлы** (1897—1938) — қоғам қайраткері, 1918 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Верный мұғалімдер гимназиясын, Я.Свердлов атындағы коммунистік университетті бітірген. 1917 жылғы мамырдан бастап “Верный қаласы мұсылман жұмысшыларының біріккен одағы” басшыларының бірі, “Ұйғырлардың революциялық одағының”, “Қашқар-жонғар жұмысшылары революциялық одағының” Төрағасы. Революциядан кейін партия-кенес жұмысында болды. 1938 жылы жазықсыз жапа шекті.

**Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас)** (1894—1938) — қоғам және мемлекет қайраткері, жазушы, қазақ кенес әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Азаттық қозғалысына ерте араласып, Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген. Қазақстанда Кенес өкіметін орнатуға белсene қатысушы, 1918 жылдан коммунист. Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кенесінің тұңғыш Төрағасы (1922—1925), БОАК мүшесі, Қазақ ОАК Төралқасының мүшесі. 1918 жылы атаман Анненковтың “ажал вагонына” қамалып, қашып шыққан.

1938 жылы зансыз жазаланып, атылды.

## РЕСЕЙ ХАЛЫҚТАРЫ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

2 қараша, 1917 жыл.

Жұмысшылар мен шаруалардың Қазан төңкөрісің құлдықтан арылудың жалпы туы астында басталды.

Шаруалар помещиктердің өктемдігінен құтылады, өйткені енді жерге помещиктік меншік жок, ол жойылды. Солдаттар мен матростар самодержавиелік генералдардың

өктемдігінен құтылады, өйткені ендігі жерде генералдар сайланып қойылады және ауыстырылып отырады. Жұмысшылар капиталистердің қыңырлықтары мен озбырлығынан құтылады, өйткені ендігі жерде зауыттар мен фабрикаларға жұмысшылардың бақылауы орнатылады. Тірілер мен өмірге қабілеттілердің бәрі жексүрін бұғаулардан құтылады.

Езгі мен озбырлықта төзіп келген және төзіп отырған Ресей халықтары ғана қалды, оларды құлдықтан құтқа-руға дереу кірісу керек, оларды азат ету батыл және үзілді-кесілді жүргізілуге тиіс.

Империализм дәүірінде Ресей халықтары бір-біріне үнемі айдаған салынып келді. Мұндай саясаттың нәтижесі белгілі: бір жағынан, қырғын қантөгіс пен ойран салу, екінші жағынан, халықтарды құлдықта ұстау.

Бұл масқара айдаған салу саясатына қайтып оралу жоқ және ол болмауға тиіс. Ендігі жерде ол Ресей халықтарының ерікті және адал одағы саясатымен алмастырылуға тиіс.

Империализм кезеңінде, Ақпан революциясынан кейін, өкімет билігі кадеттік буржуазияның қолына көшкен кезде, ашықтан-ашық жүргізілген айдаған салу саясатының орнын Ресей халықтарына корқақтықпен сенімсіздік көрсету саясаты, халықтардың бостандығы мен тенденциялары сез жүзіндегі мәлімдемелерді бүркемеленген тиісу мен арандату саясаты басты. Мұндай саясаттың нәтижесі белгілі: ұлт араздығын күшету, өзара сенімге сына қафу.

Осы бір өтірік пен сенімсіздікке, кемсітушілік пен арандатушылыққа негізделген келенсіз саясат тоқтатылуға тиіс. Ендігі жерде ол Ресей халықтарының өзара толық сеніміне жеткізетін бүкпесіз әрі адал саясатпен алмастырылуға тиіс.

Ресей халықтарының адал және берік одағы осындай сенім нәтижесінде ғана қалыптаса алады.

Ресей халықтарының жұмысшылары мен шаруалары осындай одақ негізінде ғана империалистік-аннексионистік буржуазия тарапынан жасалатын қандай болса да қастандықтарға қарсы тұра алатын бір революциялық күшке біріге алады.

Осы қағидаларды негізге ала отырып, Кенестердің бірінші съезі биылғы маусым айында Ресей халықтарының өзін-өзі емін-еркін билеуге құқығын жариялады.

Кеңестердің екінші съезі биылғы қазан айында Ресей халықтарының осы ажырағысыз құқығын негұрлым батыл және айқын растанды.

Осы съезддердің еркін білдіре отырып, Халық Комиссарлары Кеңесі Ресейдегі ұлттар туралы мәселе жөніндегі өз қызметіне мына негіздерді алатын болып үйғарды:

1. Ресей халықтарының тенденгі мен егемендігі.
2. Ресей халықтарының бөлініп шығып, дербес мемлекет куруға дейін өзін-өзі емін-еркін билеу құқығы.
3. Барлық және қандай болса да ұлттық, діни артықшылықтар мен шектеулерді жою.
4. Ресей аумағын мекендейтін аз ұлттар мен ұлыстардың этнографиялық еркін дамуы.

Бұдан туындастын нақты декреттер Үлт істері жөніндегі комиссия құрылғаннан кейін дереу өзірленетін болады.

Ресей Республикасы атынан Үлт істері жөніндегі халық комиссари **Иосиф Джугашвили-Сталин**

Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы  
**В.И.Ульянов (Ленин)**

Декреты Советского правительства.  
М., 1957. Т. 1. С. 39—41.

#### **А. КЕҢЖИННИҢ “АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТИНЕ ТАРИХИ БАҒА БЕРУ ЖӨНІНДЕ” ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНАН**

Өнеркәсібі дамымаған, сондықтан да индустримальық пролетариаты жоқ деуге болатын Қыргызияда (Қазақстанда — ред.) Ақпан революциясына дейін, осы сөздің нақты мағынасында алғанда, жекелеген саяси партиялар (кадет, социал-демократиялық, социалист-революционерлер) қатарында болған жекелеген адамдарды қоспағанда, саяси партиялар болған емес.

Рас, мұндай адамдардан басқа, патша өкіметінің езгісіне көзқарасы жөнінен революциялық пігылдағы азын-аулақ зиялыштар да болды.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Қыргызияда зиялыштардың кең топтары арасында бұрын болып көрмеген өрлеу байқалады. Съезден кейін съезд және т.б. өткізілуде.

Қырғыз халқының буржуазиялық-демократиялық топтарының өкілдері социалист-революционерлер партиясына жазылуда.

Ол кезде социал-демократтар партиясына кіретін адамдар сирек кездесетін еді.

Түрлі партиялардың Құрылтай жиналышы алдындағы үгіт науқаны қырғыз халқы басшыларының алдына қай саяси партияға қосылу керек, кімнің тұғырнамасы мен тактикасын ұстану керек деген мәселе қойды.

Зиялыштардың жоғары топтары белгілі бір партиялардың бағдарламаларын саяси талаптарының еңбекші бүқараға емес, жалпы қырғыз халқына қолайлы болуы тұрғысынан сынға алыш, неліктен екені белгісіз: “Бірдей бір партияның бағдарламасы қырғыздардың әлеуметтік-экономикалық тұрмыс жағдайларына сай емес” деген қорытындыға келеді.

Бұл мәселе қырғыздардың мерзімді баспасөзінде 1917 жылғы маусым айында Бұқілқырғыздық I съезді шақыру туралы мәселенің қойылуымен бір мезгілде көтерілген еді, ал онда, неліктен екені белгісіз, партиялық емес съезде (ете таңғаларлық!) партия бағдарламасының жобасын талқылау көзделген болатын.

Шынында да, 1917 жылы шілденің 21-інен 26-сына дейін Орынбор қаласында өткен Бұқілқырғыздық I съезде қырғыздар үшін саяси партия құру туралы мәселе талқыланды (съезд қаарының XII тармағы).

Съезд қырғыздар үшін ерекше саяси партия құру, мұның үстіне, оның бағдарламасының жобасын әзірлеуді Мұсылмандардың Бұқілқырғыздық Кенесіне (Петроградта) сайланған өкілдерге тапсыру қажет деп тапты. Партия құру туралы съезде былай делінді:

“Бағдарламаның негізіне демократиялық (парламентарлық) федерациялық республика принциптері алынуга тиіс; бағдарлама әзірлеу жөнінен Бұқілресейлік Мұсылман Кенесіне мүше қырғыздар оны қырғыз облыстық (губерниялық) азаматтық комитеттеріне сарапқа салуға жіберуге міндетті. Бағдарламаны Құрылтай жиналышындағы қырғыздардан тұратын жалпы жиналыш түпкілікті бекітуге тиіс”.

Бұқілресейлік Мұсылман Кенесіне тағайындалған қырғыз өкілдері дер кезінде бас қоса алмады, сондықтан

ерекше қырғыз партиясы бағдарламасының жобасы жасалмай қалды.

Алаш партиясы бағдарламасының жобасын сол кезде Орынборда оқыған зиялыштың қырғыз адамдарының тобы өзірледі. Бекітілген бағдарламасы да, орталық комитетті де жоқ Алаш партиясының атынан бүкіл Қырғыз өлкесі бойынша қыргыздардан Құрылтай жиналышына мүшелікке кандидаттардың тізімі жарияланды, тегінде, Құрылтай жиналышына сол тізім жетсе керек.

Жалпы алғанда, Алаш партиясы бағдарламасының жобасы мыналарға келіп саяды.

### I. *Басқару түрі.*

Ресей Демократиялық Федерациялық Республикасы, демократиялық республиканы белгілі бір уақытқа парламент сайлайтын президент басқарады, Министрлер Кабинеті соның (парламенттің) алдында жауап береді.

### II. *Автономия.*

Барлық қырғыз облыстары бір автономиялы өлшемге енгізілуге, соңғысы федерациялық өлшем құқығымен Ресей Федерациясына енуге тиіс.

Бұл орайда, мүмкін болған жағдайда Қырғызстан Ресейдің көршілес облыстарымен (өлкелерімен) бірігеді, ол мүмкін болмаған жағдайда, Қырғызияның өзі ғана жекелеген қырғыз губернияларында Земство енгізіліп, автономиялы бір өлшем болады.

Алаш партиясы халық мұдделерін көздең шын жүректен жұмыс істегіци келетін адамдар арасынан белгілі бір қызыметті атқаруға өбден жарамды қызыметкерлер іріктеу жолымен ауыл және болыс әкімшілігінің қызыметтің жақсартуды өз мақсаттарының бірі етіп қояды.

Алаш партиясы бар күшімен өділдікті қолдайды, ол барлық жәбір көргендер мен жарлы-жақыбайларды жақтаиды. Халықтың жалпы мәдени деңгейін көтеруге бар күшін салады.

### III. *Азаматтың негізгі құқықтары.*

Дініне қарамастан және жынысына қарамастан, барлық халықтар өз құқықтары (жиналыштар бостандығы, сайлау, оларды ашууда бірігу бостандығы, сөз, баспасөз, адамның жеke басына тиіспеу бостандығы) жөнінен теңестіріледі. Сот тәртібімен болмаса, қамауға алу жүргізілмейді. Сот органдары бар жерде қамауға

алынгандарға айып 24 сағат ішінде тағылады, ал ондай органдар жок жерде 7 күн ішінде тағылады, ал айып тағылмагандар дереу босатылады. Сонымен бірге жеке хат алысуга ешкімнің тиіспеуі белгіленеді.

#### *IV. Дін ұстану туралы мәселе.*

Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі. Заң алдында барлық дін тең, яғни ешқандай діни ілімнің басқа діндерден артықшылығы болмайды.

Қандай діни ілімнің болса да таралу бостандығы — діни наным таңдау бостандығы. Қыргызия үшін татарлардан бөлек жеке мұфтият құру.

Неке, ажырасу, туу мен өлуді тіркеу молдалардың (діни адамдар) қарауында қалады, ал қалыңмалға байланысты істер сот органдарында қаралады.

#### *V. Соттар туралы.*

Заң алдында барлық азаматтар тең және заның қорғауын бірдей пайдаланады. Сот-тергеу органдары қыргыз халқының тұрмыс жағдайларына сәйкес құрылады. Сот іci, сотта сөйлеу халықтың көпшілігі сөйлейтін тілде жүргізіледі. Сот ведомствосының қызметкерлері жергілікті халықтың тілін білуге тиіс. Судьялар алмастырылмайды және олардың беделі зор болуға тиіс. Үлкен сот процестері қосымша заседательдердің қатысуымен қаралуға тиіс. Болыстар мен ауылдарда сот қыргыздардың әдеттегі заңы негізінде жүргізіледі.

#### *VI. Қорғаныс.*

Тұрақты өскер халық милициясымен алмастырылуға тиіс. Өскери өнерді үйрету жергілікті жерде жүргізілуғе тиіс. Қыргыздар өскери қызметті атты милиция қатарында атқаруға міндettі.

#### *VII. Салықтар.*

Салықтар саласында үдемелі табыс салығы салынады.

#### *VIII. Жұмысшы мәселесі.*

Алаш партиясы жұмысшы мәселесінде социал-демократтардың (меньшевиктердің) бағдарламасын қолдайды.

#### *IX. Халық агарту.*

Ана тілінде жаппай тегін оқыту. Қыргызияда қыргыз тілінде оқытатын орта және жоғары оқу орындарын ашу, агарту саласы автономиялы болуға тиіс; оқушылар өзі қалаған мамандығы бойынша білім алады. Кітапханалар, оқу үйлері ашылуға тиіс.

## *Х. Жер мәселесі.*

Жерге алғашқы кезекте байырғы халық орналас-тырылуға және алдағы уақытта, қыргыздар біржола орналастырылып болғанша, қырғыз өлкесіне сырттан әкеліп қоныстандыру токтатылуға тиіс.

Қоныстандырылмай бос жатқан және босап қалған участекелер байырғы халыққа берілсін. Жерді пайдалану нормасын жер алқаптарының сапасына және ауыл шаруашылығы жерінің құрамына қарай жергілікті жер комитеттері белгілейді, ал жерге орналастырылғаннан кейін қалған артық жер жергілікті өзін-өзі басқару органдарының (земстволар) қорына түседі. Халықтың көбею шамасына (өсіміне) қарай аталған жер қорынан жерсіз немесе жері аз батырақтарға жер беріледі.

Түркістанда жер алқаптарымен бірге су бөгендері де ортақ бөлініске түсуге тиіс.

Жерге орналастыру кезінде жерді қауымдастып тен-герме пайдалану енгізілсін (жер ауылдар немесе басқару шаруашылық бөліністері арасында бөлінсін). Жер алқаптарын сатуға тыйым салынын.

Кен байлықтары мемлекет игілігі болуға тиіс, бірақ ең жақын қожайыны жергілікті өзін-өзі басқару органдары (земстволар) болып табылады. Зор маңызы бар үлкен орманды алқаптар мен су айдындары мемлекеттің, ал екінші дәрежелілері жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қолында болуға тиіс.

Алаш партиясы бағдарламасын Букілресейлік Мұсылман Кеңесінің қырғыз мүшелері өзірлеуге тиіс болған, бірақ Орынбордағы бір топ қырғыздар өзірлеген жобасының жалпы сипаты, міне, осындай.

Ол облыстық (губерниялық) комитеттердің қарауы үшін облыстарға жіберілген жоқ және Құрылтай жиналышының таралуына байланысты, көзделгеніндей, оны ешкім бекіткен жоқ. Солай бола тұрса да, бағдарламаның осы жобасы негізінде Алаш партиясының облыстық (Семейде, Омбыда және Орынборда — Торғай облыстық комитеті) комитеттері құрылды және Құрылтай Жиналышының мүшелігіне кандидаттардың тізімі Қырғызияның барлық облыстары бойынша Алаш партиясының атынан іріктелді.

Орал облысында кандидаттар ұсыну едәуір күлкілі сипатта болды.

Қырғыз Атқару Комитетінің Төрағасы әкімшілік ретімен жай ғана сауал-сұрапқ қағазын толтырып, тіркелген кандидаттар тізімін Алаш партиясы атынан округтік комиссияға мәлімдеп отырды.

Шын мәнінде, Алаш бағдарламасы қырғыз халқының буржуазиялық-демократиялық топтары ниетінің көрінісі болды: одан біз әсершілдіктің (басқару түрі, жер мәселесі және басқалар), меньшевизмнің (жұмысшы мәселесі жөніндегі бағдарлама), радикализмнің және басқаларының журнақтарын көре аламыз.

Қырғызия сияқты (самодержавиенің бұрынғы отары) елдерде революция буржуазиялық-ұлттық козгалыс түрінде пайда болады, біз мұны бірқатар зиялышардың Алаш партиясын құруға жасаган әрекетінен көреміз.

Алаш партиясы қырғыз халқының буржуазиялық-демократиялық топтарының тілектерін орындауы мағынасында алғанда буржуазиялық революцияда белгілі бір рөл атқара алатын еді деп санауга болады.

Менің өз басым Алаш бағдарламасының жобасын бағдарлама ретінде емес, қайта Құрылтай Жиналышының болашақтағы қырғыз мүшелеріне аманаты ретінде қарастыруға бейіммін.

Алаш партиясының туу идеясы Құрылтай Жиналышының атымен тығыз байланысты болғандықтан, Құрылтай Жиналышынан кейін де шығыс Қыргызияда Алаш партиясының қазіргі кейбір саяси қайраткерлер басшылық еткен облыстық (губерниялық) комитеттері едөүір ұзақ уақыт өмір сүрді, алайда оның Құрылтай Жиналышымен бірге құритыны күмәнсіз еді.

Известия Киробкома РКП(б).  
1923. №1. С. 10—13.

\* \* \*

**Байтұрсынұлы Ахмет** (1873—1937) — ағартушы, қоғам қайраткері, азаттық қозғалысына қатысушы, Алаш партиясының негізін салушылардың бірі, “Қазак” газетінің редакторы, аса көрнекті лингвист-ғалым, әдебиеттанушы, түрколог, акын, талантты аудармашы. 1919 жылғы 9 шілдеден Қазревком мүшесі, оку халық комиссары, БОАК, ҚазОАК мүшесі.

1929 және 1938 жылдарда жазалау шараларына ұшыратылды. Қазақстан Республикасы Үлттүк академиясының Тіл білімі институтына А.Байтұрсынулы есімі берілген.

**Тұнғаншин Мұхамедияр Хангерейұлы** (1888—1942) — 1918 жылдан КОКП мүшесі, Дағы аудандық комиссариатының көмекшісі, Торғай облыстық Қенесі атқару комитетінің мүшесі. РКФСР Үлт істері Халық комиссариаты қазақ бөлімінің менгерушісі (1918—1919). 1919 жылғы 9 шілдеде Қазак революциялық комитетінің мүшесі болып тағайындалды. Қызыл армияның I Қазақ полкін үйимдастыруышы. 1937 жылы жазалау шараларына ұшыратылды.

**Жангелдин Әліби Тогжанұлы** (1884—1953) — 1915 жылдан Коммунистік партияның мүшесі, Торғайдагы 1916 жылғы үлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі, Қазақстанда Қенес өкіметі жолындағы күресті үйимдастыруышы, Торғай облысының әскери комиссары, Торғай облыстық Қенесі атқару комитетінің Төрағасы (1918 жылғы наурыз), Дағы аудандық төтенше және әскери комиссары, Қазақстан Қенестері I Құрылтай съезін үйимдастырушылардың бірі.

**Анненков Борис Леонтьевич** (1883—1927) — дворян. Әскери училище бітірген (1908). Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, хорунжий. Шаруалар көтерілістерін мейірімсіздікпен басып-жаныштап отырды. 1920 жылғы мамырда өзі басқарған Жеке Жетісу армиясының қалдықтарымен Қытайға отіп кетті. 1926 жылы ОГПУ жоспары бойынша КСРО-ға өкелініп, Жоғарғы сот шешімімен атылды.

**Дутов Александр Ильич** (1879—1921) — Орал казактарының ең үлкен басшыларының бірі, генерал-лейтенант (1919). Ақпан революциясынан кейін “Қазак әскерлері одағы” Қенесінің Төрағасы болып сайланды, қыркүйектен бастап — Орынбор казактарының атаманы. 1918—1919 жылдарда Колчак әскерлерінің Орынбор армиясына қолбасшы болды, 1920 жылдан — ақ эмигрант.

**Колчак Александр Васильевич** (1873—1920) — Ресей контреволюциясының ең үлкен басшыларының бірі, адмирал (1916). Тенізшілердің кадет корпусын бітірген. Полярлық экспедицияларға, орыс-жапон соғысина және бірінші дүниен-

жүзілік соғысқа қатысушы. 1916—1917 жылдарда — Қара теніз майданының қолбасшысы. 1918 жылғы 18 қарашада тәңкеріс жасап, Сібірде, Орал мен Қызыл Шығыста өскери диктатура орнатты; Ресей мемлекетінің жоғарғы билеушісі және жоғарғы бас қолбасшысы атағын иеленді. 1920 жылғы 7 ақпанда Иркутск өскери-революциялық комитетінің қаулысымен атылды.

#### АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ӨСКЕРИ КЕҢЕС ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

24 маусым, 1918 жыл.

Қаулы етілді: Алашорда жаңынан үш адамнан өскери кенес құрылып, оған Өскери министрлік міндеті жүктелсін, оған Алашорданың облыстық және уездік бөлімдері жаңынан облыстық және өскери кенестер ашу (құқығы) берілсін. Өскери кенеске большевиктерге қарсы құресу үшін жігіттер шақыру міндеті жүктеледі.

Алашорда үкіметінің Терағасы Ә.Бекейханов  
Мүшелері М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов

Иностранный военный интервенция и гражданская война в  
Средней Азии и Казахстане.  
Алма-Ата. 1963. Т. 1. С. 596.

## **II бөлім. КЕҢЕСТИК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖАГДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

---

**А. БАЙТУРСЫНҰЛЫНЫҢ  
В.И. ЛЕНИНГЕ ЖАЗГАН ХАТЫНАН**

**В.И. Ленин жолдасқа**

Қырғыз ревкомының құрылған уақытынан бері 10 ай өтті. Ревкомның он айлық жұмысының қорытындысыын шығара келгенде, ол өзінің өмір сүрген кезінде еш нәрсе тындырмағанын айтуга тура келеді. Ревком жұмысының өнімсіздігін көптермен түсіндіруге болады, бірақ негізгі себеп ЕКЕУ: 1) Қырғыз өлкесін басқаруға қойылған Орталық өкілінде айқын көзқарас болған жоқ және соның салдарынан жұмыстың айқын жоспары болған жоқ, мұны Қырғыз өлкесі өлеуметтік жағдайларының ерекшеліктері болуы себепті орталықтың өзінде Ресей халықтары құқықтарының декларациясы мен РКП бағдарламасындағы принципті нұсқауларынан басқа қырғыз мәселесі жөнінде айқын көзқарас болмауымен және 2) Орталық өкілі мен халық арасында өзара сенім болмауымен түсіндіруге болады.

Патша үкіметі тұсында қырғыздардан көп ұлттық езгі көріп, құлдыққа түскен бүратанаалар бола қоймас. Ұлттық езгі ұлттық сезім туғызбай тұра алмайды. Егер езілген ұлттың бойында езушілерге қарсы жиіркеніш және өшпенділік сезімі үнемі дами берсе, сенбеушілік сезімі әрқашан да болады. Қырғыздар өздеріне орыстар тарапынан өзгеше көзқарасты көрмейінше, таптарға бөлмей сенбеушілік сезімінен басқа сезім оларда бола алмайды. Қырғыздарды ғасырлар бойы тонап, езгіге салыш келген орыс ұлтының пролетариаты өзінің езілген халықтарды патша шенеуніктерінің орнына олардың мойына мініп алғысы келетін құлдыққа салушы жана

мырзалар емес, қайта оларды азат етуші екенін іс жүзінде дәлелдеп, көрсетуге тиіс. Солай бола тұрса да, жергілікті коммунист жолдастар қыргыздарды еш нәрсе түсінбейді деп ойладап, айла-шарғылы саясатқа салынып, еңбекші қыргыз халқына олардың өмірін кеңестер негізінде құруына туысқандық көмек көрсетуді ұсынбай, қайта оларға әртүрлі қулықпен өз үстемдігін таңып отыр.

Өздерін интернационалист-коммунистер деп атаумен ғана орыстар патша үкіметінің саясатымен ғасырлар бойы таныс болған орыс емес ұлттардың сенімін оята алмайды. Қыргыздарда “Сары орыстың бәрі орыс” деген мәтел бар... Қыргыз халқын алдауға үміт артылған айла-шарғылы саясаттың қандай болса да, сырттай жылтырағандықтан басқа елеулі еш нәрсеге жете алмайды. Патша өкіметінің санғасырлық езгісіне іштей өшпендейлікпен және жиіркенішпен, үнсіз көніп келген халық қазір де үнсіз отыра алады, бірақ бұл төзімді үнсіздік өз наразылығын белгілі бір түрде көрсететін жағдай туғанша ғана созылуы мүмкін.

Орыс пролетариатының қыргыздар жөнінде екінің бірін таңдау: не билеп-төстеуші жағдайына ие болып және барлық жерде патша губернаторлары мен генерал-губернаторларының орнына диктаторлар тағайындал, өз үстемдігін күштеп тану мен сөзсіз бағынуды талап ету, не қыргыздың еңбекші халқының сеніміне ие болу қалады. Бірінші жол айқын да түсінкіті: оны әртүрлі билеп-төстеуші патшалар жеткілікті дәрежеде сынақтан өткізді. Ал екінші жол біршама қызын және бірсыныра түсіндіруді керек етеді. Оның есесіне, біріншісін таңдаған жағдайда қандай да болсын кеңестік құрылыс жерге отырып қалуы мүмкін, ал екіншісін таңдаған жағдайда құрылыстың іргетасы берік негізге қаланатын болады.

Мәселе мынада: қыргыздарда зияллылардың халық то-лық сенетін және қателесуі мен адасуы мүмкін болса да, өз халқын жеke басының игіліктері мен пайдасын көздел, ешқашан да саналы түрде сатып кетпейтін белгілі бөлігі бар.

Қыргыздардың сеніміне ие болғысы келетін орыс пролетариаты үшін ең қысқа жол осы зияллыларға. Кеңес өкіметі сенім көрсетуі керек. Қыргыз мәселесіндегі барлық қыындық қыргыздардың кешегі өзін езушилерге сенім

білдіре алмайтынында, ал Кенес өкіметінің кешегі қарсыластарына сенім білдіре алмайтынында болып отыр.

Қыргыздардың көзқарасын өзгерту және оларды керісінше иландыру үшін коммунистер қыргыздарға өздерінің ұлттарға бөлмей, әлсіздерді езушілер емес, керісінше, езілгендерді азат етушілер екенін дәлелдеп, көрсетуге тиіс. Бұл үшін, біріншіден, шет аймақтарда судай таза интернационалисттер жоқ немесе мұлде аз. Өздерін *интернационалисттер* деп атаушылардың көбі шын мәнінде ұлтшылдар, империалисттер; екіншіден, бұған қазіргі жағдайлар сай келмейді: республикадағы өнеркәсіп дағдарысы салдарынан Орталықтың алғашқы кезде халықтан көбірек алып, оған азырақ беруіне тұра келіп отыр, мұны қыргыздар дұрыс түсінбеуі мүмкін және оларда патша үкіметі өздерін еш нәрсе бермей тонап келген еді, Кенес өкіметі де нақ солай істеп отыр деген түсінік тууы мүмкін. Сейтіп, істің практикалық жағынан талдағанда, екі жақтан да сенбестік болмай қоймайды; ал егер теориялық жағынан талдасақ, сенбестікке орын болмауы тиіс.

Шынына келгенде, қыргыз халқы тарарапынан сенімсіздік орын алмауы тиіс болатын себебі, енді өкімет басында қыргыздарды талап-тонап, езгіге салып келген ұлтшыл-империалисттер отырған жоқ, керісінше, оларды азат ету мақсатын көздейтін интернационалист-коммунистер отыр; нақ сол сияқты Кенес өкіметі тарарапынан зиялды қыргыздарға сенімсіздік орын алмауы тиіс болатын себебі, егер революция кезінде зияллылар большевиктерге ермеген болса, олардың өз халқын азат етуге қарсы болғандығынан емес, қайта, халықтың революцияға дайындалмағандығы салдарынан, мақсатқа бейбіт жолмен жетуді ойлад, тәуекелге бел байлай алмағандығынан еді, яғни халықты азат ету жолын таңдауда қателескен болатын. Енді, дұрыс жол табылып, теориялық жағынан ғана емес, іс жүзінде де дәлелденген кезде, өз халқын азат етуді шын жүректен тілейтін қыргыз зияллылары Интернационалдан басқа өзгеше жол таңдай алмайды. Егер осындаид зиялды қыргыздар болса, олар коммунистер емес, адаптациялар болғанымен, Кенес өкіметінің оларға тольық сенуіне болады, өйткені олар шын жүректен сүйеттін халықтың мұдделері оларды Кенес өкіметінен айырылмауға мәжбүр етеді.

Сонымен, өзара сенімге қол жеткізудің екі жолы бар: олардың бірі — ұзак уақыт пен көп жыл бойы әдістемелік жұмыс жүргізуі талап етегін ұзак жол, бұл — коммунистердің қырғыз халқын талап-тонап, езгіге салып келген империалисттер емес екенін қырғыздарға іс жүзінде дәлелдеп көрсету. Ал екінші жол — неғұрлым оңай және тез жететін жол. Бұган халық бұқарасының қысынды қорытынды жасауга шамасы келмейді, ал Кеңес өкіметінің басында тұрган адамдарға оңай. Неліктен? Өзара сенімге алғашқы қадамды Кеңес өкіметі жасай алады. Өзара сенім болмайынша, Қырғыз өлкесінде жұмыстың жолға қойылуы мүмкін емес, мұны Қырғыз ревкомының 10 ай өмір сүруі көрсетті. Қырғыздардың нені қалайтыны және олардан Кеңес өкіметінің не тілейтіні жөніндегі негізгі мәселе өлі де беймәлім болып қалып отыр, мұның өзі жергілікті жерде түсініспеушіліктер туғызыуда. Қырғыздардың нені қалайтыны түсінікті өрі әбден табиғи нәрсе. Империализмің санғасырлық езгісінде болып келген халық, ең алдымен, осы езгіден азаттық алуды ойлауы мүмкін; қырғыздардың неліктен өзін-өзі билеуге үмтыйлатыны, Кеңес өкіметінің қырғыздардан нени тілейтіні өзірше бізге айқын емес және күннен-күнгө түсініксіз болып барады. Ревком құрган кезде әрқайсымыз, ревком туралы ереже өзірлеуге қатысқан қырғыздардың әрқайсысы, Қырғыз өлкесін басқару жөнінде құрылыш отырган ерекше орган — автономияның табалдышырығы екеніне сенгенбіз; ревкомының бар екенін ғана білетін, бірақ ондағы істің жайымен таныс емес адамдардың бәрі осы кезге дейін солай деп ойлады. Ревкомда жұмыс істеген біздің бәріміз ойлап, ойлап, оның не үшін өмір сүріп отырганына ой жеткізе алмадық. Өздерін коммунистер деп атайдындардың бәрі оған коммунист емес, жай адамдар үшін түсініксіз жарғыларын тықпалап жатыр, ал Қырғызревком мүшелері Крыловтың “Ақку, шортан һәм шаян” деген мысалының керін келтіруде.

Кеңес өкіметінің басында тұрган адамдардың сан-миллиондық ұлттың тағдырын мазақ етіп, оны ойынға айналдыруды ойламайтынына және патшалық саясаттың ұлтшылдық пен империалистік саясат болғанын, *бұратаналар* деп аталатын басқа халықтар жөнінде орыстарға бәрін істеуге мүмкіндік берілгенін, бұра-

танааларға еш нәрсеге мүмкіндік берілмегенін, бұратаналар жөнінде қылмыс жасаған орыстардың қудаланбағанын, егер қудаланса, сырт көзге гана қудаланғанын, керісінше, орыстар жөнінде қылмыс жасаған бұратаналардың қатаң жазаланғанын даусыз факт деп мойындастынына біз көміл сенеміз. Мұны мойындаған соң, орыс халқының ғасырлар бойы осы рухта, яғни бұратаналар жөнінде өзіне көп мүмкіндік берген деп санаған үстемдік етуші ұлт рухында тәрбиеленгені де даусыз факт ретінде мойындалуға тиіс деп ойлаймын. Мұны мойындағаннан кейін, дәйекті болып, халық бұқарасының өзінің артықшылықты құқықтарынан бірден бас тарта қоймайтыны да даусыз деп танылуға тиіс, өйткені бұқараның психологиясын ұзак жылдар бойы тәрбиелу жолымен өзгертуге болады. Қазіргі уақытта кез келген адам өзін *коммунист* деп атайды. Оларға жақын барып қарамайынша, кереметтің қүшімен бәрі коммунистерге айналған екен деп ойлайсың. Бірақ кереметтер ертегілерде болады, ал шын дүниеде олар болмайды, сондықтан көптеген адамдардың ойынша, коммунизм жарнамадан әрі аспайды. Сонда Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз болуға немесе мүлде болмауға тиіс болып шығады.

Баяндалғандарға байланысты мыналар қажет төрізді:

- 1) Қырғыз өлкесін басқарудың басшылығына ешбір жағдайда атағы бойынша коммунистер емес, нағыз идеялық коммунистер мен халық толық сенетін қырғыз зиялышарынан шыққан, сыннан өткен адаптациялық қызметкерлер қойылсын. Нағыз идеялық коммунистер мен қырғыздардан шыққан идеялық қызметкерлер, соңғылары коммунистер болмаса да, бір-бірімен түсінісуге және іске ортақ көзқарас болуына, қырғыздардан да, басқаларынан да шыққан шалағай коммунистерге қарағанда, тезірек ортақ тіл табыса алады; 2) халық аралас аудандар қарамағына қарайтын өкімет органдарының бөрінде езілген ұлттардың өкілдері кемінде 2/3 бөлігі болуға тиіс; 3) Қырғыз өлкесінің шаруашылық-экономикалық мекемелерін басқару әртүрлі экономикалық бейімділігі бойынша басқа губернияларға немесе облыстарға ешқандай бөлінбей және бағындырылмай қырғыздардың қолында болуға тиіс; 4) қырғыз комму-

нистері мен революцияшыл зиялышарының бүкіл саяси мәдени жұмысы кеңестік социалистік шаруашылық саясатының бастауларына негізделуге тиіс; 5) Қырғызияны біріктіретін, Орынбор қаласынан басқарылатын өскери округ құрылсын; 6) қалалардағы гарнизондар міндетті түрде қырғыздардан тұруға тиіс; 7) Қырғыз өлкесінің шекарасы жөнінде төменде аталғандарынан басқа ешқандай да өзгерістерге жол берілмеуге тиіс...

Қырғыз өскери-революциялық комитеті мен БОАК мүшесі  
А. Байтұрсынұлы

17 мамыр, 1920 жыл. Мәскеу.

Центральный государственный архив новейшей истории  
Республики Казахстан. Ф. 811. Оп. 20. Д. 568. Л. 46—48.

**БОАК ПЕН ХКК-НІҢ ҚЫРҒЫЗ АВТОНОМИЯЛЫ  
СОЦИАЛИСТИК КЕҢЕСТІК РЕСПУБЛИКАСЫН  
ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТИ**

26 тамыз, 1920 жыл.

Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі №354 декретін дамыта отырып, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі қаулы етеді:

1. Ресей Социалистік Федерациялық Кеңестік Республикасының бөлігі ретінде Автономиялы Қырғыз Социалистік Кеңестік Республикасы құрылсын, оның құрамына бұрынғы әкімшілік шекараларында мына облыстар енгізілсін:

а) Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері құрамында Семей облысы;

б) Атбасар, Ақмола, Қекшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің бір бөлігі құрамында Ақмола облысы.

*Ескерту:* Омбы уезінің Қырғыз және Сібір бөлігінің аражігін дәл белгілеу Қырғыз ревкомы мен Сібір ревкомының келісімі бойынша жасалады;

в) Қостанай, Ақтөбе, Ірғыз және Торғай уездері құрамында Торғай облысы;

г) Орал, Ілбішін, Темір және Гурьев уездері құрамында Орал облысы;

д) Закаспий облысының Манғыстау уезі; нақ сол облыстың Красноводск уезіндегі 4 және 5 Адай болыстары;

е) Астрахан губерниясынан: Синеморье болысы, Бөкей ордасы, I және II Приморье округтеріне жапсарлас жатқан бұрынғы қазыналық оброктік жердің аумағы. Жағалаудағы өнір мен Сафронов, Ганюшин және Николаевск болыстарына келетін болсак, олар шаруашылық жағын қоспағанда, барлық жақтарынан Қыргыз ревкомына бағынышты болып қалады. Халқы аралас облыстардың өзара қатынастарын егжей-тегжейлі реттеу үшін Астрахан аткомы мен Қыргыз ревкомы өкілдерінен Астрахан аткомы жаңынан комиссия құрылсын.

2. Қазіргі кезде Түркістан Республикасының құрамына кіретін қыргыз жерін Қыргыз Республикасының құрамына енгізу сол облыстар халқының ерік білдіруі бойынша жүзеге асырылады.

3. Автономиялы Қыргыз Социалистік Кеңестік Республикасының басқару органдары жергілікті депутаттар Кеңестері, Қыргыз Социалистік Кеңестік Республикасының Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі болып табылады.

4. Қыргыз Социалистік Кеңестік Республикасының істерін басқару үшін: 1) Пошта және телеграф басқармасымен қоса Ішкі істер; 2) Әділет; 3) Ағарту; 4) Денсаулық сақтау; 5) Өлеуметтік қамсыздандыру; 6) Егіншілік; 7) Азық-түлік; 8) Қаржы; 9) Халық шаруашылығы Кеңесі халық комиссариаттары; 10) Жұмысшы-Шаруа инспекциясы; 11) Енбек халық комиссариаты; 12) Қатынас жолдары халық комиссариаты құрылады.

5. Өскери аппаратты басқару үшін Еділ сырты өскери округіне бағындырылған Өскери қыргыз комиссариаты құрылады.

6. Ресей Социалистік Федерациялық Кеңестік Республикасының қаржы және шаруашылық саясатының бүкіл республика аумағындағы біртұтастырығын сақтау мақсатында Қыргыз Социалистік Кеңестік Республикасының Азық-түлік, Қаржы халық комиссариаттары, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы, сондай-ақ Халық шаруашылығы кеңесі мен Пошта және телеграф басқармасы,

Қырғыз статистика бюросы, Қырғыз төтенше комиссиясы, Еңбек халық комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариаты Ресей Социалистік Федерациялық Қенестік Республикасының тиісті халық комиссариаттарына тікелей бағынышты болып қалады.

*1-ескерту.* 6-тармақта аталған халық комиссарлары мен қырғыз өлкелік әскери комиссары Қырғыз Республикасы Халық Комиссары Қенесінің Ресей Социалистік Федеративтік Қенестік Республикасының тиісті халық комиссариатымен келісуі бойынша тағайындалады.

*2-ескерту.* Халық комиссариаттары жаңындағы алқаларды Қырғыз Республикасының Халық Комиссарлары Қенесі тағайындейді.

7. Қырғыз Социалистік Қенестік Республикасының Ішкі істер (Пошта және телеграф басқармасының), Әділет, Ағарту, Денсаулық сақтау, Өлеуметтік қамсыздандыру және Егіншілік халық комиссариаттары өз әрекеттерін өз еркінше атқарады және Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің алдында тікелей жауап береді.

8. Автономиялы Қырғыз Социалистік Қенестік Республикасы барлық қажет қаржылармен және техникалық құралдармен Ресей Социалистік Федерациялық Қенестік Республикасының қарожатынан жабдықталады.

9. Сыртқы істер мен сыртқы сауда түгелімен Ресей Социалистік Федерациялық Қенестік Республикасы орталық органдарының қарамағында қалады.

10. Қырғыз Социалистік Қенестік Республикасы Қенестерінің съезі шақырылғанға дейін Автономиялы Қырғыз Социалистік Қенестік Республикасының бүкіл өкімет билігін толығымен осы ережеде аталған шекарасында Қырғыз Социалистік Қенестік Республикасының ревкомы атқарады.

11. Қырғыз Республикасының Ақмола және Семей губернияларының басшылығын қабылдай алатын орталық органдары түпкілікті үйымдастырылғанға дейін соңғылары уақытша Сібір ревкомының қарамағында қала береді. Сібір мен Түркістан құрамында уақытша қалатын қырғыз облыстарында бірыншай саясат жүргізу үшін Сібір ревкомы мен Түркістан Орталық Атқару Комитеті Төралқасының құрамына Қырғыз ревкомының уәкілдік берілген мүшелері енгізіледі; Қырғыз ревкомының аталған

мушелері өз жұмысында соңғысына есеп береді және оның нұсқауларын басшылыққа алып отырады.

*Ескертү.* Бір жағынан, Қыргыз ревкомы және екінші жағынан, Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен Сібір ревкомының арасында кейіннен Қыргыз Республикасынан кетіп қалатын облыстардың аумақтық шекарасы жөнінде келіспеушілктер туындаған жағдайда мәселені шешу Ресей Социалистік Федерациялық Кенестік Республикасы орталық мекемелерінің карауына беріледі.

Бұқілреспейлік Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы

**М. Калинин**

Халық Комиссарлары Кенесінің Төрағасы

**В. Ульянов (Ленин)**

Бұқілреспейлік Орталық Атқару Комитетінің хатшысы

**А. Енукидзе**

Декреты Советской власти.

M., 1979. T. 10. C. 97—100.

## ҚЫРГЫЗ (ҚАЗАҚ) АКСР ЕҢБЕКШІЛЕРИ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

6 қазан, 1920 жыл.

I. Ресей жұмысшылары мен шаруаларының женістері негізінде патша мен буржуазия өкіметі кезінде Ресейді мекендейтін халықтар жөнінде ұstem болған зорлық пен алдау саясаты, сенімсіздік пен өтірік, тиісу мен арандату саясаты тоқтатылды.

II. РКФСР-ге енетін ұлттардың өзара сенімі мен түсіністігіне, Ресейдің және бұқіл дүниежүзінің, барлық еңбекшілер бұқарасының ортақ мұddeлдерді мықтап ұғынуына негізделген тығыз және туысқандық байланыс ендігі жерде осы қатынастарға негіз болып табылады.

III. Осы сенім мен түсіністік негізінде Ресей халықтарының еңбекшілер бұқарасын бұқіл дүниежүзінің жыртқыш империалистік буржуазиясының барлық қастандықтарына қарсы табанды және батыл құресуге дайын жалпы революциялық отбасына біріктіретін берік одағы құрылады.

IV. Қыргыз (Автономиялық) Кенестік Социалистік Республикасы Кенестерінің 1920 жылғы 1 қыркүйектегі

БОАҚ декреті негізінде шақырылған Бірінші Құрылтай съезі РКФСР-дің жалпы ұлт саясатының нәтижесі болып табылады, ол барлық ұлттардың еңбекші бұқараларының 1917 жылы 2 қарашада Халық Комиссарлары құқықтарының декларациясында көрініс тапқан құқығын таныш, мұлтіксіз қорғап және жүргізіп отыр.

V. Миллиондаған еңбекші бұқараның еркін білдіретін және бүкіл еңбекшілер бұқараасы үшін рухани, саяси, шаруашылық жағынан дамуды толық қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға құлшыныспен жігерленген ҚАҚСР Кенестерінің Бірінші Құрылтай съезі қаулы етеді:

1. Қыргыз өлкесі жұмысшы, еңбекші қыргыз халқы, шаруа, қазақ және қызыл әскер депутаттары Кенестерінің республикасы деп жарияланады. Автономиялы ҚКСР-інің басқару органдары жергілікті депутаттар Кенестері, Қыргыз Республикасы Орталық Атқару Комитеті және ҚАҚСР Халық Комиссарлары Кенесі болып табылады.

2. Ресей Кенестік Федерациясының басқа да автономиялық боліктері сияқты, Қыргыз (автономиялы) Кенестік Социалистік Республикасында да қанаушыларға бірде-бір өкімет органында орын болмақ емес. Бүкіл билік — заң шығарушы, атқарушы және бақылаушы билік — толық және тек еңбекші халықтың қолында болуға тиіс.

Сайлау күніне қарай 18 жасқа толған және тіршілік құралдарын жеке өзінің өндірістік, қоғамдық-пайдалы еңбегімен табатын барлық ерек-әйел азаматтар, сондай-ақ алғашқылары үшін өнімді еңбек етуге мүмкіндік туғызуды адамдар діни сеніміне, ұлтына, отырықшылығына және т.б. қарамастан, Кенестерге сайлану және сайлау құқығын пайдаланады.

Мыналар: а) бұрынғы полиция қызметкерлері мен агенттері; б) есінен ауысқан және ақылы кем адамдар; в) қамкоршылықтағы адамдар; г) пайдакунемдік және атына кір келтірген қылмысы үшін сотталғандар; д) пайда табу мақсатымен жалдама еңбекті қолданатын және еңбексіз тапқан табыспен күнелтетін адамдар сайлауға қатыспайды және сайланған алмайды.

3. ҚАҚСР автономиялы мүші ретінде РКФСР біріктіріген Кенестік Республикалардың еркін федерациялық одағына енеді.

4. РКФСР-мен бірге адамды адамның қанауын жоюды, қоғамның таптарға бөлінуін толық жоюды, қандай үлтқа жататынына қарамастан, қанаушыларға қарсы аяусыз күресуді және қоғамның социалистік ұйымын орнатуды басты міндеге етіп қоя отырып, ҚАКСР Қеңестерінің Бірінші съезі одан өрі қаулы етеді:

а) өндірістің барлық түрін: фабриктер, зауыттар, кеніштер және басқа да.., сондай-ақ банктерді экспроприациялау және оларды Ресей Федерациясы еңбекшілері мемлекетінің қолына беруге мүмкіндік жасау жөніндегі РКФСР-дің саясаты жүргізілсін;

б) РКФСР-дің жерге жекеменшікті жою және оны еңбекшілер мемлекетінің қарауына беру саласындағы саясаты жүргізілсін;

в) ҚАКСР-дің қырғыз және шаруа кедейлерінің, өсіресе қырғыз еңбекші бұқарасының, патша үкіметі мен Ресей буржуазиясы тонап келген топтарының мүдделерін қамтамасыз ету жер саясатынға негізіне алынсын;

г) еңбекші қырғыз бұқарасының отырықшы өмір салтына көшуіне жәрдем жасалсын, бұл орайда шаруашылықты ұжымдастыру жағдайында мұның өзі еңбекші қырғыз халқының экономикалық және рухани дәрежесін көтеру жөніндегі басты шарапардың бірі деп саналсын;

д) ҚАКСР-інде қоғамның арамтамақ элементтерін жою мақсатында және социалистік шаруашылықты тезірек үйімдастыру үшін еңбек ету республиканың барлық азаматтарының міндегі деп танылсын және жалпыға бірдей еңбек міндегерлігі енгізілсін;

е) еңбекшілердің білім алуына шын мәнінде жол ашуды қамтамасыз ету мақсатында жұмыспыларға, ең кедей шаруаларға және еңбекші қырғыз халқының бүкіл бұқарасына толық, жан-жақты және тегін білім алуға мүмкіндік беру міндеге етіп қойылсын, сонымен бірге халықтың сауатсыздығын жою және жеткіншек жас үрпақтың дene және рухани жағынан жан-жақты және салауатты дамуына жағдай жасауды қамтамасыз ету қолға алынсын;

ж) еңбекшілердің қалың бұқарасының денсаулығы мен өмірін сақтау РКФСР тәжірибесімен толық сөйкес етіліп, соғы кезде қолданылып жүрген жалпы зандар негізіне қойылсын;

3) Ресейдің еңбек туралы зандар кодексі және оның жұмысшыларының еңбек қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы барлық негізгі женістері ҚАКСР еңбекшілер бұқарасына бірдей мөлшерде қолданылсын;

и) әйелдер күн болып қалып отырған жағдайда қоғам өзін азат деп санай алмайтындығын негізге ала отырып, осы кезге дейін қоғамдық және отбасылық өмірде күн болып келген әрі сонымен бірге шаруашылықтағы тіл алғыш жұмыскер болып табылатын қырғыз әйелдері бұдан былай қарай қоғамның тәң құқықты мүшесі деп саналып, оларға бүкіл еңбекшілер бұқарасының женісі мен игілігі болып табылатын саяси және азаматтық құқықтар түгел берілсін;

к) халықтық әділет еңбекшілердің құқықтарының осы Декларациямен белгіленетін негізгі ережелеріне қайшы келмейтін жерде қырғыз халқының тұрмыстық ерекшеліктерімен санаса отырып, кеңестік Ресейдің халықтық революциялық сотының тәжірибесімен дәлме-дәл сәйкес құрылсын;

л) ұлы жұмысшы-шаруа Қазан төңкерісінің женістерін барынша қорғау мақсатында социалистік отанды қорғау барлық ҚАКСР азаматтарының міндепті деп танылсын. Төңкерісті қолына қару алып қорғау мен тиісті өскери даярлықтан өтудің құрметті құқығы тек еңбекшілерге ғана беріледі.

5. Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының экономикалық саясатын Ресей Федерациясының қалған бөлігінде жүргізіліп отырған саясатпен шаруашылық жағынан толық өзара іс-қимыл жасап, үйлестірілген жағдайда ғана ойдағыдай жүзеге асатынын мойындей отырып, ҚАКСР Кеңестерінің Бірінші съезі Қырғыз Республикасының шаруашылық жағынан оқшаулануы орын алмауға тиіс, қаржы және шаруашылық саясаты, қазақ халқының тұрмыстық ерекшеліктері мен шаруашылық формаларын ескере отырып, Автономиялы Қырғыз Кеңестік Республикасы туралы 1920 жылғы 1 қыркүйектегі Ереженің 4, 5, 6, 7, 8, және 9-тармақтары негізінде РКФСР-дің тиісті халық комиссариатымен үйлестіріле және олармен толық бірлікте, сәйкестіріле жүргізіледі деп қаулы етеді.

6. Нақ сол сияқты съезд Қырғыз Республикасы Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының

қалған бөліктерінен әскери жағынан да оқшауланбауға тиіс деп таниды. Тек бірыңғай әскери саясат пен Федера-цияның барлық автономиялы бөліктерінің РКФСР орталық басшы әскери органдарына толық бағынуы ғана жыртқыш дүниежүзілік империализмін біріккен күштеріне қарсы Кеңестік Республика құресінің ойдағыдай іске асуын қамтамасыз етеді.

7. Қыргыз республикасында оның құрамына енетін барлық ұлттардың бейбіт және туысқандық қатар өмір сүруі үшін қолайлы жағдай орнатуға ұмтыла отырып, ҚАКСР Кеңестерінің Бірінші съезі әрбір ұлттың барлық мемлекеттік мекемелер мен мектепте ана тілін пайдалануға бірдей құқығы бар, олардың әрқайсысына ұлттың еркін дамуына құқық және толық мүмкіндік беріледі және ол қамтамасыз етілуге тиіс деп мәлімдейді.

8. Осы Декларацияда ұсынылып, жарияланған жалпы ережелер негізінде жұмысшы, шаруа, қыргыз еңбекші халқы, казак және қызыл әскер депутаттары Кеңестерінің Бүкілқырғыздық Бірінші съезі кеңес құрылсының басты салалары бойынша съезд қауыларының негізінде ҚОАК Төралқасына ҚАКСР негізгі заңының жобасын өзірлеуді тапсырады.

Образование Казахской АССР.  
Алма-Ата. 1957. С. 269—272.

**ТУРКІСТАН ТӨТЕҢШЕ КОМИССИЯСЫНЫҢ КОММУНИСТ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТОБЫНЫҢ РК(б)П ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТИНЕ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН**

Наурыз, 1921 жыл.

...Қаншалықты күйінішті болғанымен, коммунистің жазалау органына барса болды, адам болудан қалатынын, механикалық жолмен іске қосылатын автоматқа айналатынын мойындауға тиіспіз. Тіпті механикалық жолмен ойлайды, өйткені оның тек еркін сөйлеуге, сонымен қатар жеке басының еркін ойлауға құқығы алынып қойылады. Ол өз көзқарасын еркін айта алмайды, өз мұқтаждарын баяндай алмайды, өйткені бұлардың бәрі үшін атылу қатері төнеді... (Төтенше Комиссия қызметкерлері) Республиканың саяси өмірінен тыс қалған.., олардың бойында менмендік және т.т. сияқты жаман

әдегтер қалыптасады. Сөйтіп, олар бірте-бірте, өздері де байқамай, партиямыздың қатарынан оқшауланып, өздерінен бұрынғы жандармдар кастасын еске түсіретін ерекше касталық топ құруда. Партия үйымдары оларға бұрынғы құзет орындары сияқты, қорқынышпен және жек көріп қарайды... Партияның темір құрсанған жұдышыры бола отырып, нақ осы жұдышық партияның өз басына соққы болып тиеді.

Коммунист.  
1989. №14. С. 77—78.

## ЖЕРСІЗ ЖӘНЕ ЖЕРІ АЗ ДИҚАНДАР ОДАҒЫНЫҢ (КЕЙІНРЕКТЕ — ҚОСШЫ ОДАҒЫ) ЖАРҒЫСЫНАН

16 ақпан, 1921 жыл.

### 1. Одақтың мақсаттары мен міндеттері

1. Қосшы және жері аз дікандар одағының негізгі міндеті — қыстақ пен ауылда пролетар және жартылай пролетар бұкараны біріктіру мен үйымдастыру, талтых жіктеліс жүргізу және пролетариаттың деревня кедейлерімен одағын жүзеге асыру болып табылады.

#### 2. Одақ өзіне:

а) қанаушылықты, еңбек етпейтін шаруашылықтарды түп-тамырымен толық жою;

б) республиканың азық-түлік және шаруашылық ор-гандарының ауыл шаруашылығының азық-түліктік және техникалық маңызы бар өнімдерін өндіру мен өткізу жөніндегі бағдарламасын бүлжытпай іс жүзіне асыру;

в) еңбек артельдері мен жерді ортақтасып өндеуді үйымдастыру;

г) мәдени деңгейді арттыру, ұжымшылдық идеяларын жүргізу және барлық мүшелердің таптық сана-сезімін дамыту;

д) түрлі қоғамдық үйымдар мен мемлекеттік мекемелерде өз мүшелерінен өкілдік үстап, олардың мүдделерін корғау міндетін қояды.

#### 3. Алға қойылған міндеттерге жету үшін одақ:

а) жер реформасын жүргізу кезінде тиісті жергілікте өкімет органдарында деревняның қанаушы топтарының мүдделерін жан-жақты жүзеге асыруға;

б) жергілікті өкімет органдары арқылы сол жердің ерекше жағдайларына бейімделген және кедейлердің жерге, суға, мал мен жансыз құрал-саймандарға деген қажеттерін қанағаттандыру мақсатында байлар мен кулактарды экспроприациялауға бағытталған экономикалық шаралар жүргізуге;

в) талтың салғырт жүргізуде және қала өнімдерін алып қойған кезде де, деревняда кооперативтер арқылы бөлген кезде де оның дұрыстығын қадағалауда Азықтүлік комиссариаты органдарына жәрдемдесуге;

г) объективті жағдайларға байланысты өз участкесін дер кезінде өндей алмайтын одак мүшелеріне жерді өндеу кезінде және одактың өрбір мүшесі асығыс әрі сезсіз қажетті жұмысты жеңе-жеңе атқара алмайтын жағдайларда көмек көрсету мақсатымен қоғамдық енбекті үйымдастыруға;

д) одак мүшелері арасында агрономиялық білімдерді таратуға;

е) тиісті өкімет органдары арқылы мектептер, клубтар, кітапханалар, арнаулы ауыл шаруашылығы курстарын және басқаларын ашу сияқты қажетті мәдени-ағарту шараларына жәрдемдесіп, оларды жүргізуге үмтыйлады...

Советское строительство в аулах и селах Семиречья  
(1921—1925 гг.). Сб.: документов и материалов.  
Алма-Ата, 1957. Ч. I. С. 153—154.

**ПАТША ҮКІМЕТІ СІБІР ЖӘНЕ ОРАЛ КАЗАК  
ӨСКЕРЛЕРИНІҢ МЕНШІГІНЕ БӨЛІП БЕРГЕН ЖЕРДІ  
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕҢБЕКШІ ХАЛҚЫНА ҚАЙТАРЫП БЕРУ  
ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ АҚСР ОАК-нің ДЕКРЕТИ**

19 сәуір, 1921 жыл.

1. 1904 жылғы 31 мамырда Мемлекеттік Кеңестің жоғарғы дәрежеде бекітілген пікірмен Сібір казак өскерінің меншігіне берілген, Семей губерниясындағы Өскемен, Семей, Павлодар уездерінің, Ақмола губерниясындағы Омбы және Петропавл уездерінің шегіндегі Ертіс өзенінің сол жағалауында және Ақмола губерниясындағы Звериноголов станциясы — Петропавл — Омбы ескі жолының онтүстік жағында жатқан он шақырымдық танап қырғыздардың осы өнірде ежелден

тұрып келе жатқан және оны Сібір казак өскерінен жалға алып келген еңбекші халқына қайтарылып беріледі.

2. Қырғыз (қазақ — авт.) Атқару Комитеті I сессиясы қарапының (1921 жылғы 15 ақпандағы №8 бюллетень) 2-параграфына сәйкес Орал губерниясы шегіндегі Жайық өзенінің сол жағалауындағы 1882 жылы патша үкіметі еңбекші қырғыз халқын шеттетіп, Орал казак өскерінің меншігіне берген танап қырғыздардың еңбекші халқына қайтарылады.

3. Он шақырымдық танап шегіндегі (1-бап) офицерлер мен өскер участекелерінде орналасқан, меншік және ұзак мерзімді жалдау құқығындағы шаруашылықтар социалистік жолмен жерге орналастырылғанға дейін уақытша сақталып қалады және ең жақын көршілес станицаның әр шаңырағына тиесілі жер үлгісіне тәң жерді пайдаланады.

4. Жоғарыда келтірілген аудандарда (1 және 2-баптар) орналасқан өнеркәсіп орындары, тұз шығаратын орындар, дірмендер, карьерлер мен балық көсіпшіліктегі социалистік жолмен жерге орналастырылғанға дейін сақталып, оларға көсіпшілігін жүргізу үшін қажетті жер көлемін пайдалануға қалдырылады.

5. Артылып қалғандары (3 және 4-баптар) еңбекші қырғыз халқының пайдалануына қайтарылып беріледі.

6. Қырғыз Егіншілік халық комисариатына қырғыз кедейлерін он шақырымдық танап пен Орал өзенінің сол жағалауындағы танабында жұмысқа орналастыру үшін бірінші кезекте жерге орналастыру жұмысын жоспарға енгізу тапсырылады.

7. Қырғыз Егіншілік халық комисариатына ауыл шаруашылығы жерін (1 және 2-баптар) Ертіс өзенінің бойындағы он шақырымдық танап пен Орал өзенінің бойындағы сол жағалау танабында тұратын еңбекші қырғыз халқы арасында бөлу кезінде жергілікті жер органдарының басшылыққа алуы үшін уақытша нұсқауды (atalған декретті жүзеге асыру жөніндегі нұсқауды ҚАКСР Егіншілік халық комиссариаты 1921 жылғы 20 желтоқсанда қабылдады) тез арада басып шығару тапсырылады.

8. Социалистік жолмен жерге орналастырылғанға дейін аталған аудандарда (1 және 2-баптар) уездік жер бөлім-

дерінің бақылауымен болыстық жер бөлімдері ауыл шаруашылығы жерінің (шабындықтардың, егістіктердің, жайылымдардың, суаттардың) бөлінуін басқарып, бірінші кезекте енбекші қырғыз халқының мұдделерін қорғайды.

9. Осы декрет оның қырғыз және орыс тілдерінде жергілікті губерниялық баспасөз органдарында жарияланған және радио арқылы берілген кезінен бастап күшіне енеді.

Қырғыз Орталық Атқару  
Комитетінің Төрағасы үшін.

Социалистическое строительство в Казахстане  
в восстановительный период (1921—1925 гг.).  
Сб.: документов и материалов. Алма-Ата, 1962. С. 284—285.

### ҚАЗАҚ АҚСР ОАК-нің ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ИС ЖУРГІЗУДІ ЕНГІЗҮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТИНЕН<sup>1</sup>

22 қараша, 1922 жыл.

Бүкілқырғыздық Кеңестер съезінің қаулыларын және Қырғыз Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің:

а) ҚАКСР аумағында қырғыз және орыс тілдерін мемлекеттік тіл деп тану туралы;

б) ҚАКСР-нің мемлекеттік және қоғамдық мекемелері мен ұйымдарында орыс тілімен қатар қырғыз тілінде де іс жүргізуі енгізу туралы;

в) декреттерді, нұсқауларды, нұсқау хаттарды, міндепті қаулылар мен басқа да заң және үкімет актілерін еki тілде қабылдау мен шығару туралы декреттерін жүзеге асыру үшін Қырғыз Орталық Атқару Комитеті қаулы етті:

1. 1924 жылғы 1 қантардан бастап ҚАКСР-нің барлық қазақ болыстарында мына уездерде: Ақтөбе губерниясының Адай, Торғай, Шалқар, Темір, Ақтөбе, Ырғыз уездерінде, Бекей губерниясының барлық уездерінде, Семей губерниясының Қарқаралы, Зайсан, Ақмола губер-

<sup>1</sup> 1923 жылғы желтоқсан айында РКФСР Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі де “Түркістан Республикасында жергілікті тілде іс жүргізуге көшуді жеделдешу шаралары туралы” осындай декрет қабылдады.

ниясының Ақмола, Атбасар, Шарлық уездерінде іс жүргізу қырғыз және орыс тілдерінде қосарлас жүргізіледі.

2. Орынбор губерниясы мен оның уездерін қоспаганда, ҚАКСР-інің қалған уездері мен губернияларының бөрінде қырғыз тілінде іс жүргізу 1924 жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей толық енгізіледі, уездік және губерниялық органдар сол мерзімге қарай өз аппараттарын қырғыз және орыс тілдерінде іс жүргізууді қосарлас жүргізуге міндеттеледі.

Социалистическое строительство в Казахстане  
в восстановительный период (1921—1925 гг.).  
Сб.: документов и материалов. Алма-Ата, 1962. С. 96—97.

### КЕНЕСТЕРДІҢ БҮКІЛҚАЗАҚТЫҚ В СЪЕЗИНЦ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХИ ДҮРҮС АТАУЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

18 сәуір, 1925 жыл.

Қырғыз халқының тарихи дүрүс атын қалпына келтіру үшін Кенестердің V съезі қаулы етеді: қырғыздар алдағы уақытта қазактар деп аталсын.

Социалистическое строительство в Казахстане  
в восстановительный период (1921—1925 гг.).  
Сб.: документов и материалов. Алма-Ата, 1962. С. 153.

### БҮКІЛОДАҚТЫҚ ОАҚ-НІҢ ҚЫРҒЫЗ АКСР-ІНІҢ АТЫН ҚАЗАҚ АКСР-І ЖӘНЕ АҚМЕШІТТИҢ АТЫН ҚЫЗЫЛОРДА ДЕП ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

15 маусым, 1925 жыл.

Қырғыз АКСР Кенестерінің V съезінде білдірілген Қырғыз АКСР енбекшілерінің еркіне сәйкес, Бүкілодактық Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы қаулы етеді:

1. Қырғыз АКСР-інің аты Қазақ АКСР-і деп өзгертуілсін.

2. Қырғыз АКСР ұқіметі орналасқан жер — Ақмешіт қаласының аты Қызылорда қаласы деп өзгертуілсін.

КПСС и Советское правительство  
о Казахстане (1917—1977 гг.).  
Сб.: документов и материалов. Алма-Ата, 1978. С. 78.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САЯСАТТЫҢ КЕЙІРП СӨТТЕРІ

Қазақ жолдастар өз істері жөнінде өнгімелескенде мынадай пікірлер ұсынды.

1. Шет аймақтар мешеу күйде қалған. Оларды дамытуға және олардың Мәскеуден бұдан гөрі де кейіндеп қалмай, қайта оған жақындей түсіне қарқын беру керек. Біз бұл жерде жалпы даму мәселесінің осы аймақтағы ерекшелігін ғана көріп отырмыз.

2. Одақтың артта қалған бөліктеріне жұмсалатын құрделі қаржы тез арада өзін-өзі ақтай алар емес. Орталық мекемелердің мұндаи салымдарға енжар, ішінара белсенді қарсылық көрсетуі де сондықтан.

3. РКФСР-дің басшы мекемелеріне Қазақстанның қатысуы мұлде сезілмейді. Сірө, дербес республика болып бөлініп шығу пифылы да жоқ емес шығар.

4. Орталықтың қоныстандыру саясатына шағымдары: қазақ бұкарасы Кенес өкіметіне жер революциясы нәтижесінде тартылды; қазақтардың жеріне көз аларту дереу аландашылық туғызды. “Біз қоныстандыру саясатына қарсы еместіліз, бірақ ен алдымен, тұрғылықты халықтың жерге деген сұранымын қанағаттандыру керек”.

5. Біз Қазақстанның жер және өзге де мұдделері туралы мәселе қойғанымызда, Сіздер патшалық саясат үшін кек алғыларыңыз келеді деп жауап қайтарады. Біздің коммунистер ретінде мәселелерге жалпы мемлекеттік тұрғыдан қарай алғынымызға онша сенбейді.

6. Ведомстволарда шет аймақтардағы барлық шарушылық және мәдениет мәселелерін шешкен кезде өткен заманың дәстүрлерін берік ұстанатын бұрынғы мамандардың көзқарасы басым.

7. Ұлт коммунистері бой көтерді, бірақ орталықтан жіберілген басшылар оларға жол берер емес. Бізді өсіп-жетілген жоқ деп санайды.

8. Еуропа және қазақ коммунистерінің арасында — дуал түр. Мұлде бөлек өмір сүреді. Тіпті шахматты да бірге ойнамайды.

9. Еуропалық коммунистер орталықтың жалпы бағытын жүргізеді. Оларда принципті негізде жарыссөз де, қактығыстар да жоқ, мұны олардың немқұрайдылығымен түсіндіруге болады.

10. Керісінше, үлтжандылар қызу қанды. Үлтжандылар арасында — топшылдық бар. Бұл топшылдықты орталықтан жіберілген басшылар қолдайды, тіпті әдей қоздырып отырады. Мақсаты не? Біріншіден, өз үстемдігін нығайтпақшы; екіншіден, ішкі алауыздықтар арқылы орталықтың саясатына байланысты мәселелерден жүргіттың назарын басқа жаққа аудармақшы.

11. Қазақ коммунистері арасында үш топ бар: біреуі — Голошекиннің төңірегіндегілер — бұлар жоғарыдан берілген нұсқауларға әрқашан және барлық жағынан құлдық ұрып, құлақ асатын адамдар; екіншісі — “солшыл”, олар да Голошекинді қолдайды, бірақ менің түсінуімше, біршама тәуелсіз, ушіншісі — “оңшыл”, менімен әңгімелескендер соларға жатады; айтпақшы, “солшылдардың” екілдері кейде “оңшылдарға” қосылып кетеді.

12. Ал алауыздық неде? “Бізді кедейлерге қырын қарап, байлардың қамын ойлаушылар деп кінәлайды, бірақ біз байларға қарсы кез келген парасатты шараларды жүргізуге дайынбыз, бізге оларды айқын және нақты ұсынатын болсын”, — дейді олар.

13. Голошекин бір сөзінде былай деді: “Қазақстанда кіші Қазан төңкерісін жасау керек”. Бұл не? — ол түсіндірген жоқ; ол ешқандай да нақты шаралар ұсынбай отыр. Қазақстандағы ішкі саясатта біз принципті де, тіпті практикалық алауыздықтар көріп отырған жокпыш. Мұның бәрі РКФСР-ге көзқарас туралы мәселені бүркемелеу үшін жасанды жолмен ұсынылып отыр.

14. Менімен әңгімелескендердің екіншісі былай дейді: “Мәселенің ауыртпалығы — Голошекин тобының ауыл мен орыс деревнясына әртүрлі көзқарасында, Голошекиннің пікірінше, орыс кулактарын едөүір әлсіретіп, қорлап қойдық та, қазақ байын әлі қозғаган жокпыш. Сондықтан ауылдарға кіші Қазан төңкерісін жасау керек”. Басқаша айтқанда, Голошекин орыс деревнясындағы азаматтық татулықты, ауылдағы азамат соғысын үағыздайды.

15. Бізді төрешілдік тұншықтырып отыр, ол барған сайын кері тебетін түр алғып отыр, сондықтан еуропалық коммунистер мен қазақ коммунистері арасында дуал түр. Қорқыныш, екіжүзділік, ғайбаттау үлкен рөл атқаруда.

Жағдайды бұлайша сипаттауда айқын емес нәрсeler көп. Әрине, орыс деревнясы мен ауыл жөнінде айтылғандары ерекше маңызды. Бұл арада мәселе неде? Сонда

“оңшылдар” кулактарға бүйрек бұрушылықты айыптау жағында болып шығады. Бұл шын ба? Жалпы кулактарға бүйрек бұрушылықтың болуын теріске шығара отырып, әлдебір әкімдердің оны артта қалған облыстарда оңай ашуы, сондай жолмен өздерінің солшылдық беделін арттырып, әкімшілік жүргізуін женілдетуі болып шығуы мүмкін емес пе екен.

Владимир Ильич: “Орыс коммунистері шет аймақтарда көмекшілер болуға тиіс” деген еді. Сол көмекшілердің кейбіреулері өздері “камқорлығына алғандарды” қыбыр еткізбей отыр.

Жалпы алғанда, меніңше, ортаның өзіндегі сараланудың аз болуы салдарынан коммунистер арасындағы идеялық топтардың солқылдақ, тұрақсыз сипатта болуы әбден мүмкін. Соның салдарынан “оңшыл” және “солшыл” фракцияларға жатқызу оңай болмак. Алайда орталықтың төрешілдігіне қарсы қарес барысында жергілікті жерде ұлтшыл-буржуазиялық идеология әлементтерінің қалыптасу мүмкіндігі орын алмай қоймауы әбден ықтимал.

Негұрлым артта қалған халықтардың жас және қабілетті ұлтжандыларын тап қүресімен негұрлым жақын танысу үшін шетелге жіберу жақсы болар еді. Бізде олар бірден-ақ мемлекеттік-әкімшілік ойлау болмысына тәрбиленіп, қасансып кетіп жүр.

Л.Троцкий

Архив Троцкого. Коммунистическая оппозиция в КСРО (1923—1927 гг.). М., 1990. Т. 1. С. 197—199.

\* \* \*

**Күзембаев Тұсіп (1890—1958)** — стахановшы-шахтер, Социалистік Еңбек Ері (1948). 1908 жылдан шахталарда істеген. 1935 жылғы қыркүйекте оның 6 адамнан тұратын бригадасы әрбір жұмыс істеушігে шаққандағы жұмыс нормасын 20 есе асыра орындал, республикалық рекорд жасады.

**Сәдуақасов Смағұл (1900—1933)** — қоғам қайраткері, жазушы, көсемсөзші. 1920 жылдан Компартия мүшесі. 1925 жылдан Қазақ әлкелік партия комитетінің бюро мүшесі. Омбы ауылшаруашылық училищесін, Мәскеу көлік инженерлері институтын бітірген. Жастар қоз-

ғалысы көшбасшыларының бірі. Ө.Бекейхановтың күйеу баласы. Республикалық газеттердің редакторы, халық ағарту комиссары, ҚазОАК хатшысы, ҚазПИ-дің ректоры болыш жұмыс істеді. 1928 жылдан бастап республикадан кетууге мәжбүр болды.

**ҚАСР АҒАРТУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ  
АЛҚА МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИЙ  
ЕНГІЗУДІ ЖЕДЕЛДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР  
ТУРАЛЫ ХАТТАМАСЫНАН**

6—8 ақпан, 1930 жыл.

**3. Тыңдалды:** Жаңа әліпбиді енгізуді жеделдету жөніндегі шаралар туралы.

**Қаулы етіледі:** Жаңа әліпбиге көшіруді жеделдету және Қазақстанның 10 жылдығына қарай араб әліпбій мемлекеттік, қоғамдық өмірдің барлық салаларынан біржола ығыстырып шығу туралы нұсқаушы органдардың нұсқауларын негізге ала отырып, Ағарту халық комиссариатының алқасы қаулы етеді:

1. Ағарту халық комиссариатының барлық бөлімдері мен органдары оку-тәрбие, саяси-ағарту, ғылыми, кітапхана, баспа және кенсе жұмыстарының барлық жақтарын Қазақстанның 10 жылдығына қарай барлық 100 пайызға көшіру үшін жеделдетілген жұмыс қарқынын дамыта түссін. Бұл шараларды атқару мерзімінде де Ағарту халық комиссариаты жұмысының әрбір саласының басшыларына жауапкершілік жүктеледі...

**Төраға Манаев  
Хатшы Соболев**

Культурное строительство в Казахстане (1918—1932 гг.). Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1965. Т. 1. С. 75.

**БК(б)П ҚАЗАҚ ӨЛКЕЛІК КОМИТЕТИНІҢ  
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІН ҮЙЫМДАСТАРЫ  
ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНАН**

9 желтоқсан, 1933 жыл.

Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін үйымдастыру туралы БК(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі Одағының 1933 жылғы 20 қазан-

дағы шешімдерін және РКФСР Ағарту халық комиссариатының 1933 жылғы 29 казандағы №628 бүйрігін негізге ала отырып, БҚ(б)П Өлкелік комитетті бюросының 1933 жылғы 13 қарашадағы қаулысын өзгертіп, Өлкелік комитет қаулы етеді:

1. Алматыда педагогикалық институт сақталсын.
2. 1934 жылғы 1 қантардан бастап Алматыда қазіргі педагогикалық институт негізінде Қазақ мемлекеттік университеті мына факультеттер: а) физика-математика; б) биология факультеттері құрамында үйымдастырылсын. Химия, тарих-экономика, әдебиет пен тіл факультеттері 1934 жылғы 1 қыркүйектен бастап ашылсын.
3. 1934 жылғы 1 қантарда қабылдау контингенті 120 адам: а) физика-математика факультеті 60 адам; б) биология факультеті 60 адам болып белгіленсін.
4. Белгіленген контингенттің жиналудың қамтамасыз ету үшін Өлкелік комитеттің мәдени-ағарту бөлімі мен Ағарту халық комиссариаты ҚазМУ дирекциясымен бірлесе отырып, бірқатар шараларды — орта оқу орындарын бітірген және ҚазМУ-ға қабылдау ережелерін қанағаттандыратын адамдарды іріктеп алу, Қазақстанда бар жоғары оқу орындарының I және II курс студенттерінен ішінara іріктеп алу үшін барлық облыстарға арнайы адамдар жіберу шаралары мен университетке адамның толық алынуын қамтамасыз ететін, т.б. шараларды жүргізсін.
5. Университет дирекциясының алдына ҚазМУ-ға қабылданатын студенттер құрамында қазақтар мен шығыс ұлттардың 60—70 пайыздан кем болмауы міндет етіп қойылсын.
6. Педагогикалық институттың директоры университетке пайдалану үшін шарт негізінде зертханалар, кабинеттер және кітапхана беретін болсын...

В братском единстве народов КСРО (1920—1937 гг.).  
Документы и материалы. Алма-Ата, 1972. С. 439.

БҮКІЛОДАҚТЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ  
КОМИТЕТИНДІ ТӨРАҒАСЫ М. И. КАЛИНИН ЖОЛДАСҚА  
ҚАКСР МАКСИМ ГОРЬКИЙ АУДАНЫНЫҢ №4 АУЫЛДЫҚ  
КЕҢЕСІНДІ АЗАМАТЫ ДҮЙСЕНБИНОВ НУРГАЛИДАН

10 ақпан, 1932 жыл.

Қазақстанда тұратын барлық халық аштан өліп жатыр, кейбір жерде тұтас ауылдар халқының қырылуы (байқалды), мысалы: Павлодар және Ертіс аудандарының №№9, 10, 11 ауыл кеңестері, сондай-ақ Қазақстанның (басқа аудандарында)<sup>1</sup>.

Соңғы уақытта барлық жерде халық қырылып, өле бастады, егін шықпай қалды, барлық мал мемлекетке тапсырылған, (ал) мемлекет тарарапынан колхозшылар (үжымшар) наңмен жабдықталмайды, халықтың ішіп-жайтін еш нәрсесі жок. Әрбір қожайынның жеке пайдалануында және колхоздарда бірде-бір мал<sup>2</sup>, жылқы жок. Рынокта базар<sup>3</sup> және еркін сауда өткізілмейді, оларға жергілікті жерде тыйым салынған, астық мұлде жок. Жергілікті ұйымдарда жұмыс істейтін қызметшілер, село-ауылдардың Төрағалары мен мүшелерінің жергілікти активі, партия үялары мен кандидаттық топтардың хатшылары, сондай-ақ аудандық ұйымдарының қызметкерлері өзгелердің мұлқін тонаумен айналысада. Егер қайсыбір азаматтан немесе колхозшыдан бір тілім нан, бір қадақ үн және бір кесек ет көрсе болғаны, бейне бір мемлекетке тапсырылатын сияқты тартып алады да, өздері пайдаланады, шынына келгенде олардың өзі ішіп-жеп қояды. Сонымен бірге акшаны, жақсы кімді және басқа да әртүрлі мұлікті тартып алады, тінту жүргізіп, халықты қорқытады. Мұнымен қатар пара алушмен де айналысады: кімнен алғысы келсе, содан алады. Егер қайсыбір адам пара бергісі келмесе, ол кедей немесе орташадан тәмен адам болса да, ол даусынан айырылады<sup>4</sup>, тәркіленеді (мұлкі), сөйтіп ол енді *кулак* деп саналады<sup>5</sup>. Осы қырғын, өлім, тәркілеуден, парадан және

<sup>1</sup> Мәтінде “барлық аудандары”.

<sup>2</sup> Мәтінде “бір мал да”.

<sup>3</sup> Мәтінде осылай.

<sup>4</sup> Әңгіме сайлау дауысы құқығы жайында болып отыр.

<sup>5</sup> Мәтінде “болып табылады”.

мал-мұлқінің тоналуынан (корыққан) халық беті ауған жаққа кетеді; қайыршы болып қайыр сұрап, тіпті басқа өлкеге немесе округке ауа көшеді. Мынадай жағдайлар болды: әкесі мен шешесі аштықтан өздерінің жас балаларын тастап кетіп қалған. Бұл Қазақстанда халықтың бұдан әрі тіршілік ете алмайтынын (көрсетеді)<sup>1</sup>, өмір сүру өте қыын. Оның үстіне, жергілікті өкімет орындары осы аш халықтан әртүрлі бүйымдар мен азық-тұлік дайындау науқанын жүргізеді, ал халық болса, оны орындау салдарынан өзінің тамағына бір тілім де нан таба алмайды. Жергілікті өкімет орындары халықтың қырылуы “аштықтан емес, қайта тырысқақпен аурудан” деп иландырмақшы болады. Шынына келгенде, халық арасында тырысқақ ауруы жоқ. Мұны жоғарыдағы органдарға хабарламай, жасырып отыр. Жергілікті үйымдар халыққа Кенес өкіметі бейнебір тонаумен айналысады, өсіреке орташа кедей шаруашылығында дүшпандық (көзқараста) дегенді үғындырып, село шаруашылығын социалистік жолымен қайта құруды сәтсіздікке ұшыратуда. Біздің ауданың және Қазақстанның басқа аудандарының барлық халқы аштықтан Кенес өкіметіне наразы болып отыр. Аштықтан басқа (халық киім-кешектің болмауынан азап шегуде)<sup>2</sup>, өнеркәсіп тауарларымен жабдықталмайды.

Осы өтінішті жолдай отырып, Сізден өтінетінім:

1) Халықтың аштан өлуін, қырылуын тоқтату [үшін] шүғыл шаралар қолданып, мемлекет тарарапынан тамақ өнімдерімен жабдықтау, олар жөнінде жүргізілетін әртүрлі дайындау науқандарын тоқтатып, өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз ету және жер-жерде еркін сауда, базарлар мен рыноктар ашу керек.

2) Талап-тонаумен, пара алумен айналысып, басқалардың мұлқін пайдаланатын, Кенес өкіметін<sup>3</sup> халыққа дүшпан [етип] көрсетіп, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды сәтсіздікке ұшырататын барлық аудандық үйымдар мен жергілікті өкімет орындарының қызметкерлерін, белсененділерді, ауыл-село кеңестерінің

<sup>1</sup> Мәтінде “түсіндіреді”.

<sup>2</sup> Мәтінде “өте аш-жалаңаш”.

<sup>3</sup> Мәтінде “Одағын”.

Төрағаларын, мүшелерін бүкіл дүниежүзі пролетарлық революциясының жаулары ретінде қатаң қылмыстық жауапқа тарту керек.

Осы өтініштің нәтижелері туралы тәмендегі мекенжайға сәйкес пошта арқылы хабарлауды өтінемін:

Качира пошта бөлімшесі, Қазақ АҚСР,  
(Бұрынғы Павлодар округінің) Максим Горький ауданы,  
№4 ауылдық кенес **Дүйсенбинов Нұргалиға**

Голод в казахской степи.  
Документы и материалы. Алма-Ата, 1991. С.120—121.

\* \* \*

**T. Рысқұлов**

### ТҮРКСІБ ЖУМЫСЫНЫҢ БЕС ЖЫЛЫ

Бірінші мамырда Түркістан — Сібір теміржолының пайдалануға берілгеніне бес жыл толады. Түркісіб жұмыспылары мен қызметшілерінің ұжымы және Қазақстан еңбекшілері Бірінші мамыр күнімен орайлас келетін Түркісібтің бесжылдық мерейтойын салтанатпен атап өтуге әзірленуде.

Түркісіб — бірінші бесжылдықтың “Днепрстроймен” құрылышы бір мезгілде басталып, ірі обьектілердің ішінде “Волховстройдан” кейін бірінші болып іске қосылған алғашкы альптарының бірі.

Партия мен үкіметтің Днепрогрэс пен Түркісібті іске қосып, бүкілодақтық маңызы бар ірі шаруашылық мәселелерін шешумен бірге, бұл құрылыштарды ұлт республикалары аумағына салу арқылы сол республикаларды индустрияландыру үшін қуатты база құрып, лениндік ұлт саясатын іс жүзінен асырды. Түркісіб — Кенес өкіметі салған тұңғыш теміржол магистралі болып табылады және ол дүниежүзінде сол кезде жаңадан салынған теміржолдардың ең ұзыны.

Үкіметтің алғашкы шешімінде Түркісіб құрылышын бес жыл мерзімде аяқтау көзделген еді. Ис жүзінде оны салу жөніндегі негізгі жұмыстар едөүір қындықтарға қарамастан үш жылда аяқталды. Түркісіб құрылышына қатысқан жұмыспылардың 35 пайыздан астамы қазақтар болды.

Түрксібті салғанда көзделген міндет — Орта Азияның, Қазақстан мен Сібірдің экономикалық жағынан бірбірімен тығыз байланысты аудандарын теміржолмен жалғастыру болатын.

Шаруашылықты, әсіресе Орта Азияның мақта шаруашылығын дамытуды қүшету үшін және тоқыма өнеркәсібімізді кеңестік мақта талшығымен қамтамасыз ету үшін Орта Азияны Сібірдің, Қазақстанның, Қыргызстанның ең жақын аудандарынан әкелінетін арзан астықпен қамтамасыз ету аса қажет болды.

Сонымен бірге Түрксіб жолды қажет етіп отырған аудандардың, алғашқы кезекте өзі аумағын басып өтетін Қазақстанның шаруашылығы және мәдени жағынан дамуына қуатты ықпал жасап, сол аудандардың орасан зор табиғи байлықтарын пайдалануға жәрдемдесуге тиіс еді. Түрксіб алдына қойылған осы негізгі міндеттер оның бесжылдық жұмыс тәжірибесінде ойдағыдай орындалуда.

Жүк айналымы жөнінен бастапқы жасалған жоспарда 1931 жылы 1 млн 800 мың т, ал 1934 жылы 3 млн 571 мың т жүк тасымалдау көзделген еді. Іс жүзінде 1931 жылы 2 млн 864 мың т, 1934 жылы 3 млн 497 мың т жүк тасылды.

Негізгі жүк — астық, ағаш, ауыл шаруашылығы шикізатының басқа да түрлері болды. Жолаушылар тасуға да көп көnl болінді.

Социалистік құрылыштың жалпы табыстары негізінде және Түрксібті салу нәтижесінде жол бойында орналасқан аудандарды дамытуда зор табыстарға қол жетті. Олардағы жалпы егіс көлемі 1926 жылмен салыстырғанда 1934 жылы екі есе дерлік өсті.

Түрксіб жол қатынастарын қажет ететін аудандарды индустримальдыруға да зор ықпал жасады (Балқаш мұсбалы алыбы салынып жатты, Шымкент корғасын зауыты және бірқатар көмір кеніштері, электр станциялары, ауыл шаруашылығы шикізатын өндейтін көптеген кәсіпорындар және т.б. іске қосылды).

Түрксібтің іске қосылуына байланысты Сібір мен Орта Азияның жапсарлас жатқан аудандарын индустримальдыру тез арада жүзеге асырылуда. Мысалы, Барнауылда үлкен жіп-мата комбинаты салынып жатыр, элеваторлы-диірмен құрылышы қанат жайып келеді. Әсіресе Орта Азия мен Қазақстанның ағашпен қамтамасыз ету үшін

Батыс Сібірдің жаңа алқаптарын игеруге баса назар аударылып отыр. Осы уақыт аралығында магистральға қосымша түйісетін кірме жолдар салу ісі кеңінен өріс алды. Балқаш көлі мен Ертіс және Іле өзендерінде кеме қатынасы едөуір ұлғайды.

Түркібі отырықшылықтың кеңеюіне жәрдемдесе отырып, Қазақстан мен Қырғызстанның көшпендей, жартылай көшпендей аудандарында шаруашылықтың өрге басуына ерекше зор ықпал етті. Магистральдің өн бойында, негізінен байырғы халықтардың бірқатар жаңа елді мекендері бой көтерді. Түркібіті пайдалану қызметінде және оның қосалқы жұмыстарында істейтін жұмысшылар мен қызметшілердің отыз мындық ұжымы құрамында байырғы халықтан шыққан жұмысшылар мен қызметшілер саны 55 пайызға жетеді, Түркібітін басшы қызметкерлері құрамында станция бастықтары, машинист, техник, прораб және т.б. болып енбек ететін қазақтар аз емес.

Годы мужания.  
Алма-Ата, 1969. С. 128—130.

**КСРО ХКК МЕН БК(б)П ОК-нің “КОРЕЙ ХАЛҚЫН ҚИЫР ШЫҒЫС ӨЛКЕСІНІҢ ШЕКАРАЛЫҚ АУДАНДАРЫНАН КӨШПРУ ТУРАЛЫ” №1428—326 СС ҚАУЛЫСЫ**

21 тамыз, 1937 жыл.

КСР Одағының Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитеті қаулы етеді:

1. БК(б)П Қиыр Шығыс өлкелік комитетіне, өлкелік атқару комитетіне және Қиыр Шығыс өлкесінің ішкі істер халық комиссариаты басқармасына Қиыр Шығыстың шекаралық Посьет, Спасск, Шмаков, Постышев, Бикинск, Вязьма, Хабаров, Суйфун, Киров, Калинин, Лазо, Свобода, Благовещенск, Тамбов, Михайлов, Архары, Сталин және Блюхер аудандарының барлық корей халқын көшіру және оларды Оңтүстік Қазақстан облысына, Арагай тауардан аудандарына және Өзбек КСР-іне қоныстандыру ұсынылсын. Көшіру Посьет ауданынан және Гродековоға жапсарлас жатқан аудандардан басталсын.

2. Көшіру дереу басталып, 1938 жылғы 1 қантарға дейін аяқталсын.

3. Көшірілуге жататын корейлерге көшу кезінде мұлкін, шаруашылық құрал-сайманың және малын әкетуге рұқсат етілсін.

4. Көшірілетіндерге олардың тастал қеткен қозғалмалы және қозғалмайтын мұлкі мен егісінің құны өтелсін.

5. Көшірілетін корейлерге шетелге оту жөнінде тілек білдірсе, кедерігі жасалмай, шекарадан оту тәртібін женілдетуге мүмкіндік берілсін.

6. КСРО Ішкі істер халық комиссариаты көшіруге байланысты корейлер тараپынан жасалуы мүмкін күтпеген оқиғалар мен тәртіпсіздіктерге қарсы шаралар қолдансын.

7. Қазак және Өзбек КСР-лерінің Халық Комиссарлары Кеңестері қоныстандыру аудандары мен мекендерін дереу анықтауға және қоныстанушыларға қажетті жәрдем көрсетіп, олардың жаңа жерді игеруін қамтамасыз ететін шараларды белгілеу міндеттелсін.

8. КСРО Қатынас жолдары халық комиссариаты корейлерді Қыыр Шығыс өлкесінен Қазак және Өзбек КСР-леріне тасуға арналған вагондардың дер кезінде берілуін қамтамасыз етсін.

9. БК(б)П Қыыр Шығыс өлкелік комитеті мен Қыыр Шығыс өлкелік атқару комитеті көшірілуге жататын қожалықтар мен адамдар санын үш күн мерзімде хабарлауға міндеттелсін.

10. Көшірілу барысы, көшіру аудандарынан жөнелтілетіндер саны, қоныстандыру аудандарына келіп жеткендер саны және шетелге жіберілгендер саны туралы он күн сайын телеграф арқылы хабарланып отырын.

11. Корейлер көшірілетін аудандарда шекара күзетін күшетту үшін шекара өскерлерінің саны 3000 адамға көбейтілсін.

12. КСРО Ішкі істер халық комиссариатына шекара-шыларды корейлерден босаған үй-жайларға орналастыруға рұқсат етілсін.

КСР Одағы Халық Комиссарлары  
Кеңесінің Төрағасы **В.Молотов**  
БК(б)П Орталық Комитетінің  
хатшысы **И.Сталин**

Отечественная история.  
1992. № 6. С. 142—143.

1926—1939 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ  
(мың адам)

Ұлттар	1926		1939	
	саны	ұлесі, %	саны	ұлесі, %
Қазактар	3628	58.2	2328	36.4
Орыстар	1275	20.5	2636	41.2
Украиндер	860	13.8	677	10.6
Немістер	59	1.0	85	1.3
Басқа ұлттар	408	6.5	669	10.5
<b>Барлығы</b>	<b>6230</b>	<b>100</b>	<b>6395</b>	<b>100</b>

Алексеенко А.Н. Население Казахстана (1920—1990 гг.).  
Алматы, 1993. С. 18.

\* \* \*

**Рысқұлов Тұрар** (1894—1938) — мемлекет қайраткери, көсемсөзші. 1917 жылдан Компартия мүшесі. 1916 жылғы отаршылдыққа карсы қозғалысқа қатысушы, “Қазақ жастары революциялық одағын” үйімдастырушы. 1918—1920 жылдарда денсаулық сактау халық комиссары, Түркістан Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы, 1921—1922 жылдарда РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары, 1922—1924 жылдарда Түркістан АКСР Халық Комиссарлары Кенесінің Төрағасы, 1926—1937 жылдарда РКФСР Халық Комиссарлары Кенесі Төрағасының орынбасары. Т.Рысқұловтың тұлымы мұрасы жүзден астам. 1938 жылы жазаланып, атылды.

**Мұсірепов Габит Махмұдұлы** (1902—1985) — қоғам қайраткери, Қазақстан Халық жазушысы, академик, Социалистік Еңбек Ері.

**Исаев Ораз Жанұзакұлы** (1899—1938) — партия-мемлекет қайраткери, 1920 жылдан Компартия мүшесі. 1925—1929 жылдарда Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы, 1929—1938 жылдарда Қазақстан Халық Комиссарлары Кенесінің Төрағасы.

**КСРО ПХК БКБ 6-БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАУІПСІЗДІК КАПИТАНЫ БЕЗРУКОВТЫң БАЯНДАМА  
ЖАЗБАСЫНАН**

**КСРО Ішкі істер халық комиссары I дәрежелі  
мемлекеттік қауіпсіздік комиссары  
Л.П.Берия жолдасқа**

**18 қазан 1940 жыл.**

КСР Одағы Халық комиссарлары Қенесінің осы жылғы 10 сәуірдегі №497—178 өтө қупия қаулысына сәйкес Қазақ КСР-іне Украинаның батыс облыстары мен Беларусь КСР-інен көтерілісшілер үйымдарына қатысып жазаланғандардың, бұрынғы поляк армиясы офицерлерінің, полицейлердің, түрмешілердің, жандармдардың, помециктердің, фабриканттардың және бұрынғы поляк мемлекеттік аппараты шенеуніктерінің 60 667 отбасы мүшелері (басқа деректер бойынша — 61 092 адам) көшірілді.

Олар Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарына орналастырылды. Олардан 36 729 адам — колхоздарға, 17 923 — совхоздарға (кеншар) және 8000 адам өр түрлі өнеркәсіп орындарының жұмыспы поселкелеріне орналастырылды.

Қазақ КСР-інің бүкіл халық шаруашылығында жұмыс қоюның орасан көп жеткіліксіздігіне қарамастан және республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамыту мүмкіндігінің өлі де үлкен болуына қарамастан, арнайы қоныстандырушыларды еңбекте пайдалану өтө қанағаттанғысыз болып отыр. Павлодар облысында еңбекке жарамды арнайы қоныстандырушылардың 45 пайызы пайдаланылуда. Қостанай облысында қоныстандырылған 8 700 адамнан 2 901 адам тана еңбекке орналастырылған. Басқа облыстарда да жағдай осындай...

**История КСРО.  
1992. № 1. С. 123—124.**

**8-ГВАРДИЯЛЫҚ АТҚЫШТАР ДИВИЗИЯСЫ 1073-  
ГВАРДИЯЛЫҚ АТҚЫШТАР ПОЛКІНІҢ КОМАНДИРИ МАЙОР  
БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА<sup>1</sup> ЖАУЫНГЕРЛІК МИНЕЗДЕМЕ**

**Маусым, 1942 жыл.**

1910 жылы туған, 1942 жылдан  
БК(б)П мүшесі, ұлты — қазак, әлеуметтік  
тегі — қызметші. Жалпы білімі — орта,  
әскери білімі — біржылдық<sup>2</sup>. 1932 жыл-  
дан 1934 жылға дейін (осы уақытқа дейін)  
Қызыл армия қатарында. 1941 жылдан  
қыркүйегінен майдандағы армияда.

Момышұлы жолдас құрылған күнінен бастап 8-гвар-  
диялық дивизия қатарында. Ол дивизиямен бірге данқты  
жауынгерлік жолдан өтті. Кеңестік Отанымыз жолын-  
дағы ұрыстарда Момышұлы жолдас өзін Ленин партия-  
сының ұлы ісіне адал берілген ерекше ержүрек өрі-  
батыл командир ретінде көрсетті.

Момышұлы жолдастың тактикалық даярлығы жақ-  
сы, өзінің әскери білімін неміс-фашист басқыншыларына  
қарсы кескілескен шайқастарда, іс жүзіндегі командирлік  
жұмыста арттырған және ол білімін ұрыста шебер  
қолданады.

1941 жылғы шілде — қыркүйек айларындағы кезеңде  
атқыштар батальонының командири болған капитан  
(қазіргі майор) Момышұлы жауынгерлер мен командир-  
лерді өз Отанына шексіз берілгендей рухында тәрбиелеп,  
өз батальонының жауынгерлік құрамының сапалы әскери  
даярлығына қол жеткізді.

1941 жылғы қазан айында Мәскеу үшін болған  
ұрыстарда Момышұлы жолдас басқарған батальон жауға  
қарсы ерлікпен шайқасып, оған елеулі соққы берді.

1941 жылғы қараша айынан Момышұлы жолдас —  
1073 полкінің командири, ол басқаратын полктің жауын-  
герлік құрамы Батыс майданда жаудың тегеурініне батыл  
тойтарыс беріп, оның бірқатар әскери құрамалары мен  
көптеген техникасын жойды.

<sup>1</sup> Бауыржан Момышұлына 1990 жылы қайтыс болғаннан кейін  
Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

<sup>2</sup> Бір жыл ішінде арнаулы бағдарлама бойынша жауынгерлік даяр-  
лықтан өтіп, запастагы командир атағын алған орта және жоғары бі-  
лімі бар адамдар осылай аталған.

Дивизияның басқа бөлімдерімен бірге Момышұлының полкі неміс басқыншыларын Мәскеу түбінде (Волоколам бағытында) талқандауға жол ашты.

1942 жылдың қысы мен көктемінде Калинин майданында 1073-гвардиялық атқыштар полкі бастапқы қар қалың түскен қыс, қатты аяз және жол қатынасы аса қызын жағдайда, ал содан соң көктемінде лайсан, батпақты жерде шабуыл жасай отырып, жаудың көптеген танкілерін, автомашиналары мен басқа да өскери техникасын жойып жіберді, ондаған селолар мен деревняларды азат етті.

Дивизияның бүкіл еліміз алдында белгілі жалпыға мәлім еңбектері, оның гвардиялық болып қайта құрылып, жауынгерлік Қызыл Ту орденімен және Ленин орденімен наградталуы майор Момышұлы басқаратын 1073-атқыштар полкінің жауынгерлік табистарымен байланысты.

Қазақ халқының адал ұлы, өзінің Кеңес елінің абырайы мен тәуелсіздігін қолына қару алып қорғап жүрген, осы халықтың таңдаулы өкілдерінің бірі — майор Момышұлы үкімет наградасына ұсынылды.

Дивизия командирі полковник Серебряков

Дивизия штабының бастығы подполковник Гофман

Дивизияның өскери комиссары полк комиссары Лобов

Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза (1941—1945 гг.).

Сб.: документов и материалов. Алма-Ата, 1964. Т. 1. С. 193.

### ВИСЛА ЖАҒАСЫНДАҒЫ ШАЙҚАС

Сағадат Нұрмамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола (Целиноград) облысының Алексеев ауданында дүниеге келді. 7-сыныпты бітіре салып, колхоз жұмысына араласты.

1942 жылдан бастап өскер қатарына шақырылды. Бір жылдан соң Туркістан пулеметшілер мектебін бітіріп, жаяу өскер бригадасында взвод командирі шенінде майданға аттанды. Солтустік Кавказда, 4-Украин, 1-Беларус майдандарының құрамында соғысты.

1945 жылы 14 қаңтарда капитан С.Нұрмамбетовтің ротасы шабуыл жасап келе жатып, Висла өзенінің жағасында жаудың қамалын бұзып өтті. Осы кезде 1052 атқыштар

полкінің капитан В.Тышкевич басқарған атқыштар ротасы тактикалық маңызы бар "127,7" төбені алу үшін жанталаса соғысып жатқан болатын. Сол мезетте капитан С.Нұрмамбетовтің ротасындағы бір пулемет расчеті жарапланып қалды. С.Нұрмамбетов қалыптасқан ахуалды бірден аңғарып, пулеметті өз қолына алғып, жауға оқты нөсерлете жаудырды. Пулемет боратқан оқты тасалаған атқыштар ротасы "127,7" шоқысын алғып, қызыл ту тікті.

Келесі күні 15 қантарда капитан С.Нұрмамбетов Варка қаласының маңында, Марынки ауылының жанындағы Пилища өзенін көктей өтті. Рота плацдарм женіп алғып, оны арттағы күштер келіп жеткенше қорғап тұрды. Екі күнде 12 отты қарудың, 120 гитлершінің көзі жойылды.

КСРО Жоғарғы Кенесінің екімімен 1945 жылы 27 ақпанды капитан С.Нұрмамбетовке Кенес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен "Алтын жұлдыз" медалі қоса тапсырылды.

\* \* \*

#### БІЗДІ ТҮНГІ ЖЕЗЕТЫРНАҚТАР ДЕП АТАЙТЫН

1943 жылы көктемде біз Украинада, Краснодар маңындағы Пашковская станицасында болдық. Екі ай бойы сол арадан өскери тапсырмадан үшшып тұрдық. Трагедия көкектің 1-іне қараган түнде болды...

Аэродромға жарық түспейтін. Самолеттер өскери тапсырмадан кайтканда оттарын өшіріп, қаранды жамыльшп қонатын. 4-айналыста самолеттер қағысып қалды. Юля Пашкова, Полина Макагон, Лиза Свистунова мерт болды. Катя Доспанованың екі аяғы сынды. Ол нағыз өлімнен қайтты. Гипске оралған оны Есентукиге алғып кетті.

Дегенмен, өмірге деген ерік күші женіп шықты. Үш айдан кейін Катя полкке қайтып оралды, қайтадан өскери тапсырмадан үшшатын болды. Алайда оның аяғы қатты ауыратындықтан біз оны штаб жұмысымен айналысуға көндірдік. (Ракобольская И.В., Кравцова Н.Ф. Нас называли ночными ведьмами. М., Изд-во МГУ, 2005).

Өмірбаяндық анықтама: Хиуаз Доспанова 1922 жылы Гурьев облысының Ганюшкино ауылында дүниеге келген. Мектепті озат оқып жүріп, ол 1940 жылы аэроклубтан запастағы үшкішп куәлігін алғып шықты. Соғыс басталғаннан кейін 588-түнде үшшатын бомбалашы авиаполкке атқыш-

штурман болып қызмет етуге қабылданды. Ол Оңтүстік майданда, Кавказда, Закавказье, Украина, Белоруссияда болған ұрыстарға қатысты. Елге оралған соң ұзак жылдар бойы партиялық-саяси қызметтерде болды.

\* \* \*

**ҚАЗАҚСТАН ХКК МЕН К(Б)П ОК-НІҢ ҚАЗАҚ КСР  
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫН ҰЙЫМДАСТАРЫУ ЖӨННИДЕГІ  
ДАЙЫНДЫҚ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНАН**

18 тамыз, 1944 жыл.

Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесі мен К(Б)П Орталық Комитеті КСР Ғылым академиясының Қазақ филиалы өзі өмір сүрген кезенде Қазақстанның аса бай табиғи ресурстарын ашып, оларды социалистік халық шаруашылығының мұқтаждары мен елдің қорғаныс қуатын нығайтуға пайдалану ісінде көп жұмыс тындырғанын атап өтеді.

Отан соғысы жылдарында Филиалдың жаңадан бес (химия және металлургия, топырақтану және ботаника, зоология және зоотехника, астрономия және физика, тропикалық аурулар) институты ұйымдастырылды. Филиалдың қазіргі жеті институты мен дербес төрт секторы ғылымиң барлық негізгі салаларын қамтиды деуге болады.

Филиал кадрлары соғыс басталардағы 276 адамнан 1944 жылы 680 адамға дейін өсті, олардың арасында КСРО Ғылым академиясының бес академигі мен корреспондент-мүшесі, 36 ғылым докторы мен профессор, 89 ғылым кандидаты, доценттер мен аға ғылыми қызметкерлер бар. Филиал жаңынан аспирантура ұйымдастырылған, онда қазіргі кезде 1944 және 1945 жылдары диссертациялар қорғайтын болып, 37 адам ғылым докторы дәрежесіне және 63 адам ғылым кандидаты дәрежесіне диссертациялар өзірлеуде; сонымен бірге 85 адам 1946—1947 жылдары ғылым кандидаты дәрежесіне диссертация қорғамақшы болып аспиранттық оқудан өтуде. Барлық аспирантардың жартысына жуығы — қазақтар.

Филиал экспедициялық отрядтарының саны 1941 жылғы 32-ден 1944 жылы 102-ге дейін артты.

Осының бәрі Ғылым академиясы Қазақ филиалының қазір қуатты, кешенді ғылыми мекеме болғанын, іс жүзін-

де Қазақстан ғылымының орталығына айналғанын дәлелдейді.

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кенесі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қаулы етеді:

1. Республика өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығы мен мәдениетінің одан өрі дамуын жеделдету, ең алдымен, ғылымының одан өрі өрге басумен және бірыңғай ғылыми орталық үйімдастырып, үйлестіріп отыратын ғылыми-зерттеу жұмыстарының күштейтілген қарқынымен байланысты екенін ескере отырып, КСРО Халық Комиссарлары Кенесі мен БК(б)П Орталық Комитетіне КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы және республиканың басқа да ғылыми-зерттеу мекемелері базасында республика ғылымының бірыңғай орталығы — Қазақ КСР Ғылым академиясын құру туралы өтініш жасалсын...

Казахстан в период Великой Отечественной войны  
Советского Союза (1941—1945 гг.).

Сб.: документов и материалов.  
Алма-Ата, 1967. Т. 2. С. 42—43.

### ХҚҚ-нің “АРНАУЛЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ” ҚАУЛЫСЫ

8 қантар, 1945 жыл.

КСР Одағының Халық Комиссарлары Кенесі қаулы етеді:

1. Арнаулы қоныс аударушылар КСРО азаматтарының барлық құқықтарын пайдаланады, бұған осы Қаулымен көзделген шектеулер кірмейді.

2. Еңбекке жарамды арнаулы қоныс аударушылардың бері қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуға міндеттеледі.

Осы мақсатпен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Кенестері Ішкі істер халық комиссариатының органдарымен келісе отырып, арнаулы қоныс аударушыларды ауыл шаруашылығына, өнеркәсіп орындарына, құрылыштарға, шаруашылық-кооператив үйімдары мен мекемелеріне жұмысқа орналастыруды ұйымдастырады.

Еңбек тәртібін бұзғаны үшін арнаулы қоныс аударушылар қолданылып жүрген занға сәйкес жауапқа тартылады.

3. Арнаулы қоныс аударушылардың Ішкі істер халық комиссариатының арнаулы комендатурасы қызмет етеді.

тін қоныстандыру ауданы шегінен шығуға құқығы жок. Арнаулы комендатура қызмет ететін қоныстандыру шегінен өз бетімен кетіп қалу қашу деп бағаланып, қылмыстық тәртіппен жауапқа тартуға әкеп соқтырады.

4. Арнаулы қоныстанушылар — отбасының басшылары немесе олардың орнындағы адамдар отбасы құрамында болған барлық өзгерістер (баланың тууы, отбасы мүшесінің өлуі, қашып кетуі, т.б.) туралы Ішкі істер халық комиссариатының арнаулы комендатурасына 3 күн мерзімде хабарлауға міндетті.

5. Арнаулы қоныс аударушылар өздері үшін белгіленген режим мен қоныстандыру орындарындағы қоғамдық тәртіпке, ПХК арнаулы комендатурасының барлық өкімдеріне бағынуға міндетті.

Қоныстандыру орындарындағы режим мен қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін арнаулы қоныстанушыларға 100 сомға дейін айыппұл салу немесе 5 күнге дейін қамауға алу түрінде өкімшілік жаза қолданылады.

КСРО ХКК Төрағасының орынбасары **В. Молотов**  
КСРО ХКК іс басқарушысы **Я. Чадаев**

История КСРО.  
1992. № 1. С. 125—126.

**“ҚАЗАҚ КСР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТІЛ ЖӘНЕ  
ӘДЕБІЕТ ИНСТИТУТЫНЫң ЖҰМЫСЫНДАҒЫ  
САСИ ӨРЕСКЕЛ ҚАТЕЛЕР ТУРАЛЫ”  
ҚАЗАҚСТАН К(б)П ОК-нің ҚАУЛЫСЫНАН**

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетті Қазақ КСР Фылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысы туралы мәселе қарады.

...Тіл және әдебиет институтының фылыми енбектерінде, орта мектептерге арналған әдебиет оку кітаптарында қазақтың XIX және XX ғасырлардағы көп ақындары мен жазушыларының шығармашылық қызметіне біржактылықпен, тек жақсы жағынан баға берілген. Откендең әдебиет өкілдері жалпы халық қайраткерлері болды деп көрсетілді, ал олардың шығармашылығы тап күресіне байланыстырылмай, одан тыс тексерілді, сөйтіп, олардың шығармаларындағы феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар бүркеуде қалдырылды (Базар, Мұрат, Шортанбай, О.Қарашев, С.Торайғыров және басқа ақындар)....

Шын мәнінде, Қазан төңкерісінен кейін туған және Қазақ КСР өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының, мәдениетінің өсуімен бірге байытыльп келген қазіргі қазақ әдебиет тілінің мәселелерін талдау жөнінде де елеулі саяси қателер аз емес. Кейбір тіл мамандары әлі де болса іс жүзінде жалпы интернационалдық терминдерді, оның ішінде, орыс терминдерін қазіргі қазақ тіліне енгізуге қарсы бағытталған теріс көзқараста болып келеді...

Қазіргі қазақ әдебиетінің мәселелерін шешу жөнінде де институт мұлдем теріс және зиянды пікірде болып келді. Мұның нәтижесінде ол мәселелерге институттың ғылыми-зерттеу жұмысында ерекше қоңіл бөлінбеді, ол мәселелер Қазақстанның әдебиет зерттеушілерінің еңбектерінде баяндалмады. Қазақстанда Кенес өкіметі орнатылған жылдарда Кенес өкіметіне дүшпан болған және контрреволюцияшыл алашорда партиясының қатарында большевиктер партиясына қарсы белсенділікпен құррескен бірсынша қазақ әдебиетшілерінің еңбегі әшкөреленбеді және оған тиісінше тойтарыс берілмеді.

Бұл айтылғандардың нәтижесінде көптеген әдебиет зерттеушілер мен тіл зерттеушілер бұрыннан қалған мұраға сын көзімен қарауды қойды, әдебиетке идеясыздық және саясаттан тыскары көзқарастарды өткізіп жіберді.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Қазақ КСР Ғылым академиясы тәралқасының қоғамдық ғылымдар бөліміне, оның ішінде, Тіл және әдебиет институтына ойдағыдан басшылық етпегенін атап көрсетті. Қазақ КСР Ғылым академиясының партия үйімі идеология жұмысын, өсірепе ғылыми кадрларға маркстік-лениндік тәрбие беру жұмысын ақсатты, идеясыздық пен саясаттан тыскары қалушылықтың қандайына болса да қарсы большевиктік құрес жүргізбеді.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Қазақ КСР Ғылым академиясының тәралқасына Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы жоғарыда көрсетілген саяси өреспекел қателерді жоюға батыл шаралар қолдануды, БК(б)П Орталық Комитетінің идеология мәселелері жөніндегі қаулыларына және Жданов жолдастың “Звезда”, “Ленинград” журналдары туралы баяндамасына сөйкес институттың жұмысын тез арада тубегейлі қайта күруды міндет етті.

Большевик Казахстана. 1947. №1.

\* \* \*

### **Жұмабай Шаяхметов**

Жұмабай Шаяхметов шаруа отбасында дүниеге келді. 1923—1938 жылдары ішкі істер органдарында қызмет атқарды. 1932—1933 жылдары Нариманов атындағы Мәскеу Шығыстану институтында оқыды.

1938 жылы Ж.Шаяхметов Қазақстан Компартиясының үшінші, бір жылдан соң екінші хатшысы болып сайланды. Соғыс жылдары білім, мәдениет мәселелерімен айналысты, эвакуацияланып келген көсіпорындар мен адамдарды орналастыруды, өскери-жайғастыру жұмыстарын атқарды. Ауыл шаруашылығын соғыс қажеттіліктеріне лайықтап қайта құрып шықты. 1946—1954 жылдары Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінде болды. 1950—1954 жылдары КСРО Жоғарғы Кенесінің Үлттар Кенесінің төрағасы міндетін қоса атқарды. Сталин оны "Шығыс қыраны" деп атады.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1954 жылғы ақпандағы пленумында жаппай тың игеру бағдарламасында ұсынылған ауқымға келіспегені үшін ол лауазымды қызметінен босатылды. Жұмабай Шаяхметов қажетті жағдайларды жасай отырып, тыңды біртіндеп игеру бағытын ұстанды, "әйтпесе біз жерімізден айырылып қаламыз" деп қарсыласты ол.

### **Жұмабек Тәшенов**

Жұмабек Ахметұлы Тәшенов 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Қойғелді ауылында дүниеге келді. Еңбек жолын Солтүстік Қазақстанда Кенес жүйесінде қызмет етуден бастады. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1952 жылы Қазақстан КП Ақтөбе облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. 1955 жылы Ж.Тәшенов Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің төрағасы, кейінірек Қазақ КСР Министрлер Кенесінің төрағасы қызметтерін атқарды.

60-жылдардың басында республиканың аумақтық бірлігіне қауіп төнді. Кенестер Одағының басшысы Н.Хрущев Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты Орталыққа бағындырып, қазақ жерін боліп жібергісі келді. Сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Кенесінің төрағасы

Ж.Тәшенов бүл мәселе түрғысында өз елінің намысын қорғап, Қеңес Конституциясын бетке ұстай отырып, қарсы шықты. Республиканың батыл басшысының тегеуінді өрекетінің арқасында Орталықтың демагогиялық саясаты іске аспай қалды.

\* \* \*

## 1977 ЖЫЛҒЫ КСРО КОНСТИТУЦИЯСЫНАН

### II. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ АДАМ

#### **VII таралу. КСРО азаматтығы. Азаматтардың тәң құқықтары**

**33-бап.** КСРО-да одактық бірыңғай азаматтық белгіленген. Одактас республиканың әрбір азаматы КСРО азаматы болып табылады.

Кеңес азаматтығын алудың және одан айырудың негіздері мен тәртібі КСРО азаматтығы туралы Занмен белгіленеді.

КСРО азаматтары шетелдерде Кеңес мемлекетінің коргауы мен қамкорлығын пайдаланады.

**34-бап.** КСРО азаматтары тегіне, әлеуметтік және мұліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге көзқарасына, қасібінің түрі мен сипатына, тұрған жеріне және басқа жағдайларына қарамастан Зан алдында тән.

**35-бап.** КСРО-да әйел мен ерек тәң құқылы.

#### **VIII таралу. КСРО азаматтарының негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттері**

**39-бап.** КСРО азаматтары КСРО Конституциясы мен кеңес заңдарында жарияланған және кепілдік берілген барлық әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке бас құқылары мен бостандықтарына толық кемелінде ие. Социалистік құрылымың әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму бағдарламаларының орындалуына қарай азаматтардың құқылары мен бостандықтарының кеңеюін, тұрмыс жағдайының үздіксіз жақсаруын қамтамасыз етеді.

Азаматтардың құқылары мен өз бостандықтарын пайдалануы қоғам мен мемлекеттің мүддесіне, басқа азаматтардың құқыларына нұқсан келтірмеуге тиіс.

**40-бап.** КСРО азаматтары еңбек етуге, яғни еңбектің саны мен сапасына сәйкес және мемлекет белгілеген ең төмен мөлшерден кем болмайтын, ақы төленетін кепілді жұмыс алуға құқылы...

**41-бап.** КСРО азаматтары дем алуға құқылы.

**42-бап.** КСРО азаматтары денсаулығын сақтауға құқылы.

**43-бап.** КСРО азаматтары қартайғанда, ауырып-сыр-қаған жағдайда, еңбек ету қабілеті толық немесе ішінара жойылғанда, сондай-ақ асыраушысынан айырылғанда материалдық жағынан қамтамасыз етілуге құқылы.

**44-бап.** КСРО азаматтары тұрғын үй алуға құқылы.

**45-бап.** КСРО азаматтары білім алуға құқылы.

**46-бап.** КСРО азаматтары мәдениет жетістіктерін пайдалануға құқылы.

**47-бап.** КСРО азаматтарына коммунистік құрылыштың мақсаттарына сәйкес ғылыми, техникалық және көркем шығармашылық бостандығына кепілдік беріледі.

**48-бап.** КСРО азаматтары мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға, жалпы мемлекеттік және жергілікті маңызы бар зандар мен шешімдерді талқылап, қабылдауға қатысуға құқылы.

**49-бап.** КСРО-ның әрбір азаматы мемлекеттік органдар мен қоғамдық үйімдарға олардың қызметін жақсарту туралы ұсыныстар енгізуге, жұмыстағы кемшіліктерді сыйнауға құқылы.

**50-бап.** Халық мүдделеріне сәйкес және социалистік құрылышты нығайтып, дамыту мақсатында КСРО азаматтарының: сөз, баспасөз бостандығына, жиналыштар, митингілер откізу, көшеде шеру және демонстрация жасау бостандығына кепілдік беріледі.

**51-бап.** Коммунистік құрылыш мақсаттарына сәйкес КСРО азаматтары олардың саяси белсенделілігі мен талап-керлігін дамытуға, алуан түрлі мүдделерін қанагаттандыруға көмектесетін қоғамдық үйімдарға бірігүе құқылы.

**52-бап.** КСРО азаматтарының ождан бостандығына, яғни қандай да болсын дінді үстану немесе ешқандай дінді үстанбау, діни ғұрыптарды атқару немесе атеистік насиҳат жүргізу құқығына кепілдік беріледі. Діни сенімге байланысты араздық пен өшпендейлікті қоздыруға тыйым салынады.

**53-бап.** Отбасы мемлекеттің қорғауында болады.

**54-бап.** КСРО азаматтарының жеке басына қол сұғылмауына кепілдік беріледі. Сот шешіміне негізделмейінше немесе прокурордың санкциясынызың ешкім қамауга алынбайды.

**55-бап.** КСРО азаматтарының үй-жайына қол сұғылмауына кепілдік беріледі. Заңды негіз болмайынша, тұрғын үйге онда тұратын адамдардың ықтиярынызың кіруге ешкімнің құқығы жок.

**56-бап.** Азаматтардың жеке басының өмірі, хат-хабар алысу, телефонмен сыйлесу және телеграфпен хабарласу құпиясы Занмен қоргалады.

**58-бап.** КСРО азаматтары лауазымды адамдардың, мемлекеттік және қоғамдық органдардың өрекеттері жөнінде шағым беруге құқылы.

**59-бап.** Құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылуын азаматтың өз міндеттерін атқаруынан бөліп қарауға болмайды.

КСРО азаматы КСРО Конституциясы мен кеңес заңдарын сақтауға, социалистік тұрмыс ережелерін құрметтегеуге, КСРО азаматы деген мәртебелі атақты лайықты алып жүргүре міндетті.

**60-бап.** КСРО-ның енбекке қабілетті өрбір азаматтың міндеті және абырайлы ісі — қоғамға пайдалы қызметтің өзі таңдап алған саласында адал енбек ету, енбек тәртібін сақтау. Қоғамға пайдалы енбектен жалтару социалистік қоғам қағидаларымен сыйыспайды.

**61-бап.** КСРО азаматы социалистік меншікті сақтап, нығайтуға міндетті.

**62-бап.** КСРО азаматы Кеңес мемлекеттің мүдделерін қорғауға, оның қуаты мен беделінің артуына көмектесуге міндетті.

Социалистік Отанды қорғау — КСРО-ның өрбір азаматтың қасиетті борышы.

**67-бап.** КСРО азаматтары табиғатты аялауга, оның байлықтарын қорғауға міндетті.

**68-бап.** Тарихи ескерткіштерді және басқа мәдени қазыналарды сақтауға қамкорлық жасау — КСРО азаматтарының борышы және міндеті.

**69-бап.** КСРО азаматының интернационалдық борышы — басқа елдердің халықтарымен достықты және ынтымақтастықты дамытуға, жалпыға бірдей бейбітшілікті қолдан, нығайтуға көмектесу.

### **III. КСРО-НЫҢ ҰЛТТЫҚ-МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ**

#### **VIII тарау. КСРО — одактық мемлекет**

**70-бап.** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы — социалистік федерализм қағидасы негізінде, ұлттардың өзін-өзі еркін билеуі және тен құқылы Кеңестік Социалистік Республикалардың өз еркімен бірігуі нәтижесінде құрылған біртұтас одактық қоپұлтты мемлекет...

**71-бап.** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына мыналар бірігеді:

Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы,

Украина Кеңестік Социалистік Республикасы,

Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы,

Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасы,

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы,

Грузин Кеңестік Социалистік Республикасы,

Әзіrbайжан Кеңестік Социалистік Республикасы,

Литван Кеңестік Социалистік Республикасы,

Молдаван Кеңестік Социалистік Республикасы,

Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы,

Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасы,

Тәжік Кеңестік Социалистік Республикасы,

Армян Кеңестік Социалистік Республикасы,

Түркмен Кеңестік Социалистік Республикасы,

Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы.

**72-бап.** Әрбір одактас республиканың КСРО-дан еркін бөлініп шығу құқығы сақталады.

**73-бап.** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының қарауына оның мемлекеттік өкіметі мен басқаруның жоғары органдары арқылы атқарылатын мынадай қызметтер жатады:

1) КСРО құрамына жаңа республикалар қабылдау; одақтас республикалардың құрамында жаңа автономиялы республикалар мен автономиялы облыстардың құрылуын бекіту;

2) КСРО-ның мемлекеттік шекарасын белгілеу және одақтас республикалар арасындағы шекара өзгерістерін бекіту;

3) мемлекеттік өкімет пен басқарудың республикалық және жергілікті органдарының ұйымдастырылуы мен қызметтің жалпы негіздерін белгілеу;

4) КСРО-ның бүкіл аумағында заң арқылы реттеу ісінің бірлігін қамтамасыз ету, КСР Одағы мен одақтас республикалардың заң негіздерін белгілеу;

5) бірынғай әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу, елдің экономикасына басшылық ету; ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың және қорғаудың жалпы шараларын белгілеу; КСРО-ның экономикалық және әлеуметтік өркендеуінің мемлекеттік жоспарларын жасап, бекіту, олардың орындалуы туралы есептерді бекіту;

6) КСРО-ның бірынғай мемлекеттік бюджетін жасап, бекіту, оның орындалуы туралы есепті бекіту; бірынғай ақша және кредит жүйесіне басшылық жасау; КСРО мемлекеттік бюджетін құрайтын салықтар мен кірістерді белгілеу; баға мен енбекақы саласындағы саясатты белгілеу;

7) одақта бағынатын халық шаруашылығы салаларына, бірлестіктер мен көсіпорындарға басшылық жасау, одақтық-республикалық бағынудағы салаларға жалпы басшылық жасау;

8) бейбітшілік және соғыс мәселелері, КСРО-ның егемендігін қорғау, мемлекеттің шекаралары мен аумағын күзету, қорғанысты ұйымдастыру, КСРО Қарулы Күштеріне басшылық жасау;

9) мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

10) халықаралық қатынастарда КСРО-ның өкілдігін жүзеге асыру; КСРО-ның шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен байланыстары; одақтас

республикалардың шет мемлекеттермен және халық-аралық ұйымдармен қарым-қатынас жасауының жалпы тәртібін белгілеу және үйлестіру; мемлекеттік монополияға негізделген сыртқы сауда және басқа да сыртқы экономикалық қызмет түрлері;

11) КСРО Конституциясының сақталуына бақылау жасау және одақтас республикалар конституцияларының КСРО Конституациясына сәйкес болуын қамтамасыз ету;

12) жалпы одақтық маңызы бар басқа да мәселелерді шешу.

**74-бап.** КСРО заңдарының барлық одақтас республикалар аумағында күші бірдей болады. Одақтас республиканың Заңында жалпы одақтық Заңнан алшақтық болған жағдайда КСРО-ның Заңы қолданылады.

**75-бап.** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағы біртұтас, одақтас республикалардың аумақтары соған кіреді.

КСРО-ның егемендігі оның бүкіл аумағында қолданылады.

## **IX таралу. Одақтас Кеңестік Социалистік Республика**

**76-бап.** Одақтас республика — басқа кеңестік республикалармен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына біріккен егеменді кеңестік социалистік мемлекет.

КСРО Конституциясының 73-бабында көрсетілген шенберден тыс жерде одақтас республика өз аумағында мемлекеттік өкімет билігін дербес жүзеге асырады.

Одақтас республиканың КСРО Конституциясына сәйкес келетін және республиканың ерекшеліктерін ескеретін өз Конституциясы болады.

**77-бап.** Одақтас республика КСР Одағының қарауына жататын мәселелерді КСРО Жоғарғы Кеңесінде, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумында, КСРО Үкіметінде және КСР Одағының басқа да органдарында шешуге қатысады.

Одақтас республика өз аумағында комплексті экономикалық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз етеді, осы аумақта КСР Одағының өкілдіктерін жүзеге асыруға

көмектеседі, КСРО мемлекеттік өкіметі мен басқаруының жоғары органдарының шешімдерін іске асырып отырады.

Одақтас республика өзінің қарауына жататын мәселелер бойынша одаққа бағынатын көсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметін үйлестіріп, бақылаап отырады.

**78-бап.** Одақтас республиканың аумағы оның келісімінсіз өзгертуіле алмайды. Одақтас республикалардың арасындағы шекаралар тиісті республикалардың өзара келісімі бойынша өзгертуіле алады, ол келісім КСР Одағының бекітуіне жатады.

**79-бап.** Одақтас республика өзінің өлкелік, облыстық, округтік, аудандық бөлінісін белгілейді және өкімшілік аумақтық құрылымның өзге де мәселелерін шешеді.

**80-бап.** Одақтас республиканың шет мемлекеттермен қатынас жасауға, олармен шарттар жасасуға, дипломатиялық және консулдық өкілдер алмасуға, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқы бар.

**81-бап.** Одақтас республикалардың егеменді құқын КСР Одағы қорғайды.

СССР Конституциясы, А.: Қазақстан, 1978.

## 1978 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ КСР-І КОНСТИТУЦИЯСЫНАН

### ҚАЗАҚ КСР-ІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

#### І тарап. Саяси жүйе

**1-бап.** Қазақ Қенестік Социалистік Республикасы — республика жұмысшыларының, шаруаларының және зиялдық қызығының, барлық ұлттарды мен халықтарды еңбекшілерінің еркі мен мұдделерін білдіретін социалистік жалпыхалықтық мемлекет.

**2-бап.** Қазақ КСР-інде бүкіл өкімет билігі — халықтың қолында.

Халық мемлекеттік өкімет билігін Қазақ КСР-інің саяси негізін құрайтын халық депутаттарының Қенестері арқылы жүзеге асырады.

Басқа мемлекеттік органдардың бәрі халық депутаттары Қенестерінің бақылауында болады және соларға есеп беріп отырады.

**3-бап.** Кеңес мемлекетінің ұйымдастырылуы мен қызметі демократиялық орталықтандыру принципіне сәйкес құрылады, бұл — барлық мемлекеттік өкімет органдарының төмөннен жоғарыға дейін сайланып қойылатындығы, олардың халыққа есеп беріп тұратындығы, жоғарғы органдар шешімдерінің төменгі органдар ушін міндеттілігі. Демократиялық орталықтандыру бірыңғай басшылықты жергілікті жердегі бастамашылдықпен және шығармашылық белсенділікпен, әрбір мемлекеттік органдың және лауазымды адамның тапсырылған іске жауапкершілігімен үштастырады.

**4-бап.** Кеңес мемлекеті, оның барлық органдары социалистік зандылық негізінде жұмыс істейді, құқық тәртібін, қоғамның мұдделерін, азаматтардың құқығы мен бостандықтарын қоргауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, лауазымды адамдар КСРО Конституациясын, Қазақ КСР Конституациясын және кеңес зандарын сақтап отыруға міндетті.

**6-бап.** Кеңес қоғамының басшы және бағыт беруші күші, оның саяси жүйесінің, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарының үйітқышы — Кеңес Одағының Коммунистік партиясы. КПСС халық үшін өмір сүреді және халыққа қызмет етеді.

Марксістік-лениндік іліммен қаруланған Коммунистік партия қоғам дамуының келешегін, КСРО-ның ішкі және сыртқы саясатының бағытын белгілейді, кеңес халқының ұлы жасампаздық қызметіне басшылық жасайды, оның коммунизм женісі жолындағы күресіне жоспарлы, ғылыми негізделген сипат беріп отырады.

Барлық партия ұйымдары КСРО Конституациясы шенберінде қызмет етеді.

**7-бап.** Қесіптік одақтар, Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы, кооперативтік және басқа қоғамдық ұйымдар өздерінің жарғылық міндеттеріне сәйкес мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға, саяси, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуге қатысады.

**9-бап.** Кеңес қоғамының саяси жүйесін дамытудың негізгі бағыты — социалистік демократияны одан әрі өрістету: мемлекет пен қоғам істерін басқаруға азаматтарды барған сайын кеңінен қатыстыру, мемлекеттік аппаратты жетілдіру, қоғамдық ұйымдардың белсенділігін

арттыру, халықтың бақылауды күшайту, мемлекет және қоғам өмірінің құқықтық негізін нығайту, жариялыштың кеңейту, қоғамдық пікірді ұдайы есепке алып отыру.

## П т а р а у . Экономикалық жүйе

**10-бап.** Қазақ КСР-інің экономикалық жүйесінің негізін өндіріс құрал-жабдықтарына мемлекеттік (жалпы-халықтық) және колхоздық-кооперативтік меншік формасындағы социалистік меншік құрайды.

Сондай-ақ кәсіподак және басқа қоғамдық үйымдардың жарғылық міндеттерін жүзеге асыруға қажетті мүлкі де социалистік меншік болып табылады.

Мемлекет социалистік меншікті қоргайды және оны молайта беру үшін жағдайлар жасайды.

Социалистік меншікті өзінің бас пайdasы үшін және басқа да арам пиғылмен пайдалануға ешкімнің құқы жоқ.

**11-бап.** Мемлекеттік меншік — бүкіл кеңес халқының ортақ дәuletі, социалистік меншіктің негізгі формасы.

Жер, оның қойнауы, су, орман тек қана мемлекет меншігіне жатады. Өнеркәсіптегі, құрылымындағы негізгі өндіріс құрал-жабдықтары, көлік пен байланыс құралдары, банктер, мемлекет үйымдастырыған сауда, коммуналдық және басқа кәсіпорындардың мүлкі, қаланың негізгі тұрғын үй қоры, сондай-ақ мемлекет міндеттерін жүзеге асыруға қажетті басқа мүлкі те — мемлекеттікі.

**12-бап.** Колхоздардың және басқа кооперативтік үйымдардың, олардың бірлестіктерінің жарғылық міндеттерін жүзеге асыру үшін қажет өндіріс құрал-жабдықтары, басқа да мүлкі солардың меншігі болып табылады.

**13-бап.** Қазақ КСР азаматтарының өз меншігінің не-гізін енбекпен тапқан табыстары құрайды. Олардың өз меншігінде күнделікті тұрмыс қажетіне, жеке тұтынуға, тіршілік ынғайына, қосалқы үй шаруашылығына қолданатын бүйімдарды, тұрғын үй және енбекпен жинаған қаражаты болуы мүмкін. Азаматтардың өз меншігін және оған мұрагер болу құқын мемлекет қоргайды.

**14-бап.** Қоғамдық байлықты молайтудың, халықтың және әрбір кеңес адамының өл-ауқатын жақсартудың қайнар көзі — кеңес адамдарының қанаудан азат енбегі.

“Өркімнен — қабілетіне қарай, өркімге — еңбегіне қарай” деген социализм принципіне сәйкес мемлекет еңбек пен тұтыну өлшеміне бақылау жасайды. Ол салық салынуга тиісті табыстың салық көлемін белгілейді.

**16-бап.** Қазақ КСР-інің экономикасы — КСРО-ның аумағындағы қоғамдық өндірістің, бөліс пен айырбастың барлық буындарын қамтитын біртұтас халық шаруашылық комплексінің құрамдас бөлігі.

Экономикаға басшылық ету экономикалық және өлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарлары негізінде, салалық және аумактық принциптерді ескере отырып, орталықтан басқаруды кәсіпорындардың, бірлестіктердің және басқа үйымдардың шаруашылық дербестігімен, бастамасымен үштастыру арқылы жүзеге асырылады. Мұның өзінде шаруашылық есеп, пайда, өзіндік құн, басқа да экономикалық тұтқалар мен ынталандырулар пәрменді пайдаланылады.

**17-бап.** Қазақ КСР-інде заңға сәйкес майдагерлік-қолөнер кәсіппіліктері, ауылшаруашылық, халықтың тұрмыс қажетін өтеу саласында жеке-дара еңбек етуге, сондай-ақ азаматтар мен олардың отбасы мүшелерінің тек қана өз еңбегіне негізделген басқа да қызмет түрлеріне жол беріледі. Мемлекет жеке-дара еңбек қызметін реттеп, оның қоғам мұддесіне пайдаланылуын қамтамасыз етіп отырады.

### **III таралу. Өлеуметтік даму және мәдениет**

**19-бап.** Қазақ КСР-інің өлеуметтік негізін жұмысшылардың, шаруалардың және зиялдықтардың мызғымас одагы құрайды.

Мемлекет қоғамның өлеуметтік біртектілігінің күшеюіне — талтық айырмашылықтардың, қала мен деревня, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтардың жойылуына, КСРО-ның барлық үлттары мен халықтарының жан-жақты дамып, жақындаудына жәрдемдесіп отырады.

**21-бап.** Мемлекет еңбек жағдайларын жақсартуға және қорғауға, оны ғылыми үйымдастыруға, халық шаруашылығының барлық салаларында өндіріс процес-

терін комплексті механикаландыру мен автоматтандыру негізінде ауыр дene еңбегін азайтуға, ал келешекте толық ығыстырып шыгаруға қамқорлық жасайды.

**22-бап.** Қазақ КСР-інде ауылшаруашылық еңбегін индустриялық еңбектің бір түріне айналдыру; селолық жерде халыққа білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, сауда және қоғамдық тамақтандыру, тұрмыс қажетін өтеу және коммуналдық шаруашылық мекемелерінің жүйесін үлгайту; ауылдар мен селоларды көркейтілген поселкелерге айналдыру бағдарламасы дәйекті турде жүзеге асырылады.

**23-бап.** Еңбек өнімділігінің артуы негізінде мемлекет еңбекке ақы төлеу дөрежесін, еңбекшілердің нақты табыстарын көтеру бағытын бұлжытпай жүзеге асырып отырады.

Кеңес адамдарының қажеттерін неғұрлым толық қана-ттандыру мақсатымен қоғамдық тұтыну қорлары жасалады. Мемлекет қоғамдық үйымдар мен еңбек үжымдарын кеңінен қатыстыра отырып, бұл қорлардың өсуі мен әділ бөлінуін қамтамасыз етеді.

**24-бап.** Қазақ КСР-інде денсаулық сақтаудың, өлеуметтік қамсыздандырудың, сауда мен қоғамдық тамақтандырудың, тұрмыс қажетін өтеу мен коммуналдық шаруашылықтың мемлекеттік жүйелері жұмыс істейді және дамып отырады.

Мемлекет халыққа қызмет көрсетудің барлық салаларында кооперативтік және басқа қоғамдық үйымдардың қызметін көтермелеп отырады. Ол бұқаралық дene тәрбиесі мен спортың, дамуына көмектеседі.

Қазақ КСР Конституциясы. А., Қазакстан, 1984.

\* \* \*

Д.А. Қонаев

#### ТЫҢ РЕЗЕРВТЕРИ ОТАНГА ҚЫЗМЕТ ЕТСИН

*Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың тың  
және тыңайған жердің игерудің 25 жылдығына арналған  
салтанатты мәжілісте жасаган баяндамасынан*

Жолдастар! Осынау салтанатты күні, КОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы ақпан — наурыз Пленумының тарихи шешімінен басталатын оқиғаларға ой жүзінде

оралғанда, еліміздің ұлан-байтақ тың жерінде жасалған істердің ауқымы мен ұлылығына таңданбауга болмайды.

Мұншама батыл қадам жасау, мұндайлық ірі мәселені шешу тек халықпен етене байланысты болған революциялық партияның ғана қолынан келетін іс еді. Тың әпопеясында КПСС-тің аграрлық саясатының кеменгерлігі, біздің қоғам беріктігінің негізі, коммунистік құрылыштың маңызды да жауапты ісіндегі оның барша табыстарының кепілі — партия мен халықтың мызғымас бірлігі айқын көрінді.

Тың біздің республиканың экономикасын, ғылыми мен мәдениетін жан-жақты дамытудың қуатты тездектіші болды.

Алғашқы тың көктемінің өзі-ақ ғасырлар бойы игерілмей жатқан ұлан-тайыр жерге жан бітірді, сөйтіп, тың еңбектің есесін қайтара бастады. Ол орасан зор жасампаздық жұмысты дүниеге ала келген көктем болды, ал оның аргы бастауын кезінде Владимир Ильич Ленин күні бұрын болжап, барынша ғылыми негізде дәлелдеп берген болатын.

Партия мен үкімет тың әпопеясының барысын мұқият қадағалап отырды. Шетсіз-шексіз далала техника, алуан түрлі жабдық толассыз тасқынмен жіберіліп жатты, барлық жерде қауырт жұмыс қазандай қайнап, жана қоныстар мен автомобиль жолдары, электр желлері мен байланыс тораптары пайда болып жатты. Олkenін бейнесін түбегейлі өзгерткен жасампаздық ұлы істің мұншалықты қаулаған қарқының республика бүған дейін ешқашан білген емес. Қазір игерілген тың өнірінде жоғары механикаландырылған екі мыңдан астам совхоз (кеншар), жұзделген колхоздар (ұжымшар) бар.

Тың даланың бақытты болашағы көз алдымында жасалып жатты. Сол күн, сол болашак, міне, туып отыр. Оны бүгінде тек мол астығымен ғана емес, сонымен қатар жаңаған өмірімен, тамаша дәстүрлерімен, алғашқы тың игерушілердің ой-сезімдерін, тілек-мақсаттарын мирас еткен жас үрпақ пен атақ-данқын асырған тамаша болмыстан да көреміз.

Бүкіл дүниежүзінің көз алдында кеңестік тың — бейнелеп айтқанда, аса ірі бидайлы державаға айналды. Оның жері де, адамдары да күшін барған сайын еселей түсіп, елге, кенес халқына жұмыс істеуде. Мұның өзі кездейсок емес, өйткені біздің партиямыздың жоспарлары әрқашан

да дәл ғылыми есеппен өлшеніп-пішіліп, жағдайды жанжакты салғастырып бағалауға, халықтың мұн-мұқтажы мен арман-тілектерін терең түсінуге, оның жасампаз күшіне деген ұлы сенімге негізделіп отырады.

Жолдастар! Тың игерудің экономикалық, әлеуметтік-мәдени нәтижелері баршаға мәлім. Еліміздің шығысында орасан зор аграрлық-өнеркәсіп комплексі жасалды.

Қазақстан аса ірі астық базасына айналды, онда сапалы астық өндірісі жылдан-жылға артып келеді. Өздерініз ойлап қараңыздар. Егер біз жетінші бесжылдықта жылына орта есеппен 14,5 млн т астық өндірсек, үстіміздегі бесжылдықтың басынан бастап жылына 25 млн т-дан астам астық өндіретін болдық. Отken жылы, өздерініз білесіздер, бұл көрсеткіш 28 млн т шамасында, яғни 1953 жылғыдан бес есе көп болды.

Ширек ғасыр ішінде барлығы 466 млн т астық өндіріліп, Отан қоймасына 269 млн т, яғни 16 млрд 418 млн пүт жоғары сапалы астық күйілді. Ауа райының қиыншылықтарына қарамастан, Қазақстан берекелі миллиард пүт астығымен Отанымызды талай рет қуантты, ал үстіміздегі бесжылдықтың уш жылы ішінде республика Отан қоймасына екі рет миллиард пүттан астам астық күйді.

Тек бір ғана Қостанай облысы игерілген тыңナン мемлекетке 3 млрд 111 млн пүт астық сатты. Солтүстік Қазақстан, Целиноград, Қекшетау және басқа облыстарда астық дайындау көлемі 4—7 есе, ал Торғай облысында одан да көп есті.

Қазақстан жоғары сапалы күшті және қатты бидай сорттарын беретін негізгі өнірге айналды.

Қазақстанның онтүстік облыстарында да тез және мол қайтарым бере алатын жаңа құнарлы жер игеріліп жағтыр. КПСС Орталық Комитеті мамыр Пленумының шешімдерін орындау мақсатымен мұнда мелиорациялау бағыты сенімді түрде қолға алынды, осының нәтижесінде, отken 25 жыл ішінде республикада овош сатып алу көлемі 21 есе, ал картоп сатып алу — 18 есе артты.

Қызылорда, Алматы, Шымкент, Талдықорған облыстарында күріш өсіретін ірі аймақтардың пайда болуы арқасында Қазақстан күріш өндіруші ірі өнірге айналды. Осы бағалы дақылды сатып алу көлемі 24 есе есті.

Бүгінде 35 млн гектардан астам егістік жер айналымға қосылды, 130 млн гектардан астам жайылым сулан-

дырылды, екпе және көлдете суарылған шабындықтарың көлемі ұлғайтылып, сурлемдік жүгери өндірісі шұғыл арттырылды.

Астық мәселесін шешумен қатар “екінші тынды” — мал шаруашылығын одан әрі өркендету республиканың селолық экономикасында негізгі қамқорлық жасайтын істің бірі болып табылады.

Жаңа жерді игеру республиканың мал шаруашылығын өркендетуді тездете тусти. Ирі қара мал мен қой саны екі есе, шошқа — 5,7 есе көбейді. Ет пен сүт сатып алу — 4 есе, ал жүн сатып алу — 3,5 есе еости.

Егер тың жерді игеру басталған кезде совхоздар мен колхоздарда шын мөнінде механизаландырылған мал фермалары болмаған болса, қазіргі уақытта бұл сала индустриялық негізге көшіп келеді.

Ауылшаруашылық өндірісін шоғырландырып, мамандандыру процесі батыл жүзеге асырылып жатқан республиканың совхоздары мен колхоздарында жүздеген мың механизаторлар мен басқа да мамандар — зоотехниктер, шопандар, бақташылар, сауыншылар еңбек етуде, енді оларды ғасырлар бойы санаға сіңген мағынада *шаруалар* деп айта алмайсын. Бұлар — техникамен істес болатын тәжірибелі де білімді адамдар, рухани талабы жоғары адамдар. Мысалы, тың жерді игергенге дейін өрбір шаруашылықта орта есептен 26 механизатор болса, қазір одан бес есе көп.

Ал осы жылдардағы ауыл шаруашылығында электр энергиясын тұтыну көлемін алып қарандыздар. Ол 60 еседен астам еости. Басқаша айтқанда, егер патшалы Россиядағы бір шаруа үйіне тиесілі “жылқының бір аяғы” деген есепке жүгінсек, қазір Қазақстандағы өрбір село тұрғыны отыз жеті ат күшіне ие болып отырған іспетті.

Ауыл шаруашылығын электрлендіру ісінде партия мен үкіметтің осы мәселе жөнінде жақында қабылдаған қаулысына байланысты жаңа перспективалар ашылып отыр.

Тың жерді көтеру мейлінше тиімді экономикалық шара болды. Мысалы, Қазақстанда жаңа жерді игеруге жұмсалған мемлекет қаржысы артығымен өтеді. Еліміз қазірдің өзінде бізден талай миллиард сом таза пайда алды, ал мұның өзі де әлі шек емес деп ойлаған жөн.

Жолдастар! Тың игеру халық шаруашылығының барлық салаларында қуатты өрлеу тұгызды. 1953 жылмен салыстырылғанда, республикада өнеркәсіп өндірісінің көлемі тоғыз еседен астам артқаның айтсақ та жеткілікті. Жаңа заводтар, комбинаттар, фабрикалар, рудниктер, көмір разрездері ғана емес, сондай-ақ Қаратая-Жамбыл, Павлодар — Екібастұз, Теміртау — Қарағанды, Қостанай, Манғышлақ сияқты бірегей өнеркәсіп комплекстері де пайда болды.

Химия және мұнай-химия өнеркәсібі, қара металургия және ауылшаруашылық машиналарын жасау, құрылымдары, құрамажем және микробиология өнеркәсібі сияқты салалар шындығында жаңадан құрылды.

Күрделі құрылыштың ауқымы бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өсті. Осы жылдар ішінде тек ауыл шаруашылығында ғана 35 млрд сомға жуық күрделі қаржы игерілді.

Көліктің барлық түрі қаулап өркендеуде. Егер тың игерілгенге дейін солтүстік облыстарда қолайлы автомобиль жолдары атымен дерлік жоқ болса, қазір олардың ұзындығы ондаган мың шақырымнан асып отыр.

Тауар айналымы 9 есе өсті, халықтың жан басына шаққандағы тауар сату көлемі 4 есе, ал селода 6 есеге жуық көбейді.

Село еңбеккерлерінің тұрмыс дәрежесі едөүір артты. Үлгі жобамен ауруханалар, мектептер, сауда орталықтары, балалар бақшалары салынды. Қазір мұнда осы заманың екі мыңға жуық мәдениет үйлері мен клубтары, үш мыңға жуық кітапхана бар. Қазір селода жақсы жиназбен, газбен, электрмен, түрлі түсті теледидармен, меншікті автомашинамен ешкімді таңдандыра алмайсын. Орталық Комитетке тың игерушілерден мына куралыптас хаттар жиі түсіп тұрады: “Бізде бәрі де жақсы, әлбетте, көптеген мәселелер де бар, біз оларды шешеміз. Бірақ бір нөрсе шынында да нашар. Жұрттың жеке пайдалануы үшін автомашина аз сатылады”, — деп жазады олар. Неси бар, жолдастар, мұндай “тапшылықпен” келіспеуге болмайды. Бірақ осының өзі көп нөрсені аңғартады және “Тыңды игеру не берді?” деген сұраққа да ап-айқын жауап береді.

Қазақстан коммунисті.  
1979. №4. 12 — 15 бб.

Д. А. Қонаев

## “АҚИҚАТТАН АТТАУҒА БОЛМАЙДЫ” КІТАБЫНАН

Арада біраз уақыт өткен, Хрушев хабарласты.

— Мен тың облыстары жөніндегі Бюроны таратып, оның орнына құрамында бес облыс бар Тың өлкесін құруға шешім қабылдадым, — деді.

Мен одан:

— Ол өлке екі жақты бағыныштылықта бола ма? — деп сүрадым. Хрушев қоштап жауап берді.

— Бұл тубірімен қате, Никита Сергеевич, біз жерді не үшін кесіп-пішіп жатырмыз?

— Сіз жете түсінбеген сияқтысыз, — деп, сөз артын сиырқұйымшактатып жіберді. Телефонның үні өшті.

Тың өлкесі құрылды. Артынша Мәскеуде осы өнгіме одан өрі жалғасты.

— Мынадай ұсыныс бар, — деді Никита Сергеевич, — Қарағанды облысын Тың өлкесіне қоссақ деп едік.

Мәслихат Хрушевтің кабинетінде өтіп жатты. Оған Микоян, Козлов, Брежнев, Косыгин, Первухин және басқалар қатысып отырған-ды. Мен салған жерден Хрушевке:

— Бұлай етуге жол беруге болмайды, — деп қарсылық білдірдім. — Егер Қарағанды бассейнін өлке құрамына қоссақ, онда астықтан біржола айырылдық дей беріңіз. Өлке астықпен айналысуын қояды...

Хрушев менің ойымды аяқтатпай:

— Өнеркәсіпсіз тыңды көтере алмаймыз, — деді ол. — Сіз тағы да жете түсінбей отырсыз... Біз Қарағандыны капиталистерге беріп жатқанымыз жоқ қой. Қонаев қарсылығын қайтып алуға тиіс.

Дәл осы кезде Микоян менің жыртысымды жыртып, өз байламын айтты. Байқауымда, Хрушевпен ет жақын адамдай емін-еркін сөйлеседі екен.

— Босқа күйіп-піспе, Никита Сергеевич, сенікі дұрыс емес. Егер Қарағандыны тың игерушілерге берсек, күні ертең өзіміз өлке басшыларын көмірмен айналысуга мәжбур етеміз, ал астық екінші қатарға ысырылады. Тың өлкесі көмір емес, астық өндіру үшін құрылыштың отыр деп ойлаймын.

Осы төрелікке тоқтадық. Қарағанды өлкө қарауына берілмей, бұрынғы қалпында қалды. Мен Микоянға шын жүректен шыққан алғыс сезімінді білдірдім.

Бірнеше айдан соң Хрущевпен және сөйлестім.

— Міне, көрдініз бе, Тың өлкесі өзін-өзі қалай ақтап отыр! Қазақстанда тағы осындағы екі өлкө үйымдастырсақ. Оған қалай қарайсыз? Тегінде, Қазақстан халық шаруашылығын өлкелік басқаруға көшетін мезгіл жетті. Ал болашақта республика арасында шекара жойылатын болады.

Хрущевтің бір өдете — мәселені жоғары жақта пісіріп алыш, шешімін бір-ақ айтады. Қөнілі түссе, ақылдаған болады, ал шекесі тырысып отырса, алды-артына қаратпай, тізеге салып-ақ жібереді. Бұл жолғысы да — соның кебі. Республикада Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан өлкелері құрылды. Шығыс Қазақстан өлкесі туралы ұсыныс дайындалып жатты...

Істің қалай, қайда ауан алыш бара жатқанын кейінірек түсіндім. Дәл осы тұста құрамына Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қыргызстан және Қазақстанның Шымкент облысы басшылары енген Орта Азия бюросы құрылды. Хрущевтің күллі жымысы өйненесінде кейін тайға таңба басқандай айқын бол еді. Ол болашақта республика арасындағы шекараларды жою жөніндегі өз идеясын қалайда тезірек жүзеге асырмак. Рас, оның найза бойламас арам құлығын кеш те болса түсіндік. Енді не іstemek керек бізге? Мәселе осында.

Хрущев те қара жаяу кісі емес. Өзінің шыңырау түбінен жүргізген сүмдүқ саясатының шет-жағасын менің жете ұғына бастағанымды үнемі қарсы келетінімнен сезбеді деп айта алмаймын. Бір келсе, кедергінің қайдан келетінін ол да түсінген. Сонда да болса, кісі қолымен от көсеуден танбады. Бір кездескенімізде Хрущев былай деді:

— Маңғышлақ түбегін Түрікменстанға беру кажет.

— Неге?

— Түрікмендердің тәжірибесі мол. Олар Маңғышлақ мұнайын тезірек игереді. Шөлді және жартылай шөлді аймаққа әбден бейімделген, олардың геологиялық барлау үйымдары өлдекайда мықты.

— Сіз біздің мұмкіндігімізді дұрыс бағаламайды екенсіз. Біздің мұнайшыларымыз да, геологиялық барлау

ұйымдарымыз да ешкімнен кем түспейді. Оның үстіне, осы шешім жүзеге асқандай болса, тарих Сіз бен бізді ешқашан кепірмейді.

Ол ыршып түсті. Бір қызарып, бір сұрланды.

— Бір халықтың ғана мұддесін көзdemеніз. Бүкіл Кенес Одағына мұнай керек. Және орасан мол мұнай қажет. Сондықтан барлау жұмыстарын күштейткен жөн.

Ол біраз үнсіз отырып, маған мынаны ескертті:

— Қазақстанға барған кезімде мен бұл мәселе жөнінде сізге айтқанмын. Сіз естісініз де естімегендей болғансызы. Жағдайды түсініп тұрып, түсінгіңіз келмейді. Еш негізсіз қарсылық білдіріп отырсыз.

Маған шегінер жер қалмады. Табан тіретін, өз сөзімнің дұрыстығына көз жеткізетін бір-ақ кісі бар еді.

— Менің уәжім дөлелсіз десеніз, Геология министрі Сидоренкомен сөйлесіп көрініз, — дедім.

Ол телефон тұтқасын көтеріп, Сидоренкомен байланысты. Менің бағыма қарай Геология министрімен екеуміздің ойымыз бір жерден шықты. Оның санқылдаған даусын мен де анық естіп отырдым.

— Никита Сергеевич, Қазақстанда геологиялық қызметтің мықтылығына еш күмәніңіз болмасын. Қазақтар Маңғышлақты жылдамырақ игереді, оған тәжірибелері де жетеді. Оның бер жағында тубек таяу арада Ақтөбе және Гурьев теміржолымен жалғасады. Мұның өзі Маңғышлақ мұнайын игеруді тездете түседі, — деді.

Хрушев: “Түсінікті”, — деді де, телефон тұтқасын сылқ еткізіп қоя салды. Сонын маған қарап:

— Біз әлі де ойланайық, — деді. — Өл-әзір Қазақстан мен Турікменстан шекарасын бұзбай тұра тұралық.

Осыдан кейін Маңғыстау мәселесіне ол қайтып оралмады. Бірақ Хрушевпен арадағы әңгіменің шарықтау шегі әлі алда еді.

1962 жылы желтоқсан айының орта түсында Қазақстан өнер шеберлері Кремльдің съездер сарайында концерт беретін болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшелері — Бейсебаев, Шәріпов, Юсупов және басқалары түгел Мәскеуде жүрген. Мен Хрушевке телефон соғып, концертке шақырдым. Ол екі сөзге келмей:

— Миндетті тұрде барамын. Мүмкін, Кремльге, маған келіп кетерсіз, — деді.

Мен жиырма минут ішінде сонда болдым. Хрушевтің кабинетіне кірсем, Микоян отыр екен. Аман-саулық сұрасқан соң, Хрушев:

— Концертке КОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшелері түгел қатысады, — деді.

— Біздің өнер шеберлеріне көрсеткен зор құрмет деп білеміз. Рақмет! — деп мен де дардай боп қалдым.

— Мәскеуде жүрген Бюро мүшелеріндегі түгел шақыруды ұмытпассызы. Концерттен кейін кездесіп, әнгімелесудің жөні келіп тур.

— Жақсы.

— Бұгін Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Юсупов келіп кетті, — деді маған көз киығын бір секем көнілмен тастап, сөзін сабактады. — Ол мақта өсіретін аудандарды Өзбекстанға беру туралы мәселе қойып отыр. Меніңше, оте құнды пікір.

Төбемнен жай түскендей үнсіз отырып қалдым. Ол менің тараапымнан “не жоқ, не мақұл” деген сөз шықпаған соң:

— Ол аудандарды Өзбекстанға беру шөл даланы игеруді тездетіп, мақта өндірісін ұлғайта туседі, — деді.

— Юсуповтың дәлелі де көкейге қонады: өзбектердің ұсынысын қолдаймыз. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пікірін білсек деп едік.

Мандайдан біреу періп жібергендей күй кешіп, ойым он саққа кетті. “Бұл қалай болғаны?” — деп ойладым.

— Осы бұгінға Юсуповпен кездесіп, сөйлесіп едім. Ондай ойдың ұшқының да білдірген жоқ. Сол екі арада есебін тауып... идеясын өткізбек қой? Мәселенің байыбына бармай, егжей-тегжейлі таразылап алмай, ағайынды екі елдің тағдырын, оның ғасырлар бойы қалыптасқан шекарасын шешпек пе? Жоқ, бұлай ел тағдырымен ойнауга болмайды... Сондағы мақсаты не? Алды-артын ойламай осылай мәселе шеше ме кісі? Оған асығатындей не көрінді?

Өзімді сабырға шақырып, әдептен аттап кетпеуге тырыстым. Әйтсе де, ойымдағыны іркіл қала алмадым.

— Мен Юсупов ұсынып отырган ұсыныстың пайдалығын өз халқыма дәлелдеп бере алмаймын. Біріншіден, біз тың игеруде әлдеқайда бай тәжірибе жинақтадық, екіншіден, шөл даланы игеруді бастаған да — біздің

республика. Оған тек мақтаның шығымдылығы жөнінен ғана емес, сонымен бірге басқа да өнім түрлерінен аса жоғары көрсеткішке кол жеткізген “Мактаарал” совхозы дәлел. Техника мен қаражат берініз, мақта өндірісін арттыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Ең бастысы, Оңтүстік Қазақстан — республикадағы тұрғылықты халықтың ең тығыз орналасқан жері. Біз отпен ойнап отырымыз: республикалардың арасында жағдай шиеленіспін кетуі мүмкін.

Өкінішті-ақ! Менің айтқан уәжім Хрушевке мұлдем үнамады. Өйткені, ол әлдеқашан өз байламын жасап қойған-ды. Осы арада Микоян сөзге араласты. Ол уш бірдей мақта өсіретін ауданды Өзбекстанға беру жөнінде Хрушевті қолдай келіп:

— Юсупов жазған хаттағы ең басты мәселе осы, — деді.

Хрушев әңгімені шырып:

— Өлкелік партия комитеті хатшысының ұсынысын кешкілік КОКП Орталық Комитетті Президиумының мүшелері мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің бюро мүшелері бас қосқан жерде талқылайық. Мен осы мәселені қарал, шешуді ұсынамын. Ал сіз өзініздің бюро мүшелерінің тағы да ақылдастыңыз, — деді.

— Егер КОКП Орталық Комитеттің Президиумы уш ауданды беру керек деп шешсе, амал жоқ, шешімді орындайтын боламыз, бірақ өз басым мәселенің бұлай шешілуіне үзілді-кесілді қарсымын, — деп жауап бердім.

Концертке дейін Бейсебаевпен, Шәріповпен сөйлесіп, болған жайды бүкпесіз ортаға салдым. Олар қайраттандырудың орына солқылдақтық жасап: “Қарсылықтың түбі жақсылыққа апарып сокпайды. Аталмыш аудандарды беруге келісу керек”, — деп кенес берді.

Концерт жайына қалды. Құлағым шыңылдал, басым мен-зен. Сахнада не болып жатыр, көріп те отырғаным жоқ, естіп те жарытпадым.

Үзіліс кезінде Хрушев әңгімені қайта көтерді. Ол маған Юсупов жазған хатты ұсынып жатып:

— Аманатты орындау үшін тапсырамын, — деді. Онымен қоймай, Юсуповты жер-көкке сыйғызбай мақтады. Іске мемлекеттік тұрғыдан қараған мұндай азаматтарға барынша қолдау көрсету керек!

Біз қасірет арқалап шықтық...

\* \* \*

...Брежневпен жиырма сегіз жыл қызметтес болдым. Бажайлап қараған кісіге бұл аз уақыт емес. Қын да қызықты құндер өтті. Бірақ тәтті ауыздың дөмін кетіріп, ишай дескен емеспіз. Пікір қайшылығы кезінде принципті позициямызда тұра білдік. Бір-бірімізді сол үшін де құрметтеп, терезесі тен кісілерше сыйласып өттік. Соңғы рет біз 1982 жылы ақпан айында Кремльде, Саяси Бюроның мәжіліс залында жүздескен едік. Маған үшінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атағының берілуіне байланысты Ленин ордені мен Орақ пен Балға Алтын жүлдізының тапсырган-ды.

...Брежнев дүниеден қайтқан соң, өсіреле қайта құру қалай басталды, солай қулағын шулатты-ай кеп. Соның ішінде, оны “әдебиет пен өнердің кейбір қайраткерлерін жазықсыз елден аластан, шет жерге қуды” деп жазғырады. Мен бұл жайлыштарда шетпүшпақтап айттым. Соны түйіндей кетейін. Өділеттен аттауға болмайды, олардың қыр сонынан қалмай, қудалауға ұшыратқан басты айыпкер, әлбетте, Брежнев емес. Ол — анық. Бұл арада даудың басын Қауіпсіздік комитетінен іздеген жен. Оның басшылары құлаш-құлаш ақпар жазады, аяғы жеткен жерге ауызекі де айтады. Жай жазбайды. Түнілдіріп жазады. Айтса — төндіріп айтады. Біздің еліміз үшін олардың қызметтінен келетін залал бастан асатынын дәлелдейді. Және бұлтартпастай етіп дәлелдейді. Ақыр соны, аластамаса болмайтын етіп шығарады. Брежнев чекистерге Құдайдай сенеді, сенгендіктен жарлыққа қол қояды. Оның бар қателігі де осында. Сенгіштігінен таяқтың бір үшін өзіне келіп тиіп отыр.

Қазір жариялыштың заманы. Брежневті жер табандатып жамандап жатыр. Бірінін аузына бірі түкіріп қойғандай. Аруақ еді деп Құдайдан қорқып, ұттың ойлап жатқан тірі пендені көрмедім. 1968 жылы Чехословакияға, сосын 1979 жылы Ауғанстанға әскер кіргізуге неге келісімін берді деп сөгеді. Рас, ол келісімін беруін берді, бірақ осындаш шешім қабылдауға итермелеп, керек десеніз, мәжбур еткен күш, құдіретті күш болғанын неге үмьттамыз. Ол күш — бесенеден белгілі — мәскеулік топ және баспасөзде олардың аты-жөні түгел тайға таңба басқандай жазылды.

Иә, кезінде жан баласы естімеген құпия шаралар Брежневтің сүйегіне таңба салғандай өсер қалдырады. Алайда оның халықаралық қызметін тек көлеңке жағынан көру тым орынсыз болар еді. Бүкіл өлем халықаралық шиеленісті сауықтыру үрдісін ілгері апарудағы Брежневтің рөлін бөле-жарып көрсетеді. Шынында да, Хельсинкидегі тарихи келісімді алыңыз, болмаса стратегиялық шабуыл қаруларын шектеу туралы АҚШ-пен келісімшарт ше? Санай берсек, бұл тізімді жалғастыра бергендей-ақпаз.

Мен Брежневтің қызметіне баға беру барысында біздің республикаға деген оның көзқарасын негізге алдым. Ал ол жағынан таразыласақ, айрықша ықыласы мен қатаң талабы тен түсіп жататын. Мен оның мемлекеттік түрғыдан келетін парасаттылығын осыдан-ақ танығандай едім.

Оқырман алдында ағымыздан жарылған еkenбіз, ішектің қырындысына дейін айтайық. Біз астанадан тым шалғай жерде жүріп жаттық, сөйтіп Мәскеуде болып жатқан көптеген оқигалардан, ен алдымен, халықаралық мәселелерге байланысты жайлардан хабарсыз қалып жүрдік, бұл біздің бұрынғы Саяси Бюро мүшелерінің кінәсі емес, дәллірек айтқанда, соры еді...

Бас хатшының тікелей басшылығымен қабылданған КОКП XXIII—XXVI съездерінің шешімдерінде ешқандай ши болған жок. Партия да, халық та толық мақұлдады. Халықаралық жүртшылық үшін де ерекше мәні бар еді. Бүкіл ел жатпай-тұрмай жұмыс істеді. Қол жеткізген табыстар да аз емес. Еңбек елеусіз қалған жок, ел алғыс та алды, қеуделеріне ордендер де такты. Өрине, елдің бәріне бірдей жағу қыын. Базбіреулер үкімет наградаларын Брежnev оңды-солды шашып, қадірін кетіріп жіберді деп кінәлады. Өз омырауын да үмітқан жок дейді. Онысы рас. Бірақ бас изеп, құлдық үра беру де келіспес. Леонид Ильич оларды сұрап алмағаны, өзін-өзі наградатамағаны бесенеден белгілі. Бәленің бәрі айналасындағыларда. Қайтсек жағынамыз деп құрдай жорғалап, осал жерін іздейтін. Жоқ жерден желеу тауыш, награда үсынатын. Өзге емес, соны тап төнгрегіндегі елдің тізгінің ұстап отырған Саяси Бюро мүшелері, басқаша айтқанда, мәскеулік топ билеп-төстеп, ойна келгенін істейтін. Оған Леонид Ильич ләм демейді, тіпті:

“Не бергелі жатырсындар?” деп сұрамайды, қанша берсөң де, қандайын берсөң де қарсылық жасамады. Оның қателігі де осында. Бір тажабы — Брежнев “жүлдзыздар” халық алдында сінірген еңбегім үшін берілді деп, өзінен-ең іланатын. Алданғаннан малданған жаман.

\* \* \*

...Андропов, айтары жоқ, аса ірі мемлекет қайраткері еді. Оның басшылығымен біздің еліміз барлық бағытта экономикалық және өлеуметтік жағынан сеніммен алға басты. Ел аяғын тартып басып, етек-женін жинақтай бастаған. Оны қаталдық деуден гөрі, талапты күшепте тусы еді деп білген жөн. Өкінішке орай, жарық дүниеден татар талқаны таусылған екен, ажал арамыздан тым ерте алыш кетті. Ол бар-жоғы екі жылдай ғана уақыт КОКП Орталық Комитетін басқарды, КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының Төрағасы болды. Қысқа мерзім ішінде Саяси Бюроның жұмысын жандандырып, жана арнаға салып кетті. Онда қандай мәселе қаралмасын, бәрі баспасөзде жарияланатын жағдайға жетті. Шын демократиялық леп басталып, жариялыштықтың алғашкы беттері ашылған-ды.

“Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін түяқ жоқ”. Андроповтың қоғамдық қызметін өділдік тезіне салсақ, оның жұмысындағы “әттеген-айларды”, атап айтқанда, кемшиліктер мен қателіктерді айналып өтуге болмайды. Мәселен, уақыт деген қатал төреші кімнің кім екенін анықтап берді. Айдай өлем құлағдар болғанында, 1956 жылғы Венгрия трагедиясына қатысы барлығына күмән қалмады, ол кезде Юрий Владимирович сол елде елшітүғын. Одан кейін 1968 жылы Чехословакияға, 1979 жылы Ауғанстан жеріне өскер кіргізу жөніндегі шешімнің қабылдануына қатысқан басты тұлғалардың бірі. “Қыырдақтың әкесін түие сойғанда көрерсін” дегендей, ол ең үлкен қателіктерді Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің Төрағасы болыш, айдарынан жел есіп түрған шағында жіберді. Кісі тағдыры неміс үйінде жүрді, көтермейді. Ол барынша қырағылышты, барынша сергектікті, қажет десеніз, кайырымдылық пен сезімталдықты қажет етеді. Әркімнің Құдайдан үміті бар. Үміт сөүлесін сөндірмеуге үмтүлсақ игі. Өкінішке орай, жалған

ақпараттарға малданған Андропов біздің зиялды қауымы-мыздың көптеген адал өкілдерін, мәдениетіміз бен өнер-ріміздің көрнекті қайраткерлерін орынсыз қудалап, сүргінге салды.

Мәдениет пен өнердің жекелеген қайраткерлерін елден аластау және оларды азаматтық құқығынан айыруды Саяси Бююда оның одактас республикаларда қызмет істейтін мүшелерінің қатысуынсыз шешіп отырды. Сондықтан талқыланған мәселелер бойынша өз пікірімізді айта алмай, шеттеп қалатынбыз. Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті жүргізген ақылға да, адамгершілікке де сыймайтын өлгі “шаралар” Қазақстан зиялдылары арасында абыржу туғызып, керек десеңіз, үрейге бой алдырған тұстарынан хабарсыз емесін.

Бірде Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Ш. Ибрагимовтің былай дегені бар. Ол еліміздің танымал физиктерімен тонның ішкі бауындағы араласып тұратын.

— Академик Сахаровты Горькийге жер аудару — ақылға сыймайды. Бұл бір ғана менің пікірім емес.

Артынша КСРО Министрлер Кеңесінің сол кездегі Төрағасы Косыгиннің қабылдауында болып, барған шаруамды бітірген соң:

— Алексей Николаевич, алды-артына қаратпай туған жерінен, елінен аластатылып жатқандарға, “жүйке ауруын емдейтін ауруханаларға” еріксіз жатқызылғандарға, Андроповтың ақпараттарына қалай қарайсыз? — деп сұрадым.

Сөзге сараң А.Н.Косыгин:

- Өзіңіз қалай дейісіз? — деп қарсы сұрақ қойды.
- Соны түсіне алмадым.
- Онда осының берін Бас хатшыға барып айттыныз.

Леонид Ильичпен болған өңгімеде мен көңілді күтті еткен жайды түгелдей жайып салдым. Брежнев үнсіз тындалап, ұзақ уақыт бойы жүмған аузын ашпай, сазарды да отырды. Әрине, Құдайдай сенген адамы туралы ойда жоқ жерде одан кем түспейтін сыйластығы бар кісі келіп төбеден қойып қалғандай ғып өңгіме, өңгіме болғанда — кімге де болса жайлыш тимейтін мәселе төтесінен қойылса, не істегендей еді. Ол өзіне-өзі келді білем, әдеттегі сабырлы қалпын сақтап, айналасына шола қарап алды да:

— Жә, сіздіңше не істеу керек? Андропов қара аспанды төндіріп: “Несін айтасың, олар тұнық суды лайлаң бітті” дейді. Бұлдаріп жатыр. Бітеу жара сыздалап жарылғалы түр. Халық толқу үстінде, — деді.

Біздің әңгімеміз осымен тамамдалды.

\* \* \*

...Осы жерде басын аша кететін бір әңгіме бар. Мен мұны араға біраз уақыт салып барып білдім. Бақсак, осының алдында ғана Горбачевті Бас хатшылыққа ұсынуға байланысты Саяси Бюроның ат төбеліндей ғана мүшелері қатысқан мәжілісі өтіпті. Бұған не Щербицкий, не Романов шақырылмаған. Менің өзім хабарды кеш алдым. Оның үстіне, Алматыдан Мәскеуге дейін табаны құректей төрт сағат үшү керек. Өуежай мен Кремльдің арасы да таяқ тастам жер емес. Соңда қанша сағатқа кешігіп келгенімді есептей беріңіз. Олар мұны күн ілгері жүпташ қойған. Неге десеніз, егер Саяси Бюро мүшелері төрт көзі түгел қатысса, қауіптің қайдан төнерін Горбачев жақсы біледі. Онда оның есімінің ауызға алынуы екіталай.

Менің ойымша, бұл арада таразы басы Григорий Васильевич Романов жағына ауып кету қаупін Михаил Сергеевич бұрыннан билетін.

...Қараша айның екінші жартысында КСРО Жоғарғы Қенесінің сессиясы өтіп, соған қатыстым. Горбачевпен кездесіп, екеуміз үзак отырып әңгімелестік. Қалай бастап, не айтуды өмір үйретті гой. Барымызды асырмай, жоғымызды жасырмай алдына жайдым. Шешімін күткен мәселелер де жетіп артылатын. Оның да көбесін сөктім. Ал айран сұрай келген кісі, сірә, шелегін жасырмаса керек. Өкпемді де айттым. Горбачевтен шыққан кезде зейнетті демалысқа кетуге біржола бел байладым. Кейінгі бір сөйлескенімде өз шешімімді айтып ем: “Әзір тұра тұрсаңызышы. Тын болмаса Үндістанға барып қайтайын. Сонын шеше жатармыз”, — деп жылы жауып қойды. Ол қайтышп оралған бойда мен Мәскеуге үштүм. Одан арғы жағы өздерінізге аян. Ал ол екеуміздің арамыз қалай болғанын бұған дейінгі тарауларда таратып айттым гой деймін.

Тек оған қосарым: Горбачев маған әрдайым жақсы өсер қалдыратын. КОКП Орталық Комитетінің хатшылығына, Саяси Бюро мүшелігіне сайланнанда да арамыз майлар қасықтай болатын. Мен 70-ке толғанда, 1982 жылы Саяси Бюро мүшелерінің құттықтауының сыртында өз атынан мынадай телеграмма жолдағаны бар:

***“Қымбатты Дінмұхамед Ахметұлы!***

Зор құрметті сезіммен және шын жүректен Сізді жетпіс жасқа толуыңызben және Отанымыздың жаңа тамаша наградасымен құттықтаймын!

Бүтін Сізді асқан үйімдастыруышы және басшы екенінді, біздің партиямыз беріліп қызмет етудің үлгісін көрсетіп отырганыңызды өділетті түрде және бар дауыспен жар сала айтқым келеді. Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің зор жетістіктері және гүлдене түсүі соның дәлелі. Қазақстанның миллиард пүт астыры республика жағдайында КОКП-ның аграрлық саясатының, Леонид Ильичтің ақыл-кенестері мен нұсқауларының қалай көзін тауып, табандылықпен және шығармашылықпен жүзеге асырылып жатқандығының жарқын көрінісі.

Сізге, қымбатты Дінмұхамед Ахметұлы, шын жүректен жақсы денсаулық пен бақыт, КОКП XXVI съезінің шешімдерін орындауда жаңа шығармашылық күш-қайрат және зор табыс тілеймін.

Қолыңызды қатты қысып, құшақтап сүйемін.

***M. Горбачев***.

“Ісің оңалғанша итіңе қол арта тұр” деген осы. Әйтпесе арамыздан ала мысық өтіп кете қоярлықтай үш-төрт жылдың көлемінде еш нәрсе бола қойған жоқ. Қараптан-қарап жүріп нілдей бұзылды. Сірә, Мәскеуге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің “екіжүзді” бюро мүшелерінің тарапынан “хан” сыртынан жұдырық көрсетулер болмай қалмаса керек. Бір кебісті бір кебіске сүқпаса, қазақ қарап отыра ала ма?

Горбачевке кісі өкпелеп болмайды. Неге дейсіз ғой?

КСРО Министрлер Қеңесінің Төрағасы кезінде Н.И.Рыжков ол не айтса, соны бұлжытпай орындана отырды. Әсіресе экономикалық саясатта Горбачев тізгінді қалай бұргысы келсе, божы ұстаған Николай Иванович

солай тартты. Яғни, үкімет не істесе де, президентпен келісіп барып, соның шешімімен іске асыруға тырысты. Алайда елдегі жағдай күрт өзгеріп, жалпақ жұртқа жария етілген жоспар жарамсыз бол шықты. Бұған кім жауап беруге тиіс? Қалай болғанда да біреу халық алдында “алша мойным талша” деу керек қой. Ол кім? Жеме-жемге келгенде, бар кінені Н.Рыжковқа итере салды. Онсыз да ері мойнына кетіп отырған ел аясын ба, тұс-тұстан келіп түте-түтесін шығарды. Айтылмаған сөз, таңылмаған кінә қалмады. Сөйтіп, айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылды. Президент не көрсе де Премьер-министрмен бірге көріп, жауапкершілікті тең көтеру керек еді. Бірақ Михаил Сергеевич беделден айырылғанша, бел омыртқам қайырылсын деп қайқайып шыға келді. Үкіметті жерден алып, жерге салып жатқанда да ол ләм-мим демеді. Осының өзі-ақ М.Горбачевтің жатыптары мен принципсіздігін көрсетеді.

Горбачев командасын түгел жаңартты. Қайта құру ісін бірге бастаған өзінің бар жақтастарын біртіндеп-біртіндеп жылыстатып жіберді. Жөн-жосықсыз басшылық құрамды тазарту, өмірдің өзі көрсеткендей, бүкіл елді ұлттық апатқа апарып соқтырды. Горбачевтің ең жақын серіктері — Шеварнадзе, Яковлев, Шаталин, Петраков және басқалары әртүрлі себептермен іргесін аулақ салды. Біздің ойымызша, олардың сырт айналуының басты себебі — Михаил Сергеевичтің ішкі саясатты жүргізу degі принципсіздігі, тайғанақтығы, яки табанының бүрі жоқтығы, қысқа күнде қырық құбылатын жансақ байламдары.

Ол өзінің партиялас жолдастарының көбімен өрі тез, өрі өкінішсіз-ақ қоптасты. Қатарынан бірнеше жыл жұп жазбай, ескегін бірге есікен Е.Лигачев қайықтан қалай түсіп қалғанын білмей дал. Оны көптеген газеттер, радио мен теледидар сан-саққа жүгіртіп, асауға құрық салғандай шынғыртты. Тіпті өлі жараның бетін тырнап, былық-шылыққа шатыстырып бақса да, Горбачев шүйдесін көрсеткен күйі безеріп отырып алды. Бұл — “пұл болмасан, күл бол” дегеннің белгісі еді.

Горбачевтің тарарапынан дәп осындағы ішмерездікті мен де бастан кептім.

\* \* \*

...Біздің партия, өкінішке орай, қайта құруға білек сыбанып, белсene араласа алмады. Басшылықтың кінөсінен бүкіл елде болып жатқан процестен шеттеп қалды, жетім баладай сыртынан күн сала қарап, момақан күй кешті. КОКП Орталық Комитетінің пленумдары мен басқа шаралар өз бетінше жүріп жатты, одан келген пайда да, зиян да жоқ. Партияның арқасында биік мансапқа, атак-абыройға қолы жеткен көптеген бұрынғы басшылар жағдайға байланысты өздерінің көзқарастарын өзгертіп шыға келді. Онымен қоймай, КОКП-ның ыдырауына жанталаса ықпал етті, партия қатарынан шығып, бір кездері ар-үжданы санаған билеттерін тастап кете барды.

Бұған кім кінәлі? Сіз де, біз де ойланайықшы... Ал баз біреулер шімірікпестен, қазіргі бақытсызыңық атаулыны, бәле-жаланы түгел партиядан көреді, соны айыптайды. Сонда басшылықтың шалағайлышы үшін, тізгінді дұрыс алыш жүре алмағаны үшін бар жауапкершілікті қатардағы қарапайым коммунистер көтеруі керек пе?

Біз ұлы істерге бірге барып, оны бірге жүзеге асырған партияны асығыс “жерлеп” қойған жоқпыз ба? Жуан белден бір-ақ тартып, біржола өшіре салғанды, анығырақ айтқанда — миллиондаған мүшесі бар партияның қызметін бір-ақ күнде тоқтатқанды және оның Бас хатшысының еркімен істелгенін бұрын-сонды естіп-көріп пе едініз? Және де бұл — қатардағы коммунистердің пікірімен санаспай, пленум не партия съезі шақырылмай жасалды. Партия басшылығы өздерінің абыройын айрандай төгіп, КОКП-ның беделін түсірді. Солардың кесірінен қазір жаппай антикоммунистік науқан еріс алды, сол үшін миллиондаған қатардағы коммунистер өздерінің көсемсымақтарының сатқындық саясаты үшін бар жауапкершілікті мойнымен көтеруде.

Бізде, Қазақстанда, партияның саудасын “занды” жолымен бітірді, өуелі пленум, сосын съезд өткізді... Бірақ партияны соттау — өз өкесін, анасын, ата-бабасын соттау деген сөз...

1991 жылғы қазан айының 28-індегі “Правда” газетінде жарияланған бір топ РКФСР халық депутат-

тарының съезге жазған хатында: “Партияны соттау — бұл 40 млн адамды қорлау деген сөз, егер олардың достары мен жақындарын ескерсек, онда бұл цифр еліміздің бар халқының жартысына жетеді. Мұндай сүмдүк тіпті Берия мен Ежовтың сандырақтаған түсіне де енген емес...” деп өте әділ айттылған. Ал тікелей маған келсек, менің жауабым бір-ак мағыналы: Мен — коммунистпін және демім таусылғанша коммунист бол қаламын.

*Қонаев Д.А. Ақиқаттан аттауга болмайды —  
Алматы, Санат. 1994.*

### III бөлім. ТӨҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

---

#### ҚАЗАҚ КСР-інің МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ

Қазақ Қенестік Социалистік Республикасының Жоғары Қенесі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тен тұрмыс жағдайын жасауға үмтүла отырып, Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші кезекті міндег санай отырып, жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын тани отырып, қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып, ізгілікті демократиялық құқылық мемлекетті құруға бел байлауды негізге ала отырып, Қазақ Қенестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялады және осы Декларацияны қабылдайды.

1. Қазақ Қенестік Социалистік Республикасы — егеменді мемлекет, ол басқа республикалармен Егеменді Республикалар Одағына ерікті турде біргеді және олармен өзара қатынастарын шартты негізде құрады.

Қазақ КСР-і Одақтан еркін шығу құқығын өзінде сақтап қалады.

2. Қазақ КСР-і ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады.

Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту Қазақ КСР-і мемлекеттігінің аса маңызды міндегтерінің бірі болып табылады.

3. Қазіргі шекарасындағы Қазақ КСР-інің аумағы бөлінбейді және оған қол сұғылмайды, оның келісімінсіз пайдалануға болмайды.

Саяси партиялар, қоғамдық үйымдар, бұқаралық бірлестіктер, өзге де топтар немесе жекелеген адамдар тарапынан Қазақ КСР-інің конституциялық құрылышына қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, сондай-ақ ұлт араздығын қоздыратын жария ұрандар заң бойынша жазаланады.

4. Республиканың барлық ұлт азаматтары Қазақстан халқын құрайды, әрі ол Қазақ КСР-інде егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік әкімет билігінің негізі болып табылады, мемлекеттік әкімет билігін Қазақ КСР Конституациясы негізінде тікелей де, әкілетті органдар арқылы да жүзеге асырады.

Республиканың бүкіл халқы атынан Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің іс-қимыл жасауға құқы бар.

5. Қазақ КСР-інің өз азаматтығы бар және ол әрбір азаматқа КСРО азаматтығын сақтауға кепілдік береді.

Республика аумағында тұратын азаматтарға олардың қай ұлтқа және қай партияға жататындығына, тегіне, әлеуметтік және мұліктік жағдайына, жынысына және діни нағымына, жұмысының түріне, тұрғылықты жеріне қарамастан, КСРО Конституациясы мен Қазақ КСР Конституациясында көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Азаматтық және ұлттық тәң құқығына қол сұғу заң бойынша жазаланады.

Қазақ КСР Конституациясы шенберінде жұмыс істейтін қоғамдық, саяси және діни үйымдардың, бұқаралық қозғалыстардың мемлекет және қоғам өміріне қатысуы үшін Қазақ КСР-і тәң құқылық мүмкіндіктерге кепілдік береді.

Қазақ КСР-і Республика ішіндегі, республика мен басқа республикалар арасындағы көшу-қону процестерін реттеп отырады.

6. Қазақ КСР-інің мемлекеттік әкімет билігі Республика ішінде, сондай-ақ Одақтық шартта белгіленген шенберде сыртқы қарым-қатынаста үstem, дербес, толық болады.

Қазақ КСР-і Республикадағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылышқа, оның әкімшілік-аумақтық құрылымына байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді, мемлекеттік әкімет және басқару

органдарының құрылымы мен құзырын, сондай-ақ республиканың рөміздерін белгілейді.

7. Республикада мемлекеттік әкімет билігі оны заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципі бойынша жүзеге асырылады.

Заң шығару билігін Қазақ КСР Жоғарғы Қенесі жүзеге асырады.

Президент республиканың басшысы болып табылады және онда ен жоғары әкімшілік-атқару билігі болады.

Ен жоғары сот билігін Қазақ КСР Жоғарғы Соты жүргізеді.

Қазақ КСР аумағында оның зандарының мұлтіксіз және бірыңгай атқарылуын қадағалауды оның Бас прокуроры жүзеге асырады. Қазақ КСР Бас прокурорының кандидатурасын республика президенті КСРО Бас прокурорымен келісе отырып ұсынады және Қазақ КСР Жоғарғы Қенесі бекітеді.

8. Қазақ КСР аумағында, оның өз еркімен Одаққа берген мәселелерін қоспағанда, Қазақ КСР Конституциясы мен зандарының үстемдігі орнатылады, оларды барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен үйымдар, азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар сактауға және орындауға тиіс.

Қазақ КСР-і өз аумағында республиканың егеменді құқықтары мен Конституциясын бұзатын Одақтың зандары мен оның жоғары органдарының басқа да актілерінің қолданылуын тоқтата түруға құқылы.

9. Жер және оның қойнауы, су, өве кеңістігі, өсімдіктер мен хайуаннатор дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық потенциал — республика аумағындағы бүкіл ұлттық байлық Республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше мешітінде болады.

Қазақ КСР-інде мешітік формаларының алуан түрлі және тен болуы қамтамасыз етіліп, олардың қоргалуына кепілдік беріледі.

Қазақ КСР-і Одақтың, басқа одақтас республикалардың, шет мемлекеттердің, олардың азаматтары мен үйимдарының мұлтіктік құқыларын қорғауға кепілдік береді.

10. Қазақ КСР-і республиканың Жоғарғы Қенесіне бағынатын мемлекеттік ұлттық банк, өзінің финанс-

кредит жүйесін құруға құқылы, мемлекеттік бюджетін дербес қалыптастырады, салық және одақтық республикалық кеден жүйесін үйімдастырады.

Қазақ КСР-і республика үлесіне сәйкес жалпыодактық мұліктегі, оның ішінде, алмас, валюта қорлары мен алтын қорындағы өз үлесіне құқылы.

11. Қазақ КСР-і республиканың экологиялық ортасын қорғаудың, табиғи ресурстарды пайдаланудың тәртібін, үйімдастырылуын дербес белгілейді, халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және өз аумағында экологиялық қатер төндіретін көз болып табылатын кез келген кәсіпорындардың, мекемелердің, үйімдардың, басқа да объектілердің құрылышына тыйым салуға және олардың жұмыс істеуін тоқтатуға құқылы.

Республика аумағында ядролық қарудың сыналуына, жаппай қырып-жоятын қарудың өзге де түрлері (химиялық, бактериологиялық, биологиялық және басқалар) үшін сынау полигондарын салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады.

Қазақ КСР-і Одақтық органдардың, одақтас республикалардың және өзге мемлекеттердің іс-қимылданан, сондай-ақ өз аумағындағы ядролық және басқа полигондардың, өскери-өнеркәсіптік кешен объектілерінің қызыметінен республика халқының денсаулығына, табиғи ортасы мен экономикасына келтірілген зиянды өтетіп алуға құқылы.

12. Өздерінің ұлттық-мемлекеттік және автономиялы құрылымдарынан тыс Қазақ КСР-інде тұратын немесе Одақ аумағында ондай құрылымдары жоқ ұлттар мен ұлыстардың өкілдеріне қоғам өмірінің барлық салаларында құқықтық тендік пен тен мүмкіндіктерге кепілдік беріледі.

Қазақ КСР-і республикадан тыс жерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тіл жөніндегі қажетін қанағаттандыруға қамкорлық жасайды.

13. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Қазақ КСР Президентіне бағынатын және солардың бақылауында болатын өз ішкі өскерлерін, мемлекет қауіпсіздігі және ішкі істер органдарын ұстауға Қазақ КСР-інің құқы бар.

Одақ үкіметімен келісім бойынша республиканың өз азаматтарының өскери қызымет атқаруының тәртібі мен

шарттарын белгілеуге, өз аумағында әскерлер мен қару-  
жараптарды орналастыру мәселелерін шешуге құқы бар.

14. Қазақ КСР-інің халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұйымдардың, оның ішінде, Бірік-кен Ұлттар Ұйымының және оның мамандандырылған мекемелерінің қызметіне қатысуға құқы бар.

Республика шет мемлекеттермен экономикалық және сауда байланыстарын еріктілік пен тен құқылышқа қағидаларын сақтай отырып, өзара тиімді шарттар негізінде құрады, сыртқы экономикалық қызмет мәселелерін дербес шешеді.

15. Республиканың егеменді құқын қоргауды Қазақ КСР-і мен Одак жүзеге асырады. Республиканың ажырағысыз құқығын құрайтын мәселелерді шешуге араласудың қандай болса да оның егемендігін бұзу деп бағаланады.

16. Қазақ КСР мемлекеттік егемендігінің рөміздері — Елтанбасы, Жалауы, Өнүраны — қасиетті болып табылады және оларды мазақ етудің қандай болса да заңмен жазаланады.

17. Декларация Одактық шарт жасау, Қазақ КСР-інің жаңа Конституциясын, егеменді мемлекет ретінде республиканың статусын жүзеге асыратын заң актілерін өзірлеу үшін негіз болып табылады.

Қазақ КСР Жоғары Қенесі.  
Алматы, 25 қазан, 1990 жыл.

#### **СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫН ЖАБУ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ КСР ПРЕЗИДЕНТИНІҢ ЖАРЛЫГЫ**

Қазақ КСР-інің аумағындағы Семей облысында 1949 жылдан бері ядролық қару сынау жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде онда 500-ге жуық ядролық жарылыштар жасалынып, мындаған адамның денсаулығы мен өміріне нүксан келтірілді.

Қазақ КСР-і КСРО мен АҚШ арасындағы стратегиялық әскери тепе-тендікті қамтамасыз еткен ядролық потенциалды жасау жөніндегі өз борышын орындағанын ескеріп және республика жұртшылығының талаптарына сай қаулы етемін:

1. Семей ядролық сынақ полигоны жабылсын.

2. Қазақ КСР Министрлер Кабинеті КСРО Қорғаныс министрлігімен, КСРО Атом энергетикасы және атом өнеркәсібі министрліктерімен келісе отырып, Семей сынақ полигонын одақтық және республикалық ғылыми орталық етіп қайта құрсын. 1991 жылы оның статусын және ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарының тізбесін өзірлеп бекітсін.

3. 1949 жылдан 1962 жылға дейін ауада, жер бетінде сынақтар жүргізу кезінде Семей полигонына іргелес аудандар халықтарының денсаулығына нұқсан келтірілгенін ескере отырып, одақтық органдармен бірге Қазақ КСР-інің зардап шеккен азаматтарына өтем төлеудің тәртібі мен мөлшері белгіленсін.

Қазақ Қенес Социалистік Республикасының  
Президенті Н.Назарбаев.  
Алматы, 29 тамыз, 1991 жыл.

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТӘҮЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ**

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Қенесі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында, халықаралық құқықтың жалпы жүрт таныған өзге де нормаларында баянды етілген жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін мойындай отырып, қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығын растай отырып, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет құруға бел байлағандығын басшылыққа ала отырып, бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясат жүргізе отырып, ядролық қаруды таратпау үстанымы мен қарузыздану үрдісіне адалдығын мөлімдей отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялады.

### **I тарау. Қазақстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет**

**1-бап.** Қазақстан Республикасы — тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол өз аумағында

өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп жүргізеді.

**2-бап.** Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық ұстанымдары бойынша қурады.

**3-бап.** Өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тануы үшін Қазақстан Республикасы ашық.

**4-бап.** Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, сондай-ақ ол таныған халықаралық құқық нормалары қолданылады.

**5-бап.** Қазақстан Республикасының аумағы қазіргі шекарасында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын аумақ болып табылады.

## **П т а р а у . Қазақстан Республикасының халқы мен азаматы**

**6-бап.** Тарихи тағдыр ортақтастыры қазақ ұлтымен біріктірген Республиканың барлық ұлттарының азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, бұл халық Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары негізінде тікелей де, сондай-ақ өзі сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы да мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асырады.

Республика азаматтары өздерінің ұлтына, ұстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, өлеуметтік және мұліктік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, түрғылықты орнына қарамастан, бірдей құқықтар иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады.

**7-бап.** Қазақстан Республикасының өз азаматтығы бар. Басқа мемлекеттерде тұратын, республика аумағын тастап шығуға мәжбүр болған барлық қазақтардың сол мемлекеттердің азаматтығымен бірге, егер бұл олар азаматы болып отырған мемлекеттердің заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу құқығы танылады.

Қазақстан Республикасы көші-қон үрдісін реттеп отырады.

Қазақстан Республикасы жаппай құғын-сүргін, қүштеп үжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде республика аумағынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың үрпақтарының өз аумағына қайтып оралуы үшін, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар аумағында тұратын қазақтар үшін жағдай жасайды.

**8-бап.** Қазақ ұлттының және Қазақстанда тұратын басқа ұлттар өкілдерінің мәдениетін, дәстүр-салтын, тілін қайта тулетіп, дамыту, ұлттық қадір-қасиетін нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы республика шегінен тыс жерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттерін қанағаттандыруға қамқорлық жасайды, олар азаматы болып отырған мемлекеттермен жасалған шарттар негізінде бұл азаматтардың мүдделерін қорғайды.

### **Ш т а р а у . Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет органдары**

**9-бап.** Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет билігі бұл биліктің заңдық, атқарушы және сот билігі болып бөлінуі ұстанымын басшылыққа ала отырып құрылады және жүзеге асырылады.

Республика халқы атынан сөйлеу құқығы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Қенесі мен Президентіне беріледі.

**10-бап.** Заң шығару билігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Қенесі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының басшысы және оның атқарушы өкіметі Президент болып табылады.

Сот билігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Жоғары Арбитраждық Соты атқарады.

Конституцияны сот арқылы қорғайтын жоғарғы орган — Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты болып табылады.

#### **IV тарап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің экономикалық негіздері**

**11-бап.** Жер және оның қойнауы, су, өве кеністігі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, экономикалық және ғылыми-техникалық потенциал Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің негізін құрай отырып, тек қана оның меншігінде болады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мөртебесіне сай келетін және меншіктің алуан турлілігіне, барлық формаларының тендігіне негізделетін дербес экономикалық жүйесі бар.

Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттердің, олардың республика заңдарына сәйкес республика аумағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын азаматтары мен үйымдарының мүліктік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

**12-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұлттық банкі бар, ол өзінің қаржы-несие, ақша жүйелерін жасауға құқықты, республикалық салық және кеден жүйесін үйымдастырады.

Қазақстан Республикасы өзінің алтын қорын, алмас және валюта қорларын қалыптастырады.

#### **V тарап. Қазақстан Республикасы — дүниежүзілік қоғамдастықтың мүшесі**

**13-бап.** Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың субъектісі болып табылады, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасады, халықаралық үйымдарға, ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне кіруіне және олардың қызметтіне қатысуына болады.

**14-бап.** Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық қызмет мәселелерін дербес шешеді.

#### **VI тарап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін қорғау**

**15-бап.** Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін қорғау және ұлттық мемлекеттігін нығайту жөнінде шаралар қолданады.

Республиканың ажырағысыз құқығы болып табылатын мәселелерді шешуге араласудың қандайы болса да оның мемлекеттік төуелсіздігіне қол сүғушылық деп бағаланады.

**16-бап.** Қазақстан Республикасы өз төуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің қарулы күштерін құруға құқықты. Республика өз азаматтарының өскери қызмет атқару тәртібі мен шарттарын дербес белгілейді, өз аумағында өскерлер, қару-жарап пен техника орналастыру мәселелерін шешеді.

### **VII таралу. Қорытынды ережелер**

**17-бап.** Қазақстан Республикасының өз мемлекеттік рөміздері — Елтанбасы, Жалауы, Өнүраны бар.

Қазақстан Республикасының астанасы — Алматы қаласы.

**18-бап.** Осы Заң Қазак КСР Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациямен бірге Республиканың жаңа Конституциясын өзірлеуге негіз болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен өзге де заң актілерінің нормалары аталған Заңға қайшы келмейтін болса ғана қолданылады.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Н.Назарбаев.**

Алматы, 16 желтоқсан, 1991 жыл.

\* \* \*

**Олжас Сүлейменов**

### **ТАСАДА ҚАЛҒАН ТҮРКІ СӨЗДЕР**

*В Великом “Слове о полку”, как буйная трава, вросли в славянскую строку кыпчакские слова. (Игорь жасағы туралы ұлы жырда, Славян жазуына қыпшақ сөздері Шырмауықтай оралған).*

**С. Марков.**

Зерттеп отырған түркі сөздеріне мен орыс мәтініндегі түркі атауларын қоспаймын. Бұлар белгілі, талай рет зерттелді. Тікелей аударудан басқа түсініктемелерді қажет

етпейтін сөздер: ягуры, япончицы, ортымы, оксамиты, хоругви, чага, коштей, когань, ногата, которая, крамола және осы іспеттес Мелиоранский, Корш, Ржига айналысқан сөздер. Әрине “оксамиты”, “хоругви”, “коштей” деген сөздердің аудармасы, оның ішіндегі, “Жырдағы” түркизмнің мәні анық емес. Сөйті тұра оларға мен тоқталғым келмейді.

### Биік төре

“Жырда” көшірменің бірнеше түрліліктерін көздейсіреміз. Олардың кейбірі Көшірмешінің (мәтіндегі ең дүдемал жер), басқалары Киев Русі дәуірінің әдеби тіліне тән, сондықтан автор оларды әдептегідей қолданып, мәтіннің мағынасын бұзбайды. Соңғыларына “злат стол” — кінөз тағы (алтын тақта), “беля” — күміс теңге (“ақша”) жатады.

Көшірмешінің өзіне танымаған әр түркі сөзін аударуы оларды мәтіндегі өзінше орналастырудың емделік жолын табудың қажеттігіне душар етті. Өкінішке орай, кейкейде бұл автордың қолынан келіп те қалған екен. Алайда көбіне келе қоймаған. Көшірмешінің түркі тілін білуі тым нашар. Дегенмен ол түркі тілінің бір бұтағынан хабардар екені сөзсіз. Көшірмешінің орыс тілінің арасында жүрген кейбір түркі атауларын аттап өтуі сондықтан. Түркі сөздерінің тек топтасып түрған тұстарын ғана мойындаиды: мәселең, бірінші шайқас пен Ярослав туралы “болған оқиғаларды” суреттеуі, “коштей”, “яругви” және басқалар — XVI ғасырдың әдеби тіліне кіріккен, сондықтан аударуды қажет етпейтін сөздер қатарына жатады.

Көшірмеші тани алмаған түркі сөзі ретінде мен Всеvolentың лақап аты “буйтурды” атар едім. Жылнамалар бұл кінездің өскери данқы мен батырлығын атап, жақсы пікір білдіріп жатады. “Жырда” князьдің айбындылығына да біраз көніл болінеді. Автордың Всеvolentы “буйтур” деп атаяу да тегін емес секілді. “Батыр” сөзінің этимологиясын ашқысы келген түркологтер үшін бұл жаңағы (батур, боотур, богатур, богатырь). XIII ғасырдан соң кең жайлаған атауды анықтауда “жырдың” бірден-бір ескерткіш ретіндегі маңызы зор X ғасырдағы тумаларда

бұл сөз кездеспейді. Демек, ол XI—XII ғасырлардағы қыпшак ортасында туса керек. Еділ бойы түркі тілдерінің ерекшелігі сакталған.

“Жыр” — алғашқы мәніндегі көптеген түркі сөздері сакталған сирек ескерткіш. Қөрінбейтін түркизмдер тілінің негізінде XII ғасырдағы оңтүстік орыс диалектісі жатқан “Игорь жасағы туралы жырдың” ертеде жазылған туынды екенінің басты дәлелінің бірі.

### Тъмутаракань тауықтарына дейін

Всеслав “изъ Киева дорискаше до куръ Тъмутараканя”. Мусин-Пушкин: “Кінәз Курскіден Тъмутараканъра дейін шапқан, сондықтан “Куръ” сөзін бас өріппен жазған” деп санайды.

Күні бұгін ғылым Д.С.Лихачевтің “танғы қораздың шақыруын” еске ала отырып, “док куръ” “қоразга дейін” деген мағына береді деген түсіндірмесін қабыл алыш отыр. Бұлайша оку — емлеке мұлде қарсы. Әңгіме “қораз” емес, “тауықта” (“до кур”). Мұнымен санасуға мұлде болмас. Мен “до кур Тъмутараканя” (Тъмутаракань тауықтарына дейін) дегенді басқа қырынан ұсынамын. Түркі тілдерінде “кура” деген сөз бар (татарша — қура, қазақша — қора). Оның көне сөз екенін X—XI ғасырлардағы түркі ескерткіштері дәлелдейді. Оның түбірі “құр” сөзі (құру, тұргызу, қорған-қамал, құрылыс, құрама, құрам, құрым). (В.В.Радловтың “Түркі сөздерінің сөздігі”).

“Жырда” әзірге “стена” (қабырға) сөзі қолданылмайды (тегі германдық бұл сөз орыс сөзіне кейінрек енді). Оның баламасы — “забрало” (въ Путивле на забрале). Демек, орыс қаласы Путивльдің қабырғасы — “забрало”, ал қыпшак қаласы Тъмутараканың қабырғасы — “қора”. Ілік септігінің көшпе түрі — “кур”. Осылайша қабылданудан туған менің аудармам: Всеслав “доскакал до стен Тъмутараканя”. “Кура” сөзі — “жырдағы” қөрінбейтін түркизмнің тағы да бірі. Қөшірмеші бұл сөздің көне мағынасын білмеуі де ғажап емес, онсыз да құлаққа таныс ол сөзді тәржімелемей, талдамай сол қалпында қолданған. Орыс тілінде бұған ұқсас сөздер де болған. “Жырда” және басқа да ескерткіштерде кейбір қөрінбейтін түркизмдердің сакталуы да сондықтан.

\* \* \*

“Синее вино с трудом смешено”. Аудармашылар тажап бейне жасаған: “темно-голубое вино с горем смешено”. Мұндағы мен көне мысыр гимнінен бергі өлем поэзиясынан кезіккен жоқ едім. Бұл жолдың сиқырлы құпиясы қажеті жоқ ұғым беріп түрған сөздерге этимологиялық талдау жасағанда-ақ ашылып сала береді.

“Синее вино” — көп түсіндірілген-ақ тіркес. (О.Сүлейменовтің “Синие молнии и синяя мгла” өлеңінен нақтырақ көресіз. “Простор” 1968, №5), “с трудом” деген де түсініксіз. Қазіргі заманғы “труд” — еңбек лексемасының үндестігіне аудармашылар иланып қалған сияқты. “С работой смешено!” деу тым женіл ұғым болар еді. Сондықтан көпке мәлім “труд” — сөзінің орнына контекстегі қателікті ақтау үшін “горе”, “скорбь” — қайғы, қасірет сияқты жана мағына ойлап тапқан. Бұл жерде де көшірмеші кінелі.

Түпнұсқада — “синее вино съ трутомъ смешено”. Автордың әдеттегі түркінің “торта” (қалдық, тұнба — шағатайша), турту — (осман түріктерінше) қолдануында болатын. Мәселен, “шарап тортасы” — шарап тұнбасы. Бұл сөздің түбірі — “тур” — тұру, тұну дегеннен шыққан.

Осылайша мына төмендегідей болжам жасаймыз: “огненное вино с осадком смешенное”. Ал “труд” — жұмыс, іс сөзі басқа түркі сөзінен тамыр алған. Ол сөз: “турт” сөзі. Тұрт — 1) турту, 2) тығу, 3) тұру (жалпытүркілік). Орыс, украин, чех тілдерінде итеру, турту, қысу деген мағына беретін “трутить”, “трутити”, “тручати”, “троутити” деген сөздер бар.

“Жырда” бить (ұру) деген мағына білдіретін “потрутати” деген етістік бар. Көне славяндық құлиеленуші қоғамда өр тап көсібін білдіретін өз терминін ойлап тапқан. Құлдардың (раб) кәсіби термині “жұмыс” (работа), жауынгерлердің термині — “трут”, “труд” (трудити — ұру, соғысу) болған. Меніңше, “труд” сөзінің алғашқы мағынасы — соғыс. Кейбір уақытта жауынгердің “трутень” аталуы, ол сөз жаңа мәнге ие болып, “арамтамак”, “жатьшішер” дегенді аңғартқан. Аталмыш сөздің кеңінен таралуы жалпы славяндық дәуірде кең өріс алуы ықтимал деген ой салады. Славян тіліндегі “труд” —

“арамтамақ”, ескі чех тіліндегі “трут” сөздерін салыстырып байқаңыз. (“Соғыс — жұмыс” мағынасының даму барысы — қогамның дамуының белгілі бір кезеңінде көптеген тілдерге тән құбылыс. Мысал үшін, түркінің “іс” сөзін алғып қаралық. Оның бірінші мағынасы — ұрыс, соғыс, екінші мағынасы — іс, жұмыс, еңбек.

...“Жырдың” авторы екі форманы: “труд” — соғысты және “трут” — торта, қалдықты білген. Және оларды аса дәлдікпен тиісінше қолданған.

1) “Не лепо ли ни бяшеть, братие, начати старыми словесы **трудныхъ повестій** о пълку Игореве” (әскери дастандар);

2) “Синее вино съ трутомъ смешено” (қалдықпен, тортамен).

Көшірмеші сөздің екінші түрін білмегендіктен, оны бірінші сөздің қате қайталауы деп ұққан. “Жырдағы” Святославтың кеудесіне маржан шашып, аймалайтындар кімдер еді? Олар мәжусилердің, жаһіл, яғни дінсіз қыпшақтардың жесірлері (тощие вдовы).

“Тұл” — жалпы түрікше “жесір”. Бұл да көрінбейтін түркизмнің бірі.

Көшірмеші мен аудармашылар орыстың ertedegi “тула” (корамсақ) сөзін назарда ұстап, тағы да қисынсыз бейне жасаған: “тощими (яғни бос, босаған) колчанами поганых язычников сыплют крупный жемчуг на грудь мне и нежат меня”.

“Жырда” “тұл” сөzi екі рет кездеседі:

...луци у нихъ напряжены,  
тулы отворены.  
...лучи съпряже,  
тugoю имъ тули затче.

Қорамсақ (колчан) мағынасы бүкіл контекстің мазмұнына сай алғынған. Бұл мысалдардан біз басқа да бірталай сөздер кездестіреміз. Автор тули және тулы сөздерін дарапал тани білген. Олардың жекеше түрлері тиісінше: тула және тұл. Ескі жазбада бәлкім мына түрде жазылуы: “Сыпахуть ми тъшии тулы поганых тлъковинъ великий женчугъ на лоно и негують мя”, яғни “сыплют мне тощие вдовы поганых язычников крупный жемчуг на грудь и нежат меня”.

Бұл үзінді түркизмге толы: 1) тұлъковинъ — “язычник” сөзінің баламасы; 2) женчюгъ — қытайдың “йенчу” сөзінің қыпшақша айтылуы; 3) тұл — жесір.

XII ғасырдың екі тілді қатар билетін оқырманы Святослав тұсінің мәнін XVIII ғасырдың және онан кейінгі кезеңдің оқырманынан басқашалау түсінген.

Святославтың немере туыскандарының қыпшақ жесірлерімен ынтымағы көп нәрседен хабар береді. Немере бауырлары мен жесірлер (“қыпшақтардың реніші” деп жорылды) оны қыпшақ дәстүрімен жерлеуге дайындаиды.

\* \* \*

Отырар құл-талқан болып құрыды (1218 жыл). Осындаи зұлмат женісінен Шыңғыс ханның әлемді жаулап алу шабуылы басталды. Отырар қайтып бас көтере алмады.

Бүгінде Отырар — археологтердің күргегі қазғылап тастаған топырак тәбе. Отырар тағдыры қыпшақ халқының тағдырына үқсас.

Сахара тұрғындарына келенің көзімен қарау қазіргі заман тарихшыларына да жүққан. Мәселен, римдіктер барлық римдік еместерді (тіпті эллиндердің өздерін де) варвар деп атаған-ды. Қытай жылнамашылары үнділіктерді де, парсыларды да адам деп есепке коспады.

Әлемге алгебра мен астрономияны тарту еткен арабтарды европалық тарих сарацин (көшпелі) деп, отқа табынушылар қатарына жатқызады.

Қыпшақтар жартылай отырықшы халық болған. Олар ортаазиялық Сығанақ, Туркістан, Мерке, Тараз, Отырар қалаларының үлесі ең үлкен тұрғындары болған.

Мысырдың Ескендір кітапханасынан кейінгі екінші орынды Отырар кітапханасы алған. Қыпшақ арасынан Исқақ-әл-Отырари, Ісмайыл әл-Жаухари, Жамал әл-Түркістани, әл-Сығанақи, әл-Қыпшаки секілді ғылым мен мәдениеттің көрнекті қайраткерлері шықты.

Осы жұлдыздар шоғырының күмәнсіз күні болған Отырардан шыққан қыпшақ, араб фәлсафиятының негізін салушы Әбу Насыр әл-Фараби (870—950 жж.) еді. Ол көзі тірісінде әлемнің екінші ұстазы атанды. Ол ұлы Аристотельдің, Платонның және басқа да көне грек фәлсафтарының шығармаларының түпнұсқасымен ерте

шагында танысты. Қыпшақ ғұламасы музыка тануды математиканың бір саласына айналдырыды. Ғылымның сан түрлі арналарын игеріп, артына өшпес мұра қалдырыды. Сол кездегі көптеген ғалым-энциклопедистер секілді өлең де жазды.

Х ғасыр әлетіндегі Еуропада дүниежүзілік мәдениет деңгейіне сай “дінсіз қыпшақ” әл-Фарабиғе татырлық бірде-бір тұлға болмады.

...Монгол екпіні Қалқа алқабын мекендеген қыпшақ, орыс және оларға төуелді ковуй, беренді, қарақалпақ халықтарының басын біріктірді... Оңтүстік орыс далалары пана болған халықтардың ала-құла тұрпаты осындей еді. Қалқа даласы Рұсь үшін соңғы үміт артар қалқан болды. Алайда қалқан Сүбітай-баяндардің соққысына төтеп бере алмады. (*Қалқа* — қалқан, *қалқ* — халық деген түркі сөздерінің мағынасын қатар жарыстырып отырғаным да тегін емес.)

Христиан дәстүрінде 13 саны жамандық атауларының белгісі екені мәлім. Неге екенін қайдам, әйтеуір XIII ғасыр қыпшақ үшін де қаралы, қазалы дәуір болды.

Монголдың дүлей дауылы олардың жер бетінде үйқы-түйқысын шығарды. Бір бөлігі Мажарстанға ауса, енді бірі Қап тауларын паналап, кейбірі Арабстаннан шықты.

Кейінгі ғасырлар тізбегінде қыпшақтар бас көтере алмады, өзін-өзі билеу дәрежесіне жетпей-ақ жатты. Олар Шыңғыс ханның сонынан ілескен ру-тайпалардың ортасына түсіп, буындастып кетті. Кейін империя құйрекен соң, қазак, өзбек, татар, қарақалпақ және башқұрт халықтарының құрамына кірді. Қырымда олардың үрпақтары *далалық ногайлар* деп аталса, Қап тауының қойнауында *балқар*, *қарашибай*, *құмық*, *кавказ ногайлары* деген жаңа есімдерді жамағылыш жүр.

...Қазақтың “Қара қыпшақ Қобыланды” дастаны қыпшақтардың ауыр тағдырын суреттейді. Қобыланды батыр құдіретті, һәм жомарт, ешкімге жердем етуден бас тартпаған жан. Сөйтеп тұра жеке басын қорғай алмайды. Соңғы жорықтан қайта оралып, өз жұрттының талантаражды түсіп шабылғанын көреді: қатын-қалаш, бала-шагасын беймәлім дүшпан қанжығалап алып кеткен екен.

...Қазіргі тарихтану мен көркем әдебиетте де қыпшақтардың жолы болмай-ақ койды. Сонау Қалқа

оқиғасынан бір де кем емес. Семсерден жаракат алғандарды енді жазушы қаламы наиза болып түйрейді.

Қылшактардың Грузияны азат етуге белсене қатысқанын К.Гамсахурдия кешіретін емес (“IV Дәуіт құрылышы” романын оқыныз). Диңгөри шайқасында Дәуіттің 60 мың қолы болды. Соның 45 мыңы қылшактың Артық ханының атты өскері еді. Қалғандары грузин, армян, осетин жасақтарынан тұрды.

Картли сарбаздарының қымылын өсірелей көрсету үшін К.Гамсахурдия грузиндердің жерін қорғауға келген қылшак одактарын адам деңгейіне өлі жетпеген малғұндарға айналдырады. Жазушы армян мен осетин қосындарын қоянжүрек қорқақ етіп суреттесе, қылшак біткен құбызық болған да қойған. К.Гамсахурдияның көзқарасында қылшак жауынгер емес, ең өуелі — варвар, қарақшы еken. Қылшак дастарқан мәзіріне адам қаны мен “қымызға салып пісірілген иттің етін” ұсынады. Құркелері ақ аюдың терілерімен жабылады. Себебі айтылмайды. Ал қылшактар ақ аюды тұнғыш рет XX ғасырда Алматы хайуанаттар паркінде көрді. Романдағы қылшак кейіпкерлерінің есімдері де назар аударапты: мәселен, Абай...

\* \* \*

Н. Ә. Назарбаев

### ҚҰШАҒЫМЫЗ БАУЫРЛАРҒА АЙҚАРА АШЫҚ

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайында жасаган  
баяндамасынан (30 қыркүйек, 1992 ж.)

*Қадірменді қауым!  
Альстан келген ағайын!  
Ардақты отандастар!*

Бұғінгі күн — ерекше күн. Орта толды деген — осы. Дәл осынау сөтте өзін қазақтың деп сезінетін әрбір адам жүргегі лүпілдеп, атамекеніне, тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыға көз тігуде. Өйткені, мұнда дүние жүзінің түпкір-түпкіріндегі исі қазақ атаулының өкілдері тұнғыш рет бастарын қосып, алқалы жиын, салтанатты мәжіліс — Құрылтайға жиналыш отыр. Күні кеше ғана мұндай болады деген ой көбіміздің қиялымызға да

кірмеген шығар. Енді, міне, аңсаған арманның тағы біріне қол жеткіздік. Сан гасырга созылған отаршылдықтын бұғауынан босанып, таяуда ғана тәуелсіздік алса да, қысқа мерзім ішінде бүкіл айдай өлем түгел мойындаپ, абыройы асып үлгерген Қазақстан жұртшылығы сіздерді, ардақты ағайын, туған жерде күшак жаяқарсы алып жатқанын өздерініз көріп отырсыздар.

Мен республика Президенті ретінде бәрінізді Дүниежүзі қазақтары Құрылтайның салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға: Туған жерге қош келдінідер! — деймін.

Төрткүл дүниенің түпкір-түпкірінен қарлығаштай ұшып келген көнілдерінің үшін, қайда жүрсөніздер де атамекен мен ата жүртқа деген сағыныш пен сүйіспен шілдікке толы перзенттік пейілдерінізді сақтағандарыңыз үшін ризашылық білдіреміз. Сіздер арқылы бүкіл өлемдегі қазақ бауырларымызға ыстық сөлемімізді жолдаймыз! Жер бетіндегі бар шаңырағымыздың бәрінің де бақыты асып, ырызыдыны тасысын дейміз.

...Біздің бұл дүниеде бір ғана Отанымыз бар, ол — тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің жарастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезінуі керек. Бұл жауапкершілікті мен республика президенті ретінде де, қазақ халқының бір перзенті ретінде де толық сезінемін деп сіздерді сендіремін!

Халқымызда “Бөлінгенді бөрі жейді” деген мақал бар. Осы уақытқа дейін белінгеннен, жіктеліп, жіліктенгеннен көрген зияннан басқа тапқан пайдамыз жоқ. Біз дүниежүзі қазағын Алматыға әділетсіздікті де, қасіретті де, құғын-сүргінді де көп көрген халықтың енді басы қосылса екен деп жинап отырмыз.

Бірінді, қазақ, бірің дос,  
Көрмесең істің бөрі бос, —

деп Абай айтқандай, басымыздың қосылатын, ұлттық ой-сананың биіктеп, тұтасатын мезгілі өбден жетті.

Ұлы Абай айтқан өзге міндерімізден де арылатын, өсіреле ежелден қалмай, жаңымызды жеп келе жатқан күншілдікті, бақастықты, жел сөзге ерушілкіті, енжарлықты қоятын кезіміз жетті. Өзіне-өзі сын көзben қарамайтын халық болашағына көп уміт арта алмайды. Біз бойымыздағы озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жириене білсек қана өркениетті мемлекет, еңселі ел боламыз.

Қадірменді туыстар!

Бүгінгі Құрылтайдың басты мақсаты — бүкіл өлемдегі қазак қауымының болашағы жөнінде ойласу, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің түсында ендігі тағдыр-талаймыздың қалай өрілетінін талқылау. Қазак диаспорасының қалыптасуы — зерделі жанды таң қалдыратын құбылыс. Өрбір үш адамның біреуі атамекенінен жырақта жүрген қазақтан басқа халықты атау қын шығар. Қазір өлемнің 40-тан астам елінде үш жарым миллиондай қазак өмір сүріп жатыр. Қытайда, Монголияда қазақ үйісіп отыр, ағайындарымыз Туркияда, Иранда, Ауганстанда көп, Еуропада да аз емес, Америкада, Канадада, тіпті алыстағы Австралияда да бар. Өркайсысының тағдыры, тұрмыс халі әртурлі. Құбатөбел күн кешіп жүргендері де баршылық, дәулеті тасып, айбыны асып тұрғандары да табылады. Бірақ бәріне тән, бәріне ортақ нәрсе — сағыныш, атамекенді аңсау. Шетелдік сапарларға шыққанда отандастарымыз іздең келіп, ой-арманын, мұң-мұқтажын айтып жатады. Сырласа қалсаң — сай-сүйегін сырқырайды, арман-тілектерін — тыңдасаң жан-журегін елжірейді.

Шеттегі қазақтардың халықтық дәстүрлерді сактауды сүйсіндей, тәнті етеді. Өткен жылды Түркияға сапар кезінде Ыстамбұл өуежайында жиналған ағайындардың: “Ақсарбас!”, “Ақсарбас!” — деп қол жайып, бірден үш ақсарбас шалғаны бізді қатты тебірентті. Мұндай ықылас-пейілді мен күні кеше Германия мен Францияға барған сапарым кезінде де көрдім.

Атамекеннен алыстағы бауырларымыздың ана тілін қадірлеуі, қандай жағдайда да ұмытпағаны — біздің ұл болып мақтан тұтар нәрсеміз. Не мектебі, не кітaby, не теледидары, не радиосы, тіпті кейде қазақ көршілері де жоқ жердің өзінде ұл-қызымен қазақша сөйлесетіні қуантады. Соны көргенде, баласының тіл білмейтінін кезінде қазақша мектептің үйден алыстау болғанымен

түсіндіруге тырысатын осындағы кейбір ағайынымызды ойлап қайран қаламыз.

Әрине, басқа елдердегі бауырларымызды қинайтын мәселе аз емес. Талай жыл бойы сіздерді, сіздердің ата-аналарынызды Кенес өкіметі нақақ айыптарап келді. Осында қалған туыскандарыныз сіздермен хат-хабар алышу тұрмак, барып келу, өлгіне иман айтып, топырак салу тұрмак, шетелде ағайынымыз бар деуге де қорықты, бұл ауыр айып, қылмыстай саналды. Ауқаттының бәрін арсыздай, кедейдің бәрін кереметтей көрген кешегі дөүірде туған жерінен қозғалмайтын қазақ жан сауғалап үдереп көшүге мәжбүр болды. Ал бізде олар тек малы үшін туған жерін тастап кеткен адамдардай айыпталды. Қайта оралуга осында өзін күттіп тұрган жазадан қорқып, мындаған адам туған жерді бір көруге зар болған күйінде өмірден өксіп өтті.

Біз демократиялық мемлекет, адам құқығын қорғайтын қоғам құру жолына түсken ел ретінде тоталитарлық жүйе санамызыға сінірмек болған мұндай тарихи әділет-сіздікті, мұндай қатыгез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз. Бұдан былай Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырағысыз құқықтарын ең қымбат құндылық деп танитын және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асыратын болады.

Кенес Одағының ыдырауына байланысты біз қазір Төуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы республикаларда тұратын бауырларымызды да отандастар деп санаймыз. Қазір “таяу шетелдер” деп атальп жүрген бұрынғы Кенес Одағы республикаларында 1989 жылғы санақ бойынша — 1 млн 600 мындан астам қазақ тұрады. Өзбекстандағы, Түрікменстандағы, Қырғызстандағы қазақтар ана тілін, үлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы сақтаған. Мысалы, бір ғана Өзбекстанның өзінде 543 қазақ мектебі бар, оларда 138 мың бала оқиды. Қазақ мектептері кейінгі кездे өзге республикаларда да көбейе бастағаны қуантады. Соңғы жылдарда Өзбекстанда, Астраханда, Орынборда қазақ газеттері жарық көрді. Қоғтеген қалаларда қазақ мәдени орталықтары құрылып, талай-талай игілікті шаруа атқаруда. Атамекеннен алышта, туған жерден жырақта үлттының болашағын ойлап, қазақ мәдени орталықтарын ұйымдастырып,

бауырларымызға қанатымен су сепкен қарлығаштай рухани қазына жеткізіп жүрген абзал азаматтардың талайы, олардың ізгілікті ісіне түсіністікпен қарап, қазіргідей қиын кезде тиісінше қолдау көрсетіп отырған туыстас елдер үкіметтерінің, жергілікті әкімшіліктердің басшыларының біразы осы Құрылтайдың қадірменді қонақтары болып отыр. Орайлы сәтті пайдаланып, біз сіздерге шынайы ризашылығымызды білдіреміз, ак алғысымызды айтамыз.

Қадірлі отандастарымызға басын ашып айтар тілектің бірі — халқымыздың “Кісідегінің кілті аспанда” деген даналық сөзін ұмытпау. Бұл сөз Қазақстан мен қазақ диаспорасы арасындағы қарым-қатынасқа тікелей қатысты. Халықаралық уағдаластықтарды мойындал, мемлекеттердің бір-бірінің ішкі ісіне араласпау саясатын қолдайтын өркениетті ел ретінде, Қазақстан елдердің басшылығымен екі жақты келісім арқылы ғана қанағаттандыра алатынын түсінуге тиіссіздер. Мысалы, жақында Германиямен қол қойылған келісімде осында тұратын неміс азаматтарының мұдделерімен қатар сондағы қазақ азаматтарының мұдделеріне де қамқорлық жасау көзделген. Біздің Түркиямен де осындай келісіміміз бар.

Кезінде Қазақстанға қараған кейбір аудандарды республикаға қайтару жөніндегі талаптарға қатысты мынаны айтуга болады. Мұндай ойланбай айтылған сөздер, жауапсыз жазылған газет материалдары бауырлас халықтардың арасына жік салып, онсыз да ушығып түрған үлтаратылғы қатынастарды шиеленістіргеннен басқа ештеңе де бермейді. Біз тәуелсіз мемлекеттердің территориялық тұтастығын жақтаймыз, бүгінгі қалыптасқан шекаралардың мызғымауга тиіс екенін қуаттаймыз, арандатушылыққа ермейміз.

Қазір біздің үлтamyзыдың алдында түрған ең басты міндет, ең қиын міндет — Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыт-бағдарын дәл айқындал, сол мақсатқа неғұрлым тезірек жетудің жолында аяnbай енбек ету. Экономикалық дәүлетіміз артпайынша, рухани сөuletіmіz де артпайтынын анық үғынуымыз қажет.

Қазақстанның дамуының стратегиялық мақсаттарына жету үшін, біз саясат саласында ең алдымен жас егеменді мемлекеттің президенттік республика ретінде қалып-

тасуын көздел отырмыз. Бұл орайда мемлекеттік құрылымның ұлттық белгілерін қорғап, оның шайылып кетуіне жол бермеуге көп көңіл бөлеміз. Сондыктан біз түркілікты жұрттымыздың муддесі жекелеген жағдайда ерекше ескерілуі керек екенін айтпай тұра алмаймыз. Бұл әңгіме ұлттық мәдениет пен тілді тулетуге, қазақ диаспорасымен рухани-мәдени және басқадай байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың өз Отанына қайтып оралуына жағдай жасауға алдымен қатысты. Сондай-ақ, көп-партиялы жүйе құру, қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ету, Қазақстанның қауіпсіздігін, егемендігін корғау үшін әскери-саиси және экономикалық одақтар жасау, республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтағы саяси салмағын арттыру сияқты міндеттер алда түр. Экономика саласындағы қазіргі басты шаруа — нарықтық қатынастарды қалыптастыру. Сіздердің көшпілігініз осы нарық әлдеқашсан орнықкан елдерден келіп отырсыздар, адамша, лайықты өмір сүрудің негұрлым тиімді жолы нарықты экономика екенін жақсы білесіздер. Өркениетті, дәүлетті елдердің бәрі де осы жолдан өткен. Егер шындаған аяғымыздан тік тұрып, өзгелер сияқты жөндеп өмір сүргіміз келсе, бұл жолға біз де түсуге тиіспіз. Жұзжылдық тоталитаризмнен тез арада демократиялық қоғамға көшіп, аз жылдар ішінде нарық экономикасын орнатып шыдамдылық керек. Бұкіл дуние жүрген жолмен біз де журе алатынымызға күмән жок.

Біз үшін материалдық өндіріс саласындағы басты бағыттарды санамалап өтер болсақ, алдымен азық-түлік және халық тұтынатын тауарлар зәрулігін жоюды, құрылыш және құрылыш индустриясы базаларын дамытуды, өнеркәсіптің шикізат өндіру салаларын өркендетумен шектелмей; түсті және қара металлургияны, ғылымды көп қажет ететін өндірістер мен машина жасауды дамытуды, экологиялық таза технологияларды енгізуі, осы заманғы инфрақұрылымдарды (келік, байланыс, энергетика, туризм, қонақ үй жүйесін) ұлғайтуды бөле айтар едім. Бұл сияқты шешімін күттіп тұрған мәселелер көп-ақ.

Бүгінгі қыншылдығы мол заманда көнілімізге медеу болар бір жайт — қазақтардың өз атамекенінде бас

тоғыстырыуы, әртүрлі себептерге байланысты туган жерден үдерес көшіп кеткен туысқандарымыздың өз еліне қайта орала бастауы. Біздің бәріміз сарыла күткен ұлы көштің алды атамекенге жетті. Мен бұл арада алдымен көршілес елдерден соңғы жылдарда көшіп келіп жатқан туыстарымызды айтып тұрмын.

Осы кеше ғана баспасөз бетінде республиканың Министрлер Кабинетінің шетелдердегі отандастарымызға қосымша жеңілдіктер жасау жөнінде қабылданған қаулысы жарияланды. Оның бұлжытпай орындалуын назарда үстайтын боламыз.

Таяуда республикамыздың парламенті “Көші-қон туралы” Заң қабылдады. Мемлекетіміздің егемендігі мен өзіндік сипатына нұқсан келтірмеу мақсатымен жана Занда сырттан көшіп келу тәртібі бұрынғыдан әлдеқайда қатайтыла түсті. Сонымен қатар ол Занда сыртта жүрген отандастарымыздың елге оралуына байланысты көптеген жеңілдіктер жасау көзделген. Мұндай артықшылық “Азаматтық туралы” Занда да айрықша ескерілген. Егер өздерініз тұратын елдің заны бойынша қос азаматтыққа рұксат етілген болса, ендігі жерде сіздер республикаға көшіп келмей-ақ Қазақстанның азаматтығын ала аласыздар. Осы күні кеше ғана мен Қазақстанда тұратын шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың арасынан он бір кісіні, олардың тиісті өтініштерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдадым. (Президент бұл жөнінде қол қойған Жарлығын оқып, Қазақстанның жаңа екі азаматтына мәжіліс үстінде төлкүжат тапсырды.)

Алдағы қабылданатын бірқатар заңдарда да шетелдік отандастарымыздың мүдделері жан-жақты ескерілетін болады. Қысқасы, төуелсіз Қазақстанның кең құшагы сіздерге айқара ашық, бауырлар!

Әрине, қай жерде өмір сүру — әр адамның жеке өзі шешетін мәселе. Оның үстіне, өзі тұратын елдің занына сөйкес шешілетін мәселе. Қазақ үшін басқа елге көшу тұрмак, басқа ауылға көшудің өзі қын. Оның үстіне, шетелдегі ағайындардың басым көпшілігі Қазақстанда тұмаған, өсken ортасы, алған тәрбиесі басқаша. Оның бәрін жақсы түсінмелі. Соңдықтан да дүниежүзіндегі қазақтар қай елде жүрсе де, өзін Қазақстанның өкілі сезінетіндей, қазақ азаматы сезінетіндей жасау —

біздің болашақтағы мәртебелі міндетіміздің бірі. Қазақ азаматы қай жерде де өз ұлтының озық дәстүрлерін, тілін сақтаса, асыл қасиеттерін ардақ тұтса, атамекенге деген сезімін өлпештей білсе, туған халқы алдындағы перзенттік парызын өтеп жүр деп білеміз. Сіздердің рухани талап-тілектерінің қанағаттандыруға, қазақ мәдениетінің хал-ахуалынан хабардар болуладынызға, ұлқыздарыныздың ана тілін үйренуіне қолдан келгенші қамқорлық жасауды республика үкіметі алдағы кезде назарда ұстамак. Мұның бәрінің ойдағыдан жүзеге асуы Қазақстанның қазіргі экономикалық дағдарыс қыспағынан қалай, қашан шығатынына байланысты. Қазіршे қыска жіп күрмеуге келмей тұрған жайы бар.

Осы Құрылтайдың барысында құрылған Дүниежүзі қазактарының орталығына бұл орайда көп міндет жүктелмекші. Ол ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, қазактардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі ен өзекті деген мәселелерді терен талқылай отырып, тиісті орындарға нақты ұсыныстар жасауы керек. Ұлт бірлігін нығайтудың үйіткісі болуы керек.

Күні кешеге дейін Қазақстаннан тыскары тұратындардың бәрін шет жерде жүргендей көру, үркіншілік жылдары көшіп кеткендердің бәрін “отанын тастап қашқан опасыздар” деп санау әдетінен арыла алмадық. Бірақ шындық басқаша еди. Кешегі “ақ қашып, қызыл қуған” төнкеріс тұсындағы қырғынға шыдамай, жаппай ұжымдастыру кезінде албарда аша түяқ қалдырмаған сорақылыққа төзбегендер шетелдерде өзінше тірлік кешіп жатқан өз бауырларына барып паналады, сондағы қаймағы бұзылмаған қалың қазақты қоңіліне медеу етіп, пана тұтты. Қазіргі Қазақстанның жан-жағында ежелден қазактар мекендердеген онірлер көп екені бәрімізге белгілі. Қазақ диаспорасы тек әмиграция негізінде жасалған емес, оның өзгелерден түбірлі айырмашылығы да осында. Бүгінгі орайлы сәтті пайдаланып, мен біздің халқымыздың атынан шетелдердегі отандастарымызды қын кезде бауырына тартқан, қамқорлық көрсеткен барша елдердің басшыларына шын жүректен шықкан алғысымызды айтқым келеді.

**Қадірменді бауырлар!**

Қазақ халқы тағы да тарих талқысына түсіп тұр. Біз төуелсіздік туын тіккен кезең дүниенің дидары өзгеріп,

экономикалық дағдарыс күштейіп, ұлт пен ұлттың арасын қосу қыныға түскен түсқа тап келді. Әлем мұхитына өз бетімізбен жанаға жүзіп шығып жатырмыз. Қазақстан Республикасы — буыны жана беки бастаған жас мемлекет. Осы бір жылдың ішінде-ақ мемлекет құрудың қандай қын, қандай күрделі іс екеніне анық көзіміз жетті. Шүкіршілік етейік. Бұгінде Қазақстан әлемдік аяда экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретіндеға емес, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, болашағы сенімді мемлекеттің бірі ретінде сый-құрметке бөленіп отыр. Біз бұл құрметтің қадір-қасиетін бағалай білуіміз, ішкі-сыртқы саясаттағы әр қадамымызға ерекше жауапкершілікпен қарауымыз керек. Халықаралық қарым-қатынастарымызда біз дүниедегі барлық елдермен, өсірепе көршілес Ресеймен, Қытаймен, тубі бірге туыстарымыз — Түркиямен, Орта Азия республикаларымен, бүкіл мұсылман әлеміндегі мемлекеттермен жан-жақты ынтымақтастық, тиімді өзара көмек саясатын үстанамыз. Тіл-көзден сақтасын, қазір бағытымыз дұрыс, қарқыннымыз жақсы.

Қазақстандағы тыныш ахуалды бүлдіруге ықпал жасауды ықтимал күштерді біз көріп те отырмыз. Астам піғылдағы саяси содырлардың жекелеген арандату әрекеттеріне де, тұрғылықты ұлттың муддесін көздейміз деп жүріп асыра сілтеуге, қызбалыққа бой алдыратын түрліше топтардың іс-құмылына да біз әрқашан тиісінше бағасын беріп отыратын боламыз.

Ардақты ағайын!

“Орнында бар оналар” дейтін еді халқымыз. Шүкір, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер ештеңе жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса — ел болады, ел болса — ер болады. Осындай жеріміз барда, еліміз барда, өздерініздей еріміз барда — біз ешкімнен кем болмаймыз!

Заман тыныштығын берсе, бұгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан — дәүлетіне сөүлеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі комақты улес қосар. Даlamызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бүйіртса, бұгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлдеп-көркейгеніне таяу жылдарда-ақ күә болады деп көміл сенеміз.

Қымбатты туыстар!

Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық.  
Қолымызда — төуелсіздіктің көк Туы, Елтанбамызда —  
бар халықтың басын біріктірер киелі шаңырағымыз,  
арманымызды алға апарап қанатты пырактарымыз бар.

Ылайым, бетімізден жарылқасын!

Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың  
аруағы желеп-жебеп журе көрсін!

Дүниежүзі қазактарының Құрылтайы.

Алматы, Атамұра, 1993. 4—21-бб.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫН  
ЕНГІЗУ ТУРАЛАЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТИНІҢ ЖАРЛЫҒЫНАН**

1. Қазақстан Республикасының аумағында 1993 жылды 15 қарашада сағат 08.00-ден бастап Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы — теңге айналысқа енгізілсін.

2. 1993 жылғы 18 қарашада сағат 08.00-ден бастап теңге Қазақстан Республикасындағы бірден-бір заңды төлем күралына айналсын.

3. Теңгени Қазақстан Республикасының аумағында меншік нысандарына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар төлемдердің барлық түрінде, сондай-ақ ешқандай шектеусіз салымдар мен шоттарға қосу үшін банктер қабылдауға міндетті.

4. Осы Жарлық қол қойған сөтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті

**Н.Назарбаев.**

Алматы, 12 қараша, 1993 жыл.

**Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ “ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА”  
ДЕГЕН ЕҢБЕГІНЕН**

Еркін әрі бөгетсіз даму жағдайында ұлттық сана-сезім, ұлттық бірлікке деген сезім мен қуаттың ұшантеніз мүмкіндіктерін актарып салады. Ал ұлттық бірліксіз патриотизм деген жансыз бірденеған болып қалады. Қазақ халқы тек төуелсіздікке қолы жеткеннен

кейін ғана өзінің “қазақ” екенін толық күйінде сезінуге мүмкіндік алды.

Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы үздік-создық жүрді, кейде сыртқы ықпалдардың құштілігінен ондаған жылдар бойы тоқтап та қалды. Оның үстіне, бірыңғай этноэволюциялық желі әлденеше мәрте үзілді. Іс жүзінде қазақ мәдениеті мен тілін институттық жолмен қорғау ең тәменгі қажеттілік деңгейіне де жеткен жок. Мұның өзі этномәдени өмірдін толық өсіп жетілуіне қажет өмірлік тетіктердің, балайша айтқанда, жансыздануына әкеп соқты.

Осының бәрі-бәрі — біздің нақты шындық тарихымыз. Бұл жағдайларды сындарлы түсіну қазақ сана-сезімнің қазіргі жай-күйін саралап білу үшін айрықша маңызды.

Ашығын айтқанда, дәрменсіз малтығудың өзі орасан көп селқос сөттерге байланысты. Ол соңғы онжылдықтарда ғана емес, тұтас ғасырдың өн бойынан көрінеді.

\* \* \*

Жалпықазақтық ұлттық сана-сезімнің қалыптасуындағы үздік-создықтық туралы айтқанда, біз нені мензеп отырмыз? Иә, олар әбден-ақ аян фактілер. Орта ғасырдың өзінде-ақ орталықтандырылған мемлекеттік тетіктері болған ұлт, сыртқы әсер-ықпалдардың қысымымен өзінің төл мемлекеттік құрылышынан тұтас ғасырлар бойы көз жазып қалды. Ал бұл ұлттық сана-сезімге әсер етті ме? Сөз жок.

Дамудың этноэволюциялық табиғи жүйесінің үзілуі деңгендеге есте нені үстап отырмыз? Бұл да әбден аян жайт: көшпелі шаруашылықтың табан тірер негізі тарыльш, ал кейіннен зорлықпен отырықшылыққа көшірілді. Этностық табиғи эволюциялық түлеуінің әсерінен емес, сырттан таңылған бөгде мәдени һәм шаруашылық салты күйреді және оның өзі әлеуметтік құрылымды өзгертуіп қана қоймай, ұлттық сана-сезімнің күйреуіне де әкеп соқты.

Ұлттық сана-сезім үшін этностық мәдениет пен тілді қорғап дамытатын қоғамдық институттар жүйесіне арқа сүйеу мейлінше маңызды. Мұның әсіресе білім беру жүйесі мен бұқаралық ақларат құралдарына қатысы бар. Біз білім беру жүйесінің “қазақ тілін қалыс қалдыру” ұстанымына құрылғанын көрдік, онда ең бір ділгір

де мұқтаж көсіптер мен мамандықтар бойынша қазақша білім ала алмайтын. Соның салдарынан үлттың, әсіресе қалаулы тобының тілді жан-жакты меңгеруге деген ынта-зейні төмендеп кетті. Бұл арада зандағылышты оңай түсінуге болады, ол — үлттың “МЕН” дегізерлік институттарының дәрменсіздігі. Ал бүгінде Қазақстан мемлекеті өткенге кеткен есесінің орнын толтырғалы жатса, бұл әдеттегі нәрсені қалпына келтіру деп қабылданып, дұрыс түсінік табуы керек.

\* \* \*

Тәуелсіздік жылдары түбебейлі қандай өзгерістер болды және үлттық бірегейлікті дамыту үшін есеп мәресі болар негіз не?

Біріншіден, қазақтар ғасырдың аяғында өзінің туған жерінде қайтадан басым қөпшілік болды. Осынау жалан статистикалық сан көп жағдайды аңғартады. Бүгінде қазақтар елдегі халықтың жартысынан көбін құрап отыр. Оның үстіне, үлттың орташа жасының 25 жас болуы демографиялық қуатымыздың күштілігін аңғартады. Францияда — француздардың, Ресейде — орыстардың, Германияда — немістердің басым болуы әбден табиғи жағдай деп қабылданса, қазақтардың туған жерінде демографиялық басымдыққа жетуі не үшін мәселе тұғызыу керек?! Иә, бұл — он да ірі құбылыш, оны қазақ халқы занды мақтаныш тұта алады.

Екіншіден, қазақ халқы бүгінде “әлеуметтік құрылымының барлық сатысынан” көріп отыр. Біз осы заманғы нарықтық қоғамның әлеуметтік құрылымына қол жеткізе бастадық. Қазақ үлттың үлттық байлықтың іске қосылуына қатысты әлеуметтік жаңа сөрелерді: менеджерлік страт пен жаңа мемлекеттік бюрократияны мендеріп, әскери сала басқарушыларын, дипломаттарды, т.б. даярлап жатыр. Бұдан жеті жыл бұрынның өзінде біз мындаған қазақ жастарының әлемнің жетекші университеттері мен бизнес мектептерінде тамаша білім алатынын тіпті армандаған да жоқ едік. Мемлекет білім алудың бұл бағытын одан әрі қолдай бермек.

Әлемнің үлттық көлбеті мен үлттық санасы күрт үлғайып, жаңа технология, ақпарат, таным-түсінік арнасы өздігінен дамуға серпін алды.

Қазақ қоғамын ілгері тартар жетекші тың топтар пайда болды. Бұл үрдістегі кемшиліктерге, әрине, қынжылуға да болады. Кемшиліктер шынында да бар. Алайда қазақ халқы өлеуметтік жана рөлдердің тұтас бір жиынтығын жақсы қарқынмен менгеріп жатқаны даусыз. Ал ол рөлдерсіз қазіргі бәсекелес дүниеде бірде-бір ұлт аман-сау өмір сүріп кете алмайды.

Шіліншіден, бүкіл Қазақстан қазақ ұлтының тарихи-генетикалық мекені екені құқықтық түрғыдан конституциялық және халықаралық деңгейде толық негізделді.

Бұл Қытай, Араб, Византия, Ресей, Иран сияқты жүрттардағы барша тарихи байыпты дерек көздері арқылы дәлелденді. Мұны Қазақстан мен Қытай Халық республикасының арасындағы бүкіл мәселені, шекараны қайта қараша бекіте түсті. Осы шекараның аражігін айқындау жөніндегі осы текстес құжаттарға Ресей Федерациясымен және Қыргыз Республикасымен арада да қол қойылды.

Бұл жайтын мойындаудың принципті мәні бар, оны саяси құқықтық түрғыдан бекітудің маңызы ұлттық сана үшін бөрінен де зор. Қазақ мемлекеттігі өмір сүруінің тарихи көкжиегі, кейбір оппоненттеріміз қанша жокқа шығаруға тырысқанымен, XX ғасырдың ауқымынан үзап алышқа кетеді. Ұлттық сана өзінің тарихи-мемлекеттік ғұмырының ұзақ болуына сергек қарайды.

\* \* \*

Қазақтардың ұлттық сана-сезімінің өсуіне байланысты мәселелер ешқашан да бос сөз болмаған. Ол бір қарағандаған солай көріні ықтимал. Мәселе тек тілді, ұлттық мектептерді дамытуға кеп тірелмейді. Қазақ ортасында таза этностық негізге көніл аудару әлі күшті. Басқаша айтқанда, ортақ ата-бабаны тәу ету “қан ортақтығы мен текстің ортақтығын” кең өлеуметтік ауқымға дейін ұлғайтып жіберуі кәдік. Мұны әбден түсінуге болады және ол ішінәра өзін-өзі ақтайды да, бірақ осы деңгейде тоқырап тұрып қалу — ұлттық емес, этностық қауымдастық деңгейінде қалып қою деген сөз.

Нактылы ереже мынау: ұлт дегеніміз — ұлттың өзін-өзі билеу идеясы басын құраған адамдардың бірлестігі.

Бұл пікірдің басқа да қыры бар. Ол — әрбір қазақтың өзін ғаламдық ауқымда бәзбір өлеуметтік топтың өкілі

емес, ұлттың перзентімін деп сезінуі. Ұлттық бірегейліктің маңыздылығы оның әлеуметтік бірегейліктен артықшылығында, мұның өзі ұлтты сақтап, одан әрі өркенін өсірудің кепілі.

Бұл арада да бүгінгі әлемдегі қазактарды ғана аландастып қоймайтын мәселелер төбе көрсетіп қалады. Шынында да, XX ғасырдың өн бойында бірегейлікті өркениеттілік, діни және идеологиялық доктриналар арқылы құрастырудың әр алудан әрекеттері шаң беріп отырады. Коммунистік идеология бірегейлікті идеологиялық қасаң қағидалар негізінде құрастыруға әрекет жасады деп айыптағанда, бұл текстес әрекетте коммунизмнің жалғыз болмағанын ұмыт қалдырады. Шынтуайттап келгенде, рационализм мен индивидуализмнің ұстанымдарын ғаламдық ауқымда “менгеруге” негізделген либерализмнің әрекеті де ұлттық атаулыны өмбебаптықпен алмастыру емес пе? Соңғы онжылдықтарда қолданылып жүрген өркениет жүйелерін құрастырудың сөнге айналған әрекеті ұлттық ұлгілерді ағымта бейімдеу дертіне шалдықкан. Әлбетте, мұның экономикалық өмірді ұйымдастыру өдістерінен гөрі құндылықтар жүйесіне қатысы молырак.

Алайда тарихта орын алған, ішінара өзін ақтаған осынау орасан зор түзілістердің бәрі негізгі фактіні жоққа шығара алмайды. Дәл осы ұлттық бірегейлік бүгінде “адамзат қоғамын топтастырудың” басты тәсілі болыш қала береді. Бұдан сенімді, бұдан орнықты тетік өзірге жоқ.

Ұлттық сана туралы айтқанда, тәуелсіз мемлекеттің барлық нышандарына мемлекет пен оның институттары сай келетін мемлекеттік бірегейлікті алдымен қарастыруымыз керек. Өлемдік тәжірибеде жаппай қабылданған мемлекет мұраты қалыптасып отыр. Тәуелсіз мемлекеттің мәртебесі туралы халықаралық нормалар бар. Ұйымдастырудың ортақ ұлгісі ретінде елдердің көпшілігінде демократиялық құқықтық ұлгі қабылданған. Мемлекеттік бірегейлік мемлекеттік тұтастықты көздейді. Өлемдік тәжірибеде бар тұтастық типінен мамандар организаторлық, геометриялық және ортопедиялық типтерді бөліп алады. Біріншісі — этностың табиғи өз бетімен өркендеуінің жемісі. Екіншісі — этностардың бір мекенге көшіп орналасуының нәтижесі. Үшіншісі — тарихи тұрғыдан байла-

нысы аз, тек саяси күшпен біріккен этностардың мекендік қоспасы.

Қазақстан — сөз жоқ, органикалық тұтастық. Қазақ ұлсысы, бір жағынан, түрғылықты этнос болып табылады. Бұл оның этногенезі мен тұрақты тарихи өмір сүріп келе жатқан мекені. Екінші жағынан, әңгіме XX ғасыр терминдеріндегідей әншнейн ғана мемлекеттік құрастыру хақында емес, сонымен бірге бұрын болған мемлекеттігін қалпына келтіру жөнінде болып отыр. Мұны түсіне білген жөн. Сол себепті де қазақтардың ғасырлар бойы өз мемлекеттігін толық қөлемінде өзінің ежелгі мекенінде қайта қалпына келтіруге талпынуы, түптеп келгенде, мемлекеттің органикалық тұтастығы деген сөз.

\* \* \*

Ұлттық сипаттың барлық қоріністері үшін тоталитаризм өсіреле апатты болды. Жұздеген және мындаған жылдар бойындағы ұлттық тарих оның небір нәзік, небір шетін айшықтарымен қоса, соншалықты өрескел озырлыққа душар болды. Небір кеменгер билікшілері мен небір ғажайып өнерпаздары бар қазақ даласының нақты тарихы бүкіл дүниені түп-түгел қайта құрудың жаңа доктринасы шенберінде түк құны жоқ қайдағы бір “жабайы тағылыш” ретінде қайта жазылды. Ұлттық сананы қорлап, жер қылған осы содырлы нұскадан біз әлі арыла алмай келеміз.

Тоталитаризм ұлттық тарихтың қалын-қалын қабаттарына кереметтей бір зұлымдық өдісті қарсы қойды — ұлттың өткен тарихының біртұтас жанды тасқынын тап күресі дейтін мұқыл ұғыммен мылжалап тастады. Индустриталық үлгіде қалыптасқан таптық қоғамның қорінісін қазақ қоғамына өкеліп қондыра салу қазақтарды көз ілеспейтін қас қағым сөтте үш ұйықтаса түстеріне кірмейтін, табиғатына жат бөгде бір құбылыстардың суренсіз сүлдесіне айналдырды да жіберді.

Ал шындығына келгенде, нақты қазақ тарихы таптық талдаудың ұстанымдары мен өдістемелік түйіндерінен әлі де шалғайда жатыр еді.

Бұл, ең алдымен, ішкі ру бірлігінің орасан зор рөліне негізделген қазақтардың қоғамдық қатынастарының бүкіл жүйесіне қатысты болатын. Бұл кешегі Қенестік тарих-

намада ғана емес, тіпті күні бүгінге дейін бірыңғай жағымсыз құбылыс ретінде қарастырылып келген хандар билігінің ерекше рөліне де қатысты еді. Әлбетте, оны бүгінгі талғамсыз тамсану заманындағыдай жәнсіз мадактау да қажет бола қоймас. Біздің ұлттық тарихымыздың бірқатар қайғылы оқиғалары дала шонжарларының өз арасындағы қатал қақтығыстарға тікелей байланысты болған. Оны да естен шығармаған жон.

Алайда біздің санғасырлық тарихымындағы биліктің дәстүрлі институттарына баға бергенде, біз селдірген ағаштың арғы жағындағы қара орманды да көре білуіміз керек. Бүгінде дүниежүзінің ең ірі мемлекетінің қатарына кіріп отырған Қазақстанның ұлан-байтак жер көлемін сақтап қалуы қатардағы қолбасы батырлардың ерлігі арқасында ғана мүмкін болған нәрсе емес. Бұл — қазақ хандары мен сұлтандарының даналығы мен көрегендігінің де жемісі болатын.

Сонау алыс-жакын ғасырлардың өн бойында дала билеушілері аса қуатты империялардың қысымына және ішкі алауындағы дүмпуіне төтеп бере жүріп, ең басты байлығымызды — ұлттық тұтастық пен ұлттық жер аумағын сақтап қала алды. Мүмкін, олар дәл бүгінгі өсіре терминді ұғымдармен ойлай қоймаған шығар, бірақ тарихтағы өз рөлдерін түйсіне білген. Бүгін арадағы арқыраган ғасырларды артқа тастанай отырып, біз сонау ұлы бабалардың үрпақтары, ешқандай күмілжусіз, күмәнсіз айта алмаймыз: иә, олар ұлттық мұdde үшін өлшпеусіз қызмет етіп, пайдалы іс тындырып кетті.

Тоталитаризм қазақ шонжарлары шетінен сатқын, жағалай түккө түрғысыз еді деген усойқы ойды барша қазақтың санасына сіндіріп бағуга тырысты. Бұл ұран ұлттық нигилизмді қоздырды; оларға дақ түсірудің сорақы әрекеттері бүгін де бой көрсетіп келеді. Ұлттық тарихтың қазіргі кезеңіндегі күрделі сөттерін түсінбеушілік — жоғарыда істелген істердің барлығын күстәналауға әрекеттенген кешегі заманың залалды зардабы екенін анғару қын емес.

\* \* \*

Тоталитаризм мен ұлттық жанғырудың арақатынасы, бәлкім, ең күрделі мәселе болар. Қандай қызу айтыста

да Қазақстанның XX ғасырда керемет техникалық секіріс жасағанын теріске шығару тіпті жөнсіз болар еді. Мәселені басқаша қырынан қою керек.

Мәселе жаңғырудың салдарлары мен әдістерінде. Өзге бір жайтты түсіну керек. Рас, көптеген зауыттар, фабрикалар салынды. Бірақ экологиялық мәселелермен, шығарылатын өнімдердің экономикалық тиімділігімен ешкім санақтан жок. Олардың барлығы да көп қуатты, көп ресурстарды талаң етті. Сол себептен де бәсеке жағдайында бәрі де қанырап тұрып қалды. Бұрынғы ГДР-дегі зауыттар түгелдей бұзылған болса, біздегілерге не жорық?

Мәселе сондай-ақ тағы мынада: осынау жаңғырту ісі өзінің әдістері жағынан алғанда, экономикада волюнтаристік, ал адамдардың өмірінде зорлықшылдық сипатта жүргізілді, ал оның салдарынан қазақ халқының үштен бірі құртылды және құғынға ұшыратылды. Оның есебі баршаға мәлім, сондықтан қайталап жатудың қажеті жок.

Қазақ ауылды қашаннан да ұлттық өрлеудің сарқылмас көзі және ұлттық бірліктің тұтқасы болып келеді. Тоталитарлық режим қазақ ұлты жөнінде таза экономикалық және таза талтық міндеттерден басқа ұлттық өсіп-өнудің негіздерін тікелей қирату бағытын ұтады. Айтқандай-ақ, бүкіл XX ғасырдың өн бойында қазақтың ұлттық санасында осындай секемді түйсік сезілді де отырды. Бірақ ашық түрдегі саяси талдау өр уақытта жанышылып тасталынатын.

Ал бүгінде көптеген қызба публицистер барлығын да ұлттардың арасындағы қайшылықтарға апарып саяды. Бірақ мұның өзі де нақты мәселені қара дурсіндікке айналдыру болып шығады. Қазақстанға жер аударылған орыс және украин шаруаларының қазақтар алдында ешқандай кінәсі жок. Мәселенің түйіні — социализмнің жақтастары күні осы уақытқа дейін дәріптеп келген нақ сол тоталитарлық жаңғырту мен ұлт ретіндегі қазақтардың шынайы мұдделері арасындағы қайшылықта болды.

Қазақ ауылды социалистік мемлекеттің әлеуметтік эксперименттері басталар алдында қаны бір туыстас қауымның дәстүрлерін едәуір дәрежеде үздіксіз туындастып жатты. Қазақ қауымы туысқандық қолғабыс

жораларына негізделді де, әлеуметтік жағынан әбден керегарланған орыс деревнясынан мүлде өзгеше болды. Қазактың рулас қауымы отаршылдықтың екі жұз жылдық қыспағына қарамастан, өзінің экологиялық жағдайына әбден бейімделіп, орайласып отырды. Қазақ әлеуметтік-экономикалық жүйесінің барлық қауымдас бөліктегі бірімен-бірі өзара байланыста болды да, қазактың ұлттық өмірін реттеп отыруға белгілі бір, ал кейде тіпті бірегей қызмет атқарды. Оның бір немесе бірнеше элементтері зорлықпен жойылатын болса, бүкіл этностық тетік апатқа ұшырайтын, ұлттық өсіп-өну тетігі қирайтын болды.

Қазір кейір мамандар егжей-тегжейлі тарихи ізденістердің нәтижесінде қазақ ауылшының құрылымындағы байдың рөлі егіншілікпен айналысадын қоғамдардағы феодалдың рөлінен мүлде өзгеше болды деген қорытындыға келіп жүр. Байдың малы белгілі дөрежеде бүкіл ру қауымының сақтық қоры сияқты болған. Табиғи ортаның құбылмалы сипаты, малдың табиғи апаптарға барынша төуелділігі, сыртқы жаудың шапқын-шабуылы және т.б. жағдайлар көшпелі шағын руладарға ылғи да ашаршылық қатерін төндіріп тұратын. Сондай күйге ұшырағанда ру ішіндегі ауқатты адамдардың дәулеті барша ағайынның жан сақтар нәпақасы болған.

Әрине, қазақ ауылшындағы адамдардың қарым-қатынасында кіріптарлық та болмай қойған жок, бірақ соған қарамастан, қауымның бағымындағы жалпы мал басын ұлан-байтақ өлкедегі экологиялық тұрақтылықта ғасырлар бойы бірқалыпта өзгеріссіз ұстарлықтай көлемде өсіріп-өндіруге мүмкіндік туғызылып тұрган.

Жаппай ұжымдастыру және байларды әлеуметтік топ ретінде құрту қазақтарды жалпы ұлттық апатқа ұшыратты. Осыншама жойқын тетікті іске қосқан тоталитаризм көсемдерінің тапқырлығына ден қоймасқа амалың жок. Ауыл байларының экономикалық қуатын қалай шайқалту жайын Ленин 1919 жылдың көктемінде ақ ойластырған екен. Бұған оның мына сөзі дөлел: “Төрізі, сендерге малды қайта бөлу жөнінде ертелі-кеш мәселе қойып отыруға тұра келер” (Дахслейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне. Алматы. 1965. С.179).

Қазақтардың ұлт ретінде өмірге келгеннен бергі ең сойқанды соққы болған 1920 жылдардың соны мен 1930 жылдардың басындағы қасіреттің түп төркіні — сол ірі байлардың шаруашылығын құртуда жатқан-ды. Ірі байларды тәркілеу туралы 1928 жылы тамызда жарияланған атышулы Декреттің нәтижесінде қазақтың атақты 700 байының мал-мұлкі тартып алынды. Жоғарыда айтылғандай, қазақ руладының өзіндік бір сактық қоры саналып келген осы қазына талай замандар бойы қалыптасып, өзін-өзі реттеп келген экологиялық-экономикалық жүйеден зорлықпен ажыратылды. Аса маңызды экономикалық өзектер қаңырап бос қалды да, өлеуметтік және шаруашылық байланыстар пышақ кескендей үзілді. Соның салдарынан этностың өмір-тынысын қамтамасыз етудің гасырлар бойы нәрленіп, өзек тартқан өте нәзік тәсілі талқан болды. Болашақтағы ұлттық апаттың алғашқы улы ұрығы осылай тамырланды.

Тоталитаризмнің қазақтар жөніндегі тағы бір жаңғыру мәселесі бар. Жаппай индустріяландыруды дамыту ісі астық өндіру мәселесімен тоқайласып қалды. Астық өндірісін арттырмайынша шет елден техника сатып алу іс жүзінде шешілмейтін мәселеге айналды. Көпірме ұрандардың бәрін былай қойғанда, индустріяландыру ісі техниканы сырттан көтеп өкелуге негізделген болатын. Елдің орасан зор аудандары ашаршылықтан қырылыш жатқан кезде, астық — басқа шикізат көздерімен бірге валюталық тусімдердің негізі болды. Сөзіміз жалаң болмауы үшін тек цифrlарды ғана келтірейін, сонда тоталитарлық жаңғыру дегеннің не екені ұзын сонар айтыстардан гөрі айқынырақ аңғарылады.

КСРО-дан сыртқы астық шығару көлемі 1928 жылы — 0,1 млн т, 1929 жылы — 1,3 млн т, 1930 жылы — 4,8 млн т, 1931 жылы — 5,2 млн т болған (Гордон А.А., Клопов Э.В. Что это было? М., 1989. С. 81).

Бұл — Қазақстанда, Ресейде, Украинада қатты ашаршылық болған жылдар. Откендеңі тоталитарлық тәртіпті күні бүгін де жоқтап, соны аңсап жүрген кейбіреулердің аузындағы жаңғыру ту дегеннің мәнісі осындаидай.

Ал қазақтар үшін мұның өзге де талай сойқанды зардалтary болды. Еліміздің шығыс аудандарының кеңбайтақ далаларына, өсіреле Қазақстанға, шұқшия көз тігушіліктің басталуы дәл сол кез болатын. Сонау 1930 жылдың өзінде-ақ егіншілік Халық комиссары Я.А.Яковлев БК(б)П XVI съезінің мінберінен былай деп хабарлаған: “...Есеп бойынша, Қазақстанда егін егуге жааралықтай 50 млн гектардан 55 млн гектарға дейін жер бар, соның 36 млн гектардайы солтүстік округтерде...” (XVI съезд Всесоюзной Коммунистической партии. Стенографический отчет. М., 1930. С. 584).

Бұл үшін жаңағы байтақ даланы жергілікті халықтан босатып, қазақтардың қалыптасқан үздіксіз шаруашылық өндірісін тұра күрттып жіберу қажет болатын. Ал көшпелі қазақтардың жайылым өрістері жүздеген шақырымға созылып жататыны белгілі. Демек, қазақтың қалыптасқан дәстүрлі өндіріс тәсілі нақ сол кездің өзінде тоталитарлық жаңғырту қажеттерімен ымырасыз қайшылыққа келген-ді.

Қазақтардың көшпелі тіршілігі ертеден келе жатқан тұрмыстың ерекшелігі емес, жалпы заманы өткен, ешкімге қажеті жоқ ескілік деп қарала бастады. Мұның аты — бір ұлттың өмір тіршілігінің экологиялық және экономикалық жағдайларын бұлдіру екені ол кезде ешкімнің ойына келген жоқ. Осыдан ширек ғасыр өткенде басталған тың игеру науқаны бұрын ешкім жайламаған иесіз далада жүргізілді деген лақап таратылды. Шындығында, бұл ғасырлар бойы өркенді шаруашылықтың өрісі болып келгені тіпті ауызға да алынбады. Ақырында дәстүрлі шаруашылық үрдісін апattан аман алыш қалудың еш мүмкіндігі болмады. Сол науқаннан бес ғасыр бұрын халықтыңabyзы атанған Асанқайғыбылай деп толғап еді ғой:

“Көлде жүрген қоңыр қаз,  
Қыр қадірін не білсін?!

Қырда жүрген дуадак,  
Су қадірін не білсін?!

Ауылдағы жамандар,  
Ер қадірін не білсін?!

Көшіп-қоңып көрмеген  
Жер қадірін не білсін?!

Көшсө қона білмеген,  
Қонса көше білмеген,  
Жұрт қадірін не білсін?!”

Тоталитарлық тәртіптің жаңғыртушылары үшін қазақ даласы “әлеуметтік иесіз кеңістік” болып саналды да, әлеуметтік тәжірибелер алаңына айналдырылды.

Бірақ бұл иесіздік жалған үғым болатын. Қазақ жері тек қана кәсіпорындар мен қалалардың, автомобиль жолдары мен әлектр станцияларының жиынтығы ғана емес. Бұл — үлттық нысандарымызға толы атамекен, туган жер. Физика ғылымының барлық заңдарына қарама-карсы, Үстірттің ми қайнатқан аптабы мен Хан Тәнірінің жеті қат көкті тіреген мұзарт тауларының үлттық санаға “ыстықтығы” бірдей.

Тоталитаризм үшін мұның бәрі елеп-ескеруге тұрмайтын ұсақ-түйек. Ал үлттық сана үшін қасиетті үғым. Тольп жатқан өзге себептерді айтпағанда, тек осы себептен ғана үлттың мүдделері мен саяси тоталитаризмнің мүдделері бір-бірімен ымыраға келе алмайды.

Үлттық тарихқа осындаі теріс көзқарас тың игеру жылдарында да бой көрсетті. “Бұрын жан аяғы баспаған жапан тұз”, “иесіз жатқан меніреу дала” деген сияқты барып тұрган тоңмойын топастық ұрандардың салдарынан сол кезде Қазақстанға келген жүзденеген жас адамдар билікші жүйенің: “сендер ізашарсындар, тұңғыш түрәншісіндер”, — деп милярына сініре берген насихатына сеніп, қазақ халқының тарихына менсінбей, мұрындарын шүйіре қарады. Бірақ, ақыры қайыр, уақыт берін өзінің орын-орнына қойды да, осынау ғаламат жерүйік өлкенің гажайып мәдени және шаруашылық тарихы қазір бүкіл қазақстандықтардың ортақ рухани дүниесінің ажырамас бір бөлігіне айналып отыр. Алайда үлттың тарихына, зейін-зердесі мен бауыр басқан жеріне зорлықпен жасалған тоталитарлық тәжірибелерді еш уақытта естен шығаруға болмайды.

*Назарбаев Н.Ә.* Тарих толқынында.  
Алматы, Атамұра. 1999.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ  
РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚЫРГЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ, РЕСЕЙ  
ФЕДЕРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫНЫҢ БİŞKEK ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

Бұдан былай Тараптар деп аталағын Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Алматы кездесуіне қатысушылардың 1998 жылғы 3 шілдедегі Бірлескен Мәлімдемесінде тұжырымдалған уағдаластықтардың негізінде көпжакты ынтымақтастықты кеңейту мен нығайтуға деген ортақ ниетін негізге алып, 1999 жылғы 25 тамызда Бішкек қаласында жоғары дәрежеде өткізілген кездесуде ортақ мұддені білдіретін мәселелердің кең ауқымын сындарлылық пен өзара түсіністік жағдайында талқыладап, төмендегілер туралы мәлімдейді:

1. Тараптар 1996 жылғы Шанхай кездесуінен кейінгі кезенде қол жеткізілген ынтымақтастықты қанағаттанғандықпен атап өте отырып, бес мемлекеттің аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту мұддесіндегі осы заманғы үрдістерге сай келетін нақты қадамдарын жоғары бағалайды. Тараптар қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтудің және басқа салаларда көпжакты өзара ықпалдастықты тереңдетудің болашағына сенім білдіреді.

2. Тараптар бес мемлекеттің өзара мұddelestікті білдіретін салаларда нақты, өзара ықпалдастық механизмдерін жасауы аймақтың тұрақтылығы, қауіпсіздігі, дамуы мен гүлденуі мақсатындағы көпжакты ынтымақтастықтың өлеуетін толығынан ашуға иғі өсер етуіне деген сенімділікті негізге ала отырып, мемлекет және үкімет басшыларының мерзім аралығымен шарттыланбаған кездесулерін, сондай-ақ Сыртқы істер министрлерінің, Қорғаныс министрлерінің, экономикалық және мәдени ынтымақтастық мәселелерімен айналысадын мемлекеттік ведомстволар жетекшілерінің кездесулерін қоса алғанда, түрлі деңгейдегі жүйелі байланыстар жасап, кеңестер беру ниетін білдіреді.

Осыған байланысты Тараптар ведомствоаралық кездесулерді өткізу мерзімдері жөніндегі ұсыныстарды дипломатиялық арналар арқылы алмасуға уағдаласты.

3. Тараптар шекаралық реттеу, өскери саладағы сенім және шекара ауданында қарулы күштерді өзара қысқарту мәселелері бойынша келісімдер бес мемлекет жасасып, бекіткен, өзінің ауқымы мен сипаты жағынан бірегей құжаттар болып табылатынын, олар аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге сындарлы үлес қосатынын қуаттайды.

Тараптар бұл келісімдерді мұлтікесіз орындауды жағастырып, Бірлескен бақылау тобының қызметіне қажетті барлық жәрдемді көрсететін болады.

4. Тараптар халықаралық лаңкестікке, нашақорлық пен психотроптық заттардың заңсыз айналымына, қаружарап контрабандасына, жасырын қоныстануға және траншекаралық қылмыстық әрекеттің басқа формаларына, ұлттық сепаратизм мен діни экстремизмнің көріністеріне қарсы тиімді іс-әрекеттің маңыздылығынын атап көрсетіп, осы мақсаттарда консультациялық кездесулер өткізу мен тиісті бірлескен шараларды 1999—2000 жылдардың барысында келісуді қоса алғанда, бес мемлекеттің құзыярлы ведомстволарының желісі бойынша нақты өзара ықпалдастықты дамыту шараларын жүзеге асыратын болады.

Тараптар бес мемлекеттің кез келгенінің егемендігіне, қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртібіне залал келтіретін қызметті үйлемдастыру үшін өз мемлекеттерінің аумағын пайдалануға жол бермеуді шешімді турде білдіреді.

БҮҮ Жарғысына, осы саладағы басқа өмбебап құжаттарға сәйкес адам құқын құрметтеу принципіне адалдығын қуаттап, Тараптар осы принципті жүзеге асырганда егемен мемлекеттердің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атап көрсетеді. Адам құқы мемлекеттің ішкі ісіне араласу үшін сылтау ретінде пайдаланылмауы тиіс.

5. Тараптар аймақта бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға бірінші дәрежелі мән бере отырып, Орталық Азия елдерінің ядролық қаруызы аймақ құру жөніндегі күш-жігеріне, Қазақстан Республикасының Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі Кеңесті шақыру туралы бастамасының алға жылжуына қолдау білдіреді, сондай-ақ басқа мұдделі мемлекеттердің қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі көпжақты аймақтық диалогті кеңейтуге бағытталған ұсыныстары мен нақты қадамдарын құттықтайды.

6. Тараптар Қыргыз Республикасының Президенті Аскар Ақаевтың Жібек жолын аймақтағы тұрлаулы экономикалық дамудың, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудың мүддесіндегі халықаралық ынтымактастықтың осы заманғы деңгейінде дөүірлету туралы “Жібек жолы дипломатиясы” доктринасының идеяларына қолдау білдіреді.

7. Тараптар Ауганстандағы аймақтық және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке елеулі катер болып табылатын жалғасып отырған соғыс кимылдарына байланысты қатты алаңдаушылық білдіреді.

Тараптар ауган жанжалын бейбіт реттеуге қол жеткізу жөніндегі халықаралық күш-жігерде БҮҰ атқаратын орталық рөлді қуаттайды, “6+2” тобының бітімгершілік қызметін қолдайды және Бішкекте Ауганстан жөнінде бейбіт конференция өткізу туралы Қыргызстанның бастамасын құттықтайды.

8. Тараптар 1997 жылғы маусымда қол қойылған “Тәжікстанда бейбітшілік пен ұлттық келісім орнату туралы” жалпы келісімді орындау нәтижесінде бұл елде бейбітшілік үрдісі кері қайтпас сипат алғанын қанағаттанғандықпен айта отырып, күрделі мәселелерді ізгі ниет рухында, халықаралық қауымдастық тараапынан белсенді бітімгершілік қолдау жағдайында ымырашылдықпен шешу үшін тәжікаралық реттеудегі он тәжірибелің құндылығын атап көрсетті.

9. Тараптар тәндік пен өзара тиімділік принциптері негізіндегі сауда-экономикалық ынтымактастықтың ерекше маңызын атап өтіп, алдағы кезде де оның бес мемлекеттің арасында екіжақты негізде дамуын ынталандыратын болады, сонымен бірге бұл салада, ең алдымен, 1998 жылғы Алматы Бірлескен Мәлімдемесінде белгіленген бағыттар бойынша көпжақты ықпалдастықты өрістету жолдарын іздеуді белсенді жүргізеді.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Қыргыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының үкіметтері жоғары дәрежедегі кездесулерге ұсыныстар мен нұсқаулар өзірлейтін бірлескен консультациялық топтар қалыптастырады.

Тараптар аймақтың мүдделі мемлекеттерінің мемлекетаралық деңгейде де, сол секілді түрлі меншік ныса-

нындағы кәсіпорындар деңгейінде де, сондай-ақ өзара инвестициялар тарту саласында ынтымақтастыққа кіргуін құттықтайды.

10. Тараптар қазіргі халықаралық жағдайда болған елеулі өзгерістерге назар аударып, олардың арасындағы өзара қатынасты және халықаралық мәселелерді сақтайтын мынадай негізделген принциптер қажет деп санайды:

- егемендік пен аумақтық тұастықты, тең құқылышты өзара құрметтеуді, бір-бірінің ішкі ісіне араласпауды, дұдараздық пен дауларды келіссөздер және кенес беру арқылы реттеуді ұстану;

- көпжакты ынтымақтастықты тендік және өзара тиімділік принциптерінің негізінде дамыту;

- халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі, осы заманғы халықаралық және аймақтық мәселелерді бейбіт реттеудегі негізгі механизм ретінде БҮҮ-ның рөлін нығайтуға жәрдемдесу, БҮҮ-ның Қауіпсіздік Кенес руқсат бермен қалықаралық қатынаста өскери күшті қолдануға немесе оны қолдану қаупіне қарсы шығу;

- Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың және Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың ережелерін катаң сақтау. БҮҮ-ның және басқа көпжакты форумдардың аясында барлық мемлекеттердің аталған Шарттарға дереу және сөзсіз қосылуына ықпал етуге бағытталған күш-жігерді қолдау.

11. Тараптар көпкіндіктілік осы заманғы өлем дамуының жалпы үрдісі болып табылады және халықаралық ахуалдың үзақ мерзімді тұрақтылығына жағдай жасайды деп санайды. Бес мемлекет дүниежүзіндегі бейбітшілікті қорғау және бірлескен экономикалық даму үшін өділ де оңтайлы құру ісін алға жылжыту мақсатында табанды күш-жігер жүмсауға толық бекінген.

12. Тараптар бес мемлекеттің өзара ықпалдастыры мен ынтымақтастыры ашық сипатта екенін және басқа елдерге қарсы бағытталмағанын қуаттайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев  
Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ц. Ізэмінин  
Кыргыз Республикасының Президенті А. Ақаев

Ресей Федерациясының Президенті Б. Ельцин  
Төжікстан Республикасының Президенті Э. Рахмонов

Бішкек каласы. 25 тамыз, 1999 жыл.

**“СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ”  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ЗАҢЫ**

**I тарау. Жалпы ережелер**

**1-бап. Заңның мақсаты**

1. Осы Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауга, сыйбайлас жемқорлық көріністерінен туындастын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға тәнестірілген адамдардың тиімді қызметтің қамтамасыз етуге бағытталған және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаларын айқындалап, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

2. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялыштық пен бақылауды кеңейтуге, халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риасыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған.

**2-бап. Негізгі ұғымдар**

1. Осы Заңда мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға тәнестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік иғіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған иғіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі адамдарды сатып алуы сыйбайлас жемқорлық деп үғынылады.

**5-бап. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары**

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мына төмендегілер негізінде жүзеге асырылады:

- 1) барлық адамдардың заң мен сот алдында тендігі;
- 2) мемлекеттік органдардың қызметтің анық құқықтық реттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік аппараттың құрылымдарын, кадр жұмысын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешу рәсімдерін жетілдіру;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің өлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұйымдық-басқару жүйелерін қорғаудың басымдығы;
- 5) Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бағының 1-тармағына сәйкес лауазымды адамдар мен мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген басқара да адамдардың, сондай-ақ соларға тенестірілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілуін тану;
- 6) жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыйайлас жемқорлықпен құқықбұзушылықтың зиянды зардалтаратын жою және олардың алдын алу;
- 7) сыйайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа қарсы күреске жәрдем жасайтын азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 8) мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген адамдар мен соларға тенестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы, аталған адамдар мен олардың отбасыларына лайықты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ететін жалақы (ақшалай үлес) мен женілдіктер белгілеу.

#### **6-бап. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы құресті жүзеге асыруышы органдар**

1. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз құзыреттері шегінде осы Заның талаптарын орындауды және онда көзделген тәртіптік шараларды қолдануды, кадр, бақылау, заң қызметтері мен басқа да қызметтерді осыған тарта отырып қамтамасыз етеді.

2. Сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және олардың жасалуына айыпты адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, үлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметтері, салық полициясы мен өскери полиция органдары жүзеге асырады.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған органдар жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыстары анықталған барлық жағдайлар туралы өздерінің өкілеттігінен туындайтын шараларды қолдануға және үлттық қауіпсіздік органдарына немесе басқа да уәкілетті органға дереу хабарлауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасының Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік орган қуруға, оның мәртебесі мен өкілеттігін айқындауға хақылы.

#### **П т а р а у . Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық және ол үшін жауаптылық**

**12-бап. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқықбұзушылықтар және олар үшін жауаптылық**

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе соларға теңестірілген адамдардың мынадай:

1) басқа мемлекеттік органдардың, үйымдардың қызметіне заңсыз араласу;

2) аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанагаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану;

3) мемлекеттік және оған теңестірілген қызметке кірген және онда жоғарылатылған кезде заңда көзделмеген артықшылықтар беру (тамыр-тәнисстық, отбасылық жақындық);

4) шешімдер өзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету;

5) кімге болса да табыс алуға байланысты қәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда занда көзделмеген кез келген жәрдем көрсету;

6) мемлекеттік міндеттерін атқару кезінде альянстан ақпаратты, егер ол ресми жариялауга жатпайтын болса, жеке немесе топтық мұдделерге пайдалану;

7) берілуі зандарда көзделген ақпаратты жеке және занды тұлғаларға беруден негіzsіз бас тарту, оны кешіктіру, бұрыс немесе толық емес ақпарат беру;

8) жеке немесе занды тұлғалардың беруі зандарда көзделмеген ақпаратты бұл тұлғалардан талап ету;

9) мемлекеттік қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жекелеген кандидаттардың немесе қоғамдық бірлестіктердің сайлау қорына беру;

10) жеке және занды тұлғалардың арыз-өтініштерін қараудың және өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудін занда белгіленген төртібін бұзу;

11) ізеттілік пен қонақжайлыштың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми шаралар откізу кезіндегі мезіреттік ілтиплат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, жоғары тұрган ресми адамдарға сыйлықтар тарту және қызметтен тыс қызмет көрсету;

12) жеке немесе занды тұлғаларға олардың құқықтары мен занды мұдделерін іске асыруда көрінеу кедергі жасау;

13) қәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, сондай-ақ оған бақылау жасау өкілеттігін сондай қызметті жүзеге асырушы жеке немесе занды тұлғаларға беру;

14) қызметі немесе жұмысы жөнінен жоғары немесе төмен тұрган не өздерімен өзге де түрде төуелді лауазымды адамдармен ақша немесе өзге де мұлік салынатын сипаттағы құмар ойындар ойнауға қатысу өрекеттері сыйбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар болып табылады.

2. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың осы баптың 1-тармағында аталған қандай да болсын құқықбұзушылықтарды жасауы, егер онда қылмыстың жазаланатын өрекеттің белгілері болмаса, қызметінен төмендетуге, қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не занда

белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға өкеп соғады.

Алғашқы құқықбұзушылық үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде аталған құқықбұзушылықтардың кез келгенін қайталаپ жасау заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзгедей түрде босатуға өкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары немесе осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында аталған адамдар осы баптың 1-тармағында аталған құқықбұзушылықтардың қандайын болса да жасаған жағдайда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуши органдар бұл жөнінде тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды, ол бұларды материалдар келіп түскен күннен бастап бес күннің ішінде Парламенттің назарына жеткізуге міндетті.

### **13-бап. Игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыйбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылықтар**

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың мынадай өрекеттері игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыйбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылықтар болып табылады:

1) өздерінің мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерін атқарғаны үшін, егер заңдарда өзгедей көзделмесе, өзі тиісті міндеттерді атқармайтын үйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, көрсетілетін қызмет жөне өзге де нысандар түрінде кез келген сыйакы қабылдау;

Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның шотына келіп түскен, аталған адам білмейтін ақша қаражаты, сондай-ақ оның осы тармақшаның бірінші азатжолы бұзыла отырып, тиісті міндеттерін атқаруына байланысты алған қаражаты ол анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзім ішінде тиісті салық органына мұндай қаражат түсінің мән-жайы туралы түсініктеме табыс етіле отырып, республикалық бюджетке аударылуға тиіс;

2) ізеттілік пен қонақжайлыштың жалпыға бірдей қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми шараларды өткізу кезіндегі мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік қадесыйларды қоспағанда, өзінің мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерін атқаруына байланысты не қызметі бойынша өздеріне тәуелді адамдардың сыйлықтарын алу немесе қызметін қабылдау.

Аталған адам білмей келіп түскен сыйлықтар, сондай-ақ оның осы тармақшаның бірінші азатжолын бұза отырыш, тиісті міндеттерді атқаруына байланысты алған сыйлықтары жеті күн мерзім ішінде арнаулы мемлекеттік корға тегін өткізілуге тиіс, ал адамға нақ сондай жағдайлар кезінде көрсетілген қызмет үшін республикалық бюджетке ақша қаражатын аудару арқылы ақы төлеуге тиіс. Өзіне сыйлықтар келіп түскен адам жоғары тұрган лауазымды адамның келісімімен оларды аталған кордан тиісті жерде қолданылып жүрген нарықтық бөлшек сауда бағасы бойынша сатып алуға хақылы. Сыйлықтарды сатудан түскен ақша қаражатын арнаулы мемлекеттік қор республикалық бюджетке аударады;

3) жұбайының (зайыбының), туыстарының шақыруы бойынша олардың есебінен;

егер қарым-қатынасы шақырылатындардың қызметтік іс-әрекетінің мәселелерін қозғамаса, өзге де жеке тұлғалардың шақыруы бойынша (жоғары тұрган лауазымды адамның немесе органның келісімімен);

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарының арасындағы өзара үағдаластыққа сәйкес тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) халықаралық үйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын; жоғары тұрган лауазымды адамның не органның келісімімен, қоғамдық бірлестіктердің (қорлардың) қаражаты есебінен шетелдік (халықаралық) ғылыми, спорттық, шығармашылық, кәсіби, гуманитарлық шараларға катысу үшін жүзеге асырылатын, оның ішінде, олардың шетелдік әріптестерінің шақыруы бойынша осындай қоғамдық бірлестіктердің (қорлардың) жарғылық қызметі шенберінде жүзеге асырылатын сапарларды қоспағанда, шетел,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының есебінен мемлекеттілік және шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шакыруды қабылдау;

4) несиeler, қарыздар алуда, бағалы қағаздар, жылжымайтын және өзге де мүліктер сатып алуда заңдарда көзделмеген артықшылықтарды пайдалану.

2. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның отбасы мүшелерінің аталған адам қызметі бойынша байланысты шетел, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының есебінен сыйлықтар мен қызмет, туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шакыруды қабылдауға құқығы жоқ. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адам немесе оған теңестірілген адам жеті күн мерзім ішінде өзінің отбасы мүшелері заңсыз алған сыйлықтарды арнаулы мемлекеттік қорға тегін өткізуге және республикальық бюджетке ақша қаражатын аудару арқылы өз отбасы мүшелері заңсыз пайдаланған қызмет құнын өтеуге міндетті.

3. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған сыйбайлар жемқорлықпен құқықбұзушылықтардың қандайын болса да жасауы, егер онда қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, қызметтің төмендетуге, қызметтінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не заңда белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғады.

Алғашқы құқықбұзушылық үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде аталған құқық бұзушылықтарды қайталап жасау заңда белгіленген тәртіппен қызметтінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары немесе осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдар осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген құқықбұзушылықтардың қандайын болса да жасаған жағдайда, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы курес жүргізуші органдар бұл жөнінде тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды, ол материалдар

келіп түскен күннен бастап бес күннің ішінде оларды Парламенттің назарына жеткізуге міндетті.

**14-бап. Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдарға немесе оларға тенестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақылар бергені үшін жауаптылығы**

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдарға немесе оларға тенестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, женілдіктер берген не қызмет көрсеткен жеке тұлғаларға, егер жасаған әрекетінде қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, осы Заңың 6-бабының 2-тармағында аталған органдардың және оған заңмен уәкілеттік берілген басқа да органдар мен лауазымды адамдардың ұсынуы (хаттамалары) бойынша сот әкімшілік тәртіппен жиyrма бестен елуге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айышпұл салады.

2. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдарға немесе соларға тенестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақылар, сыйлықтар, женілдіктер берген не қызмет көрсеткен заңды тұлғаларға осы Заңың 6-бабының 2-тармағында аталған органдардың және оған заңмен уәкілеттік берілген басқа да органдар мен лауазымды адамдардың ұсынуы (хаттамалары) бойынша сот әкімшілік тәртіппен жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айышпұл салады. Алғашкы құқықбұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған күннен бастап үш жылдың ішінде қайталап жасалған нақ сондай іс-әрекет сottың шешімі бойынша заңды тұлғаның қызметін заңда белгіленген тәртіппен тоқтатуға әкеп соғады.

3. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамға немесе оған тенестірілген адамға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, өзге де материалдық игіліктер берген, қызмет көрсеткен немесе артықшылық жасаған, жеке, заңды тұлғалар, егер оларға қатысты мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамның немесе оған тенестірілген адамның тарапынан бопсалау орын алған болса немесе бұл жеке, заңды тұлғалар болған жағдай туралы он күн мерзім ішінде

осы Заның 6-бабының 2 және 4-тармактарында аталған органдарға өз еркімен мәлімдесе, жауапты болмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Н. Назарбаев

Астана, 2 шілде, 1998 жыл.

**“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ”  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде дамуының басты шарты болып табылады.

Осы Зан мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың және азаматтардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарын реттейді, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мақсатын, жағисі мен бағыттарын белгілейді.

### I тарау. Жалпы ережелер

#### 1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:  
*сыртқы қауіпсіздік* — Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің шет мемлекеттер, шетелдік ұйымдар мен азаматтар таралынан туындайтын қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі;

*Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі (бұдан өрі — ұлттық қауіпсіздік)* — елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі.

*Қазақстан Республикасының мүдделері (бұдан өрі — ұлттық мүдделер)* — іске асырылуына мемлекеттің адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамы құндылықтарын, түпқазық мемлекеттік институттарды қоргауды қамтамасыз ету қабілеті байланысты болатын Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да қажеттерінің жиынтығы;

**қоғамдық қауіпсіздік** — Қазақстан азаматтары өмірінің, деңсаулығы мен берекетінің, сондай-ақ Қазақстан қоғамы құндылықтарының оларға залал келтіре алатын, ықтимал қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі;

**ұлттық қауіпсіздік обьектілері** — жеке адам, оның құқықтары мен бостандықтары, қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары, мемлекет, оның конституциялық құрылышы, төуелсіздігі және аумақтық тұтастыры;

**ұлттық қауіпсіздік субъектілері** — өз өкілеттігін биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының органдары арқылы жүзеге асыратын мемлекет, азаматтар мен ұйымдар.

**3-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету принциптері**

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің принциптері:

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерінің бір-біріне жедел хабардар етіп отыруы және келісілген іс-қимыл жасауы;

3) ұлттық қауіпсіздіктің барлық түрлерінің бірлігі, өзара байланысы және тенденстірлілгендігі;

4) саяси, экономикалық және ақпараттық шаралардың басымдығы;

5) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі;

6) ұлттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі іс-әрекеттің күллі жиынтығын іске асыруды бақылау болып табылады.

**4-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделері**

Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделері:

1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету;

2) елде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты сақтау;

3) Қазақстанның бүкіл халқының игілігі үшін экономикалық даму;

4) қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу және Қазақстан халқының бірлігін нығайту;

5) Қазақстан қоғамының материалдық және рухани құндылықтарын сақтау мен еселей түсү;

6) Қазақстан Республикасы конституциялық құрылсының, оның ішінде, мемлекеттік тәуелсіздігінің, бірегей құрылсы мен президенттік басқару нысаны тұтастырының, мемлекеттік шекарасына қол сұғылмаушылық пен ел аумағының бөлінбестігінің бұлжымас беріктігі;

7) мемлекеттік институттардың тұрақты жұмыс істеуі, оларды нығайту және қызметінің пәрменділігін арттыру;

8) Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің, басқа да өскерлері мен өскери құрамаларының жарапталуы мен жауынгерлік әзіrlігін қамтамасыз ету;

9) зандауды бұлжытпай орындау және құқық тәртібін сақтау;

10) өріптестік негізінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

#### **5-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатер**

1. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлер мыналар:

1) зандылық пен құқық тәртібінің әлсіреуі, оның ішінде, үйымдасткан нысандарын қоса алғанда қылмыстырылыштың өсуі, мемлекеттік органдардың қылмыстық құрылымдармен астасуы, лауазымды адамдардың капиталдың заңсız айналымына сүйеуші болуы, сыйайлар жемқорлық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу дәрежесі төмендеуіне ықпал ететін кару мен есірткі заттардың заңсиз айналысы;

2) конституциялық құрылышты күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекет, оның ішінде, Қазақстан Республикасының бірегей құрылышына, тұтастырына, қолсұғылмаушылығына, аумағының бөлінбестігіне қиянат келтіретін іс-әрекет;

3) елдің қорғаныс қабілетінің әлсіреуі, мемлекеттік шекараның қолсұғылмаушылығына төнген қауіп-қатер, Қазақстан Республикасына қатысты күш қолдану, оған қарсы басқыншылық;

4) шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жеке адамдардың Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге

бағытталған барлаушылық, ланкестік, диверсиялық және өзге де іс-әрекеттері;

5) мемлекеттік органдардың қызметіне іріткі салу, олардың іркіліссіз жұмыс істеуін бұзу, елдің басқарылу дәрежесін төмендетеу;

6) кез келген нысандағы саяси экстремизм, оның ішінде, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты немесе алауызықты қоздыру;

7) ұлтаралық және конфессияларлық жанжалдардан, жаппай тәртіпсіздіктерден, рүқсат етілмеген жиналыштардан, митингілерден, шерулер мен демонстрациялардан, заңсыз тоскауылдар мен ереуілдерден көрінетін әлеуметтік-саяси жағдайың шиеленісуі;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген өскерилендірілген құрамалар құру;

9) экологиялық жағдайың күрт нашарлауы, табиғи апаптар мен табиғи және техногендік сипаттағы өзге де төтеше жағдайлар, жұқпалы аурулар мен індегтер;

10) стратегиялық ресурстардың ел мүдделеріне керегар пайдаланылуын, қаржы салымы белсенділігінің артуына, соның ішінде, Қазақстан Республикасына шетелдік салымдардың құйылуына кедергі жасауды қоса алғанда, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, капиталды елден сыртқа бақылаусыз әкетуі;

11) демографиялық жағдайың нашарлауы, соның ішінде, бала туудың күрт төмендеуі, өлім-жітімнің көбеюі, бақылаусыз көші-қон үрдістерінің туындауы;

12) елдің білім және парасаттық әлеуеті сапасының нашарлауы;

13) елдің ұлттық мүдделерін қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жетілдірілмегендігі немесе болмауы.

## **П т а р а у . Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі және оның негізгі міндеттері**

### **6-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі**

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қолданылып жүрген заңдардың негізінде және бірыңғай мемлекеттік саясат шенберінде оны қамтамасыз ететін, бір-бірімен өзара іс-кимыл жасайтын күштер, өз құзыреті

шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бүкіл жауапкершілікті толық мойнына алатын өзге де мемлекеттік органдар мен үйымдар күрайды.

**8-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері**

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштеріне:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштері, басқа да әскерлері мен әскери құрамалары;

2) ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, сыртқы барлау, әскери және салық полициясы органдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Құзет қызметі, салық және кеден қызметтері, төтенше жағдайлардың зардалтарын жою қызметтері жатады.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күштер бір-бірімен заңдарда белгіленген шекте өзара іс-қимыл жасайды және өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша бір-біріне өзара хабардар етіп отырады.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету өз құзыреті шегінде дербес, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерінің өтініштері бойынша жүзеге асыратын барлық мемлекеттік органдар мен үйымдардың бәріне міндетті болып табылады.

**Ш т а р а у . Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Үкіметінің, соттарының, мемлекеттік органдары мен меншік нысандарына қарамастан барлық үйымдардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласы бойынша өкілеттіктері**

**9-бап. Қазақстан Республикасының Президентінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) елдің ұлттық мұдделерін қорғау саласында мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді іс-қимылын қамтамасыз етеді;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша актілер шығарады;

3) Қауіпсіздік Кенесін қурады, оның міндеттері мен өкілеттігін белгілейді, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасын бекітеді;

4) ұлттық қауіпсіздікке төнген нақты, ықтимал қатерді айқындауды және Қауіпсіздік Кеңесінің пікірін ескере отырып, барлық азаматтардың, қогам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолданады;

5) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзге де қажетті өкілеттікті жүзеге асырады.

## **10-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Парламенті:

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңдар қабылдайды, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешеді;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Қарулы Қүштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін пайдалану жөнінде шешім қабылдайды;

4) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша парламенттік тыңдау өткізеді;

5) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы жүктеген өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

## **IV тарау. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

### **18-бап. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

1. Экономикалық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, үйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың:

1) Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге;

2) Қазақстанның дүниежүзілік экономикалық жүйеден экономикалық түйікталуына жол бермеуге;

3) ел экономикасының ресурстық энергетикалық негізін сақтау мен нығайтуға;

4) Қазақстанның геосаяси тәнірегінде туындаityның ықтимал теріс факторлардың өсеріне байланысты

мемлекет экономикасының осал жерін барынша азайтуға бағытталған шешімдерімен және іс-әрекеттерімен қамтамасыз етіледі.

#### **19-бап. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

1. Қоғамдық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, үйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың:

1) азаматтардың жеке қауіпсіздігін, олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдіктерін нығайтуға;

2) қазақстандық патриотизмге және ұлтаралық татулыққа негізделген жалпыұлттық сана-сезімді қалыптастыруға;

3) Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға;

4) халықтың табиғи өсімін көтермелеуге және дағдарысты демографиялық үрдістерге қарсы әрекет жасау жөнінде дер кезінде шаралар қолдануды қамтамасыз етуге;

5) қылмысқа, соның ішінде, оның үйымдастар түрлеріне, сыйбайлар жемқорлық пен лаңқестікке қарсы қуресті қүшетуғе бағытталған шешімдерімен және іс-әрекеттерімен қамтамасыз етіледі.

#### **20-бап. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

1. Мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдарының, меншік нысандарына қарамастан барлық үйымдар мен азаматтардың міндесі:

1) Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайтуға;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жауынгерлік қабілет деңгейін ұстап тұруға және оны арттыруға жөрдемдесу болып табылады.

#### **21-бап. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

Тиісті мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, үйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың міндесі:

1) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қорғау;

2) Қазақстанға экологиялық жағынан қауіпті технологиялардың, заттар мен материалдардың бақылаусыз әкелінуіне жол бермеу;

3) ел аумағының радиоактивті, химиялық ластануына, бактериологиялық заарлануына жол бермеу;

4) экологиялық жағынан қауіпті және жетілдірілмеген технологиялардың қолданылу ауқымын қысқарту;

5) шаруашылық және өзге де қызметтің келенçіз экологиялық зардалтарын жою болып табылады.

## **22-бап. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

1. Қазақстан Республикасында ақпаратты, оның ішінде, мемлекеттік ақпарат ресурстарын қорғаудың үлттық жүйесі құрылып, нығайтылады.

2. Қазақстан Республикасының органдары мен лауазымды адамдарының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды дүниежүзілік саяси және экономикалық даму үрдістері, басқа, өсіресе шектес мемлекеттердің саясаты мен экономикасындағы ахуалдар туралы шынайы және алдың ала берілетін ақпаратқа негізделуге тиіс.

3. Мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан, үйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың міндеті:

1) Қазақстанның ақпараттық тәуелділігіне;

2) басқа мемлекеттердің тарарапынан ақпараттық экспансия жасау мен қоршауға;

3) Қазақстан Республикасының Президентін, Парламентін, Үкіметін және үлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күштерін ақпараттық жағынан оқшаулауға жол бермеу жөнінде барлық қажетті шараларды қолдану болып табылады.

4. Мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін қалыптастыру және оның үздіксіз жұмыс істеуі;

2) Қазақстанның байланыс пен информатиканың әлемдік жүйесіне кіруі жөніндегі үлттық мұдделеріне қайшы келетін қандай да болсын шешімдер қабылдауға және іс-кимыл жасауға жол берілмейді.

## **24-бап. Сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

1. Қазақстан Республикасы үлттық қауіпсіздіктің халықаралық кепілдіктерін алу мақсатында Қазақстанның үлттық қауіпсіздігінің құрамадас бөлігі болып табылатын халықаралық (ғаламдық, аймақтық) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысады.

2. Сыртқы саяси қатынастар саласында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету:

1) ғаламдық бейбітшілік төртібін қалыптастыру жөніндегі халықаралық құш-жігерге қатысадан;

2) Қазақстанның геосаяси төңірегіндегі ұжымдық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру мен нығайтудан;

3) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің мұдделеріне сай қызмет істейтін халықаралық ұйымдарға қатысадан;

4) елден тыс жерде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларға қатысадан;

5) қажет болған жағдайларда шектес мемлекеттермен бірлесіп, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді шешуден тұрады.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Н. Назарбаев

Астана, 26 маусым, 1998 жыл.

**ҚР ПРЕЗИДЕНТИНІҢ “ҚАЗАҚСТАН – 2050” СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ”  
АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНАН**

**I. Қалыптасқан Қазақстан — мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміздің, өнірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сынауы**

1. Қуатты да табысты мемлекет.

2. Демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі.

3. Тұрлі өлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы.

4. Ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз.

5. Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін күшті өлеуметтік саясат.

6. Өлемдік қоғамдастық таныған ел.

7. Ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді рөліміз.

8. Қазақстан – 2030 стратегиясы. Негізгі қорытындылар.

## **II. XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатері**

1. Бірінші сын-қатер — тарихи уақыттың жеделдеуі.
2. Екінші сын-қатер — жаһандық демографиялық теңгерімсіздік.
3. Үшінші сын-қатер — жаһандық азық-түлік қауіп-сіздігіне төнетін қатер.
4. Төртінші сын-қатер — судың тым тапшылсығы.
5. Бесінші сын-қатер — жаһандық энергетикалық қауіп-сіздік.
6. Алтыншы сын-қатер - табиғи ресурстардың сарқылуы.
7. Жетінші сын-қатер — Үшінші индустриялық революция.
8. Сегізінші сын-қатер — ұдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық.
9. Тоғызыншы сын-қатер — өркениеттің күндылықтарының дағдарысы.
10. Оныншы сын-қатер — жаңа әлемдік тұрақсыздық қауіп.

## **III. Қазақстан — 2050 стратегиясы- жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты**

1. Міндеттердің жаңа парадигмасы.
  2. Қайда бет алдық? Жаңа саяси бағыттың мақсаттары.
- Жаңа бағыттың экономикалық саясаты — пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық pragmatizm**

1. Түгел қамтитын экономикалық pragmatizm.
2. Жаңа кадр саясаты.
3. Макроэкономикалық саясатты жаңғыру.
- 3.1. Бюджет саясаты.
- 3.2. Салық саясаты.
- 3.3. Ақша-кредит саясаты.
- 3.4. Мемлекеттік және сыртқы қарызды басқару саясаты.
4. Инфрақұрылымды дамыту.
5. Мемлекеттік активдерді басқару жүйесін жаңғыру.
6. Табиғи ресурстарды басқарудың жаңа жүйесі.
7. Индустріаландырудың келесі кезеңінің жоспары.
8. Ауыл шаруашылығын жаңғыру.
- 8.1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде және саудада қожалықтар мен шағын және орта бизнесті дамыту.
9. Су ресурстарына қатысты саясат.

## **Ұлттық экономикамыздың жетекші күші — кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау**

1. Шағын және орта бизнесті дамыту.
2. Мемлекеттік-жекеменшік өріптестігінің жаңа ұлгісі — “Қуатты бизнес — Қуатты мемлекет”.
3. Жекешелендірудің жаңа кезеңі — мемлекет рөлінің өзгеруі.

## **Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері — әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік**

1. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері
  - 1.1. Ең тәменгі әлеуметтік стандарт.
  - 1.2. Атаулы әлеуметтік қолдау.
  - 1.3. Өнірлердегі әлеуметтік теңгерімсіздіктер проблемасын шешу.
  - 1.4. Жұмыспен қамту және еңбек саясатын жаңғыру.
  2. Ананы қорғау.
3. Әйелдерге қамқорлық.  
Баланы қорғау.
4. Ұлт денсаулығы — табысты болашағымыздың негізі
  - 4.1. Денсаулық сақтау саласындағы негізгі басымдықтар.
  - 4.2. Балалар денсаулығын қамтамасыз етудің жаңа тәсілдері.
  - 4.3. Медициналық білім беру жүйесін жақсарту.
  - 4.4. Ауылда медициналық қызмет көрсетудің сапасы.
  - 4.5. Дене шынықтыру мен спортты дамыту.

## **Білім мен кәсіби машиның — заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары**

1. Білім беру саласындағы жұмыстың басымдықтары
  - 1.1. “Балапан” бағдарламасын 2020 жылға дейін ұзарту.
  - 1.2. Инженерлік білім беру жүйесін дамыту.
  - 1.3. Білім беру саласындағы әлеуметтік жауапкершілік жүйесін дамыту.
  - 1.4. Білім беру әдістемелерін жаңғыру.
2. **Инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты**
  - 2.1. Технологиялар трансфері.
  - 2.2. Ғылым мен бизнестің кооперациясы.
  - 2.3. Перспективалы ұлттық кластерлерді қалыптастыратын жол картасы.

**Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту**

**1. Мемлекетті басқарудың жаңа типі**

1.1. Мемлекеттік жоспарлау мен болжау жүйесін жетілдіру.

**2. Басқаруды орталықсыздандыру**

2.1. Орталық пен өнірлер арасындағы жауапкершілік пен өкілеттіктердің ара-жігін ажырату.

2.2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы.

2.3. Ауыл өкімдерін сайлау.

**3. Көсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыру**

3.1. Өкімшілік реформаның екінші кезеңі.

**Дәйекті де болжамды сыртқы саясат — ұлттық мұдделерді ілгерілету мен өнірлік және жаһандық қауіпсіздікти нығайту**

1. Сыртқы саясатты жаңғырту басымдықтары.

2. Экономикалық және сауда дипломатиясын дамыту.

3. Өнірлік қауіпсіздікті нығайту.

4. Жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосу.

5. Ұлттық корғаныс қабілеттілігі мен өскери доктринаны нығайту.

**Жаңа қазақстандық патриотизм — біздің көпүлтты және көпконфессиялық қоғамымыз табысының негізі**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм.

2. Барлық этностар азаматтарының тәң құқықтылығы.

3. Қазак тілі және тілдердің үштүғырлылығы.

4. Мәдениет, дәстүрлер және даралық.

5. Ұлттық интеллигенциясының рөлі.

6. XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін.

7. Болашактағы Қазақстанды қалай елестетемін.

8. Ұлтқа үндеу.

## МАЗМУНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	<b>3</b>
<b>I бөлім. РЕСЕЙ ОТАРЛЫҚ ИМПЕРИЯСЫНЫң ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН</b>	
Астрахан губерниясының, Сібір мен Орта Азияның бұратана халқын соғыссып жатқан армия ауданында корғаныс құрылыштарын салу жөніндегі жұмыстарға алу туралы патша жарлығы .....	4
Казан әскери округі әскерлері командашысының бас штаб бастиғына генерал-лейтенант Лаврентьевтің жазаладан экспедициясының ауыр жағдайы туралы жеделхаты .....	5
T.Рысқұловтың “Шығысты азат ету күресінің тарихынан ” деген мақаласынан .....	10
III. Жантілеуовтің “1916 жылғы көтерілістің жекелеген кезеңдері” деген мақаласынан .....	13
Саяси элита екіге жарылды .....	18
Ақпан революциясының женісі құрметтіне Қазалы қаласында болған мұсылмандардың, солдаттар мен офицерлердің митингісі мен демонстрациясы туралы хабар .....	20
Түркістан әскери округі штабының әскери қатынастар бастиғының Бас штаб бас басқармасына тыл жұмыс- тарынан қайтып келе жатқан жұмысшыларды карусыздандыру туралы жеделхаты .....	21
Уақытша үкіметтің 1916 жылғы қырғыздар толқуларынан зардал шеккен Жетісу облысының орыс және жергілікті халқына көмек көрсету үшін қазынадан 11 150 000 сом беру туралы қаулысы .....	—
“Голос татар” газетінің Орынбордағы жалпы қазақтық съезд туралы хабары .....	23
Ресей халықтары құқықтарының декларациясы .....	25
A. Кенжиннің “Алаш партиясының қызметтіне тарихи баға беру жөнінде” деген мақаласынан .....	27
Алашорда үкіметтің әскери кенес құру туралы қаулысы .....	34
<b>II бөлім. КЕҢЕСТИК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН</b>	
A. Байтұрсынұлының В.И. Ленинге жазған хатынан .....	35

БОАК пен ХҚҚ-нің Қырғыз Автономиялы Социалистік	
Кенестік Республикасын құру туралы декреті .....	40
Қырғыз (Қазақ) АҚСР еңбекшілері	
құқықтарының декларациясы .....	43
Түркістан төтение комиссиясының коммунист қызметкерлері	
тобының РК(б)П Орталық Комитетіне мәлімдемесінен .....	47
Жерсіз және жері аз дикандар одағының (кейінректе —	
Косшы Одағы) жарғысынан .....	48
Патша үкіметі Сібір және Орал казак өскерлерінін меншігіне	
бөліп берген жерді қазактардың еңбекші халқына қайтарып	
беру туралы Қазақ АҚСР ОАК-нің декреті .....	49
Қазақ АҚСР ОАК-нің қазақ тілінде іс жүргізуі туралы	
декретінен.....	51
Кенестердің Бұқілказақтық V съезінің қазақ халқының тарихи	
дүрыс атауын қалпына келтіру туралы қаулысы .....	52
Бұқілдақтық ОАК-нің Қырғыз АҚСР-інің атын Қазақ АҚСР-і	
және Ақмешіттің атын Қызылорда деп өзгерту туралы	
қаулысы .....	—
Қазақстандағы ұлттық саясаттың кейір сәттері .....	53
ҚАҚСР ағарту халық комиссариаты алқа мәжілісінің жана	
қазақ әліппін енгізуі жеделдегі жөніндегі шаралар	
туралы хаттамасынан.....	56
БК(б)П қазақ өлкелік комитетінің Қазақ мемлекеттік	
университетін үйімдастыру туралы қаулысынан .....	—
Бұқілдақтық орталық атқару комитетінің төрағасы	
М. И. Калинин жолдасқа ҚАҚСР Максим Горький ауданының	
№4 ауылдың кенесінің азаматы Дүйсенбинов Нұргалидан ....	58
Түркісінің жұмысының бес жылы .....	60
КСРО ХҚҚ мен БК(б)П ОК-нің “Корей халқын Қыыр Шығыс	
өлкесінің шекаралық аудандарынан көшіру туралы”	
№1428—326 СС қаулысы .....	62
1926—1939 жылдардағы Қазақстан халқының	
саны (мың адам) .....	64
КСРО ПХҚ БКБ 6-бөлімінің бастығы мемлекеттік қауіпсіздік	
капитаны Безруковтың баяндама жазбасынан .....	65
8-гвардиялық атқыштар дивизиясы 1073-гвардиялық	
атқыштар полкінің командирі майор Бауыржан	
Момышулына жауынгерлік мінездеме .....	66
Висла жағасындағы шайқас .....	67
Біздің тұнгі жеңістеріңің деңгелері .....	68
Қазақстан ХҚҚ мен К(б)П ОК-нің Қазақ КСР	
Ғылым Академиясын үйімдастыру жөніндегі дайындық	
шаралар туралы қаулысынан .....	69
ХҚҚ-нің “Арнаулы қоныс аударушылардың құқықтық	
жағдайы туралы” қаулысы .....	70
“Қазақ КСР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет	
институтының жұмысындағы саяси өрекшел қателер туралы”	
Қазақстан К(б)П ОК-нің қаулысынан .....	71
1977 жылғы КСРО Конституциясынан .....	74

1978 жылғы Қазақ КСР-і Конституциясынан .....	80
Тың резервтері отанға қызмет етсін .....	84
“Ақиқаттан аттауға болмайды” кітабынан .....	89
<b>ІІІ бөлім. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН</b>	
Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация.....	103
Семей ядролық сынақ полигонының жабу туралы Қазақ КСР	
Президенттің жарлығы .....	107
Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы	
Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы .....	108
Тасада қалған түркі сөздер .....	112
Құшагымыз бауырларға айқара ашық .....	119
Қазақстан Республикасының үлттық валютасын енгізу туралы	
Қазақстан Республикасы Президенттің жарлығынан .....	128
Н. Назарбаевтың “Тарих толқынында” деген енбекінен .....	—
Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қыргыз	
Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан	
Республикасы мемлекет басшыларының Бішкек	
Декларациясы .....	140
“Сыбайлас жемкорлыққа қарсы курс туралы” Қазақстан	
Республикасының Заңы .....	144
“Қазақстан Республикасының үлттық қауіпсіздігі туралы”	
Қазақстан Республикасының Заңы .....	152
ҚР Президенттің “Қазақстан — 2050” стратегиялық	
калыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты	
Қазақстан халқына Жолдауынан .....	160

*Учебно-методическое издание*

*Составители:*

Нурпеисов Кенес Нурпеисович  
Козыбаев Ильяс Манашевич  
Жукешев Канат Муратбекович

## **ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

### **Хрестоматия**

Учебное пособие для 9 классов  
общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Третье издание, дополненное

Редакторы *Е. Жақыпов*

Көркемдеуші редакторы *Д. Болатов*

Техникалық редакторы *И. Тарапунец*

Корректоры *Г. Тұрмаганбетова*

Компьютерде беттеген *Е. Өзенбаев*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім жөне ғылым  
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы

2003 жылы 7 шілдеде берілген

**ИБ № 3498**

Басуға 26.06.13 көл қойылды. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>.  
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Школьная”. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 8,82. Шартты бояулы беттанбасы 9,24.  
Есептік баспа табағы 8,59. Тараптымы 8 000 қос. дана.  
Тапсырыс №

**“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**  
**Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.**  
**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.**  
**E-mail: [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru)**  
**Web-site: [www.mektep.kz](http://www.mektep.kz)**